

С. Н. ВИНОГРАДОВ, А. Ф. ҚУЗЬМИН

ЛОГИКА

ОРТА МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН
ОҚУЛЫҚ

ОРЫСША ӨНДЕЛЕП 8-БАСЫЛУЫНА СӘЙКЕС
ҚАЗАКША 4-БАСЫЛУЫ

*Орысшасын РСФСР Оқу министрлігі, қазақшасын
Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен*

ҚАЗАҚТЫҢ
МЕМЛЕКЕТТИҚ ОҚУ-ПЕДАГОГИҚА БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1954

РЕДАКЦИЯДАН

Окулықтың осы жолғы (төртінші) басылуы орысшасының сегізінші басылуына сәйкес шығарылып отыр.

сelerдің құбылыстардың байланыстарын және зандылыштарын ашатын басқа логикалық тәсілдер — анализ бер синтез болады.

§ 3. Анализ және синтез

Әрбір нәрсенің жеке бөліктерден құралатынын, ол бөліктердің әрқайсының өзіне тән өзгешеліктері болатынын адам мұнан мындаған жылдар бұрын-ақ байкаған болатын.

Мысалы, ағаш үй салуға және т. б. қолдануға болатын діңнен, күрке жасауға, корзина тоқуға болатын бұтақтардан құралады. Жаңғақ жеуге жарамайтын қабықтан және дәмді дәннен құралады. Жаңғақтың жайтін дәнін алу үшін оны шағу керек. Ағаштың ішін қашап немесе күйдіріп берік қайық жасауға болады, бірақ мұның үшін ағаштың діңін бұтақтарынан және тамырынан бөліп алу керек.

Адам баласы миллиард рет бақылап көрген заттардың бұл сыйқты қарапайым қасиеттері олардың санаһына берік орнап қалған. Еңбек процесінде, бұрын бір уақытта өзіміз іс жүзінде мүшелеген, таныс нәрсеге кездессек, ойымызда жалпыланған тәжрибиңі негізге алып, оны оймен бөліктерге бөлектей аламыз.

Бара-бара еңбек процесінде біздің мыйымыздың — нәрсені оймен құранды бөлшектерге мүшелейтін қабілеті — бірден бірге жетіле берген.

Анализ деп аталатын логикалық тәсіл осылай шыккан.

Анализ деп — нәрселерді, құбылыстарды ойша мүшелеп, олардың жеке бөліктерін, қасиеттерін оқшаулап алуға көмектесетін логикалық тәсілді айтамыз.

Қандай да болсын азды-көпті күрделі нәрсені анализdemей зерттеу мүмкін емес.

Егер кластиң алдына электромотордың құрылышын білу керек деген міндет қойылса, онда ол міндетті шешушү үшін, моторды бөліктеріне айырып жіктел, олардың әрқайсысын бөлек алып қарастыру керек. Қандай машинаның болсын құрылышымен танысу, оның әрбір жеке бөліктерін талдап, толық зерттеуден басталады.

Бірақ мотордың әр бөлігінің ролін және маңызын толық, терең түсіну үшін анализдің бір өзі жеткіліксіз болады. Анализдің қортындысында біз нәрсенің тек жеке бөліктері туралы ғана білім аламыз, бірақ зерттел-

ген нәрсе туралы тұтас білім ала алмаймыз. Электромотор дегеніміз ішіндегі әрбір бөліктері біртұтас деңе сыйқты әрекет ететін механизм. Моторды оның ішіндегі құранды боліктерінің барлығы да өзара байланысты әрекетте, бірліктे болатын тек тұтас нәрсе деп қана түсінуге болады.

Нәрсені немесе құбылысты біріктіре қарастыру **синтез** дең аталатын логикалық тәсілмен жүзеге асырылады.

Синтез дең, нәрселер мен құбылыстардың анализде мүшелешен жеке бөліктерін ойша тұтастырып, жынауға көмексесстін логикалық тәсілді айтамыз.

Анализ бен синтез — бір-бірімен тығыз байланысқан логикалық екі тәсіл. Егер нәрсе анализ тәсілімен талдаңынаса, онда синтездің болуы мүмкін емес, ал әрбір анализ — нәрсені тұтас деп білудің негізінде жүргізілуға тиіс. Ойлау дегеніміз — санадағы нәрселердің элементтерін біріктіріп тұтастырумен бірге, сол нәрселердің элементтеріне талдаап, ажырату деген сөз.

Энгельс, мұны мынадай қысқа тұжырыммен: «анализсіз синтез жок», — деген.

Шірақ нәрсені оймен құранды бөліктеріне мүшелеу, ал онан соң ол бөліктерді жынап тұтастыру — бұл да жеткіліксіз, затты тану — едәуір құрделірек іс. Әрбір нәрсенің және құбылыстың бөліктері де, түрліше жактары да, қасиеттері де өте көп болады. Мұнымен қатар бірсыныра бөліктерінің, жақтарының, қасиеттерінің маңызы мен мәні артығырақ, ал басқаларының маңызы мен мәні кемірек болады. Кай нәрсенің болсын мәнді, маңызды жағын, ол нәрсенің мәнді емес, маңызсыз жағынан айыра білу керек екені айқын нәрсе. Ал мұны оның абстракциялау және жалпылау арқылы жүзеге асырайды.

§ 4. Абстракциялау және жалпылау

Мүнишиң кон мындаған жылдар бұрын-ақ адам еңбек процесінде, шистан берік құрал жасауға болатындығын, жаңаар төрісінің сұықтан жақсы қорғайтынын, ағаштың суга батынынның және сондықтан онан сал байлауға болатынын т. ғ. байқаган.

Бері көле ондіріс әрекетінің процесінде туған заттардың жөнне қасиеттерін бөліп алу қабілеті барған сайын артып, жетіле берген. Мәндісін кездейсок нәрсе-

ден оймен ажырату ісі қазір де бізге қадам басқан са-йын кездесіп отырады.

Заттарды немесе құбылыстарды жете тану үшін олардың мәнді қасиеттерін кездейсоқ қасиеттерінен бөлтіп алу керек екенін тәжрибе көрсетіп отыры.

Мысалы, егер біз алдымызға бірқатар нәрселердің ішінен әйнек кесе алатынын таңдал алу керек деген міндет қойсақ, онда біз керекті нәрсенің бір-ақ қасиетіне — каттылығына назар аударып, нәрсенің былайы қалған қасиеттеріне назар аудармаймыз.

Абстракцияла деп—нәрселердің, құбылыстардың елеуіз, шамалы мәнді қасиеттеріне назар аудармай, нәрселердің, құбылыстардың мәнді қасиеттерін оймен ажыратып алуға көмектесетін логикалық тәсілді айтамыз.

Абстракциялаудың нәтижесі **абстракция** деп аталауды.

Абстракцияның дұрыс болуы да, дұрыс болмауы да мүмкін.

Дұрыс абстракция заттардың мазмұнын бейнелейді. Мысалы, «геометриялық фигура» деген абстракциялық ұфым материалын дүниедегі нәрселердің нақтылы қасиетін, ол нәрселердің формаларын бейнелейді.

Егер зерттеп отырған нәрсеге ешбір қатынасы жок қасиеттер бейнеленетін болса, ондай кездерде абстракция дұрыс болмай шығады. Егер абстракциялық ұфым мен нәрсенің байланысы туралы ұмытып, нәрседен ажыратылып, жалаң алынған бір белгіні өзбетімен болған және дербес өмір сүретін бір нәрсе сыйқты етіп қарай бастаса, онда да өрекел қателескен болып шығады.

Абстракция процесінде біз нәрселердің, құбылыстардың қасиеттерін бөліп аламыз. Бірақ нәрсені оны коршаған оргамен байланыссыз тануға болмайды. Әрбір жеке нәрсе басқа нәрселердің қандай да бір тобының қосставына кіреді, едәуір жалпы бір нәрсемен органикалық байланысты болады. Біздің ойымыз — зерттеліп отырған нәрсенің, сол нәрсенің өзін қамтыйтын жалпы қасиетпен байланыстарын бейнелейді.

Көп ғасырлар бойы адам жеке жануарларды: жылқыларды, иттерді, қасқырларды, түлкілерді, аюларды және басқаларын бақылай отырып, бірте-бірте барлық жануарларға ғана тән белгілерді және тірі организмдердің төңірегін қоршаған ортадан айырып тұратын белгілерді, атап айтқанда: тамактанудың, өсіп-өнудің және сол

сыяктылардың қажеттігін бөліп алған. Мұнда жануарлардың кейбір жеке түрлерінде кездесетін елеусіз белгілері, мысалы, жылқының дәңгелек түяқтылығы сыйырдың мүйізі барлығы, көртышқанның жер астында тіршілік етуі т. с. ескерусіз қалған.

Ақыр соныңда, осылайша келіп «жануарлар» деген ой бейнесі құралған.

Жалпылау дегеніміз — біртекті нәрселердің ортақ қасиеттерін оймен біріктіру.

Жалпылау процесінде адам нақтылы нәрселерден шалғайлап кеткендей болады, жеке заттарға тән ұсақ түйектердің көвшілігінен шалғай кеткен сыйқты болады. Бірақ бұл жалпыны танып алып, жеке нәрселердің мәнін тереңірек, жете түсіну үшін қажет.

Нәрселердің қасиеттерін абстракциялай отырып, біз соның нәтижесінде нәрселердің жалпы қасиеттерін бейнелейміз. Абстракциялау және жалпылау бір-бірінен бөлінбейтін, біртұтас процесс болып табылады.

Абстракциялау тәсілі сыйқты, жалпылаудың логикалық тәсілі де қоғамның өндірістік әрекет процесінде адамдардың күнделікті қажетінен туған.

Құралдардың тұтынылуы, нәрселердің кейбір тұрақты, байырғы қасиеттеріне және бұл нәрселердің басқа нәрселерге тап сондай тұрақты қатынастарына, мысалы құралдың және ол құралмен өндірілетін нәрсенең қатынастарын түсінуге байланысты. Нәрселердің біртекті пайдалы қасиеттерін абстракциялау арқылы бөліп алған соң, адамға нәрселердің бұл тобының жалпылығын санасында оймен біріктіру керек болған.

Бірақ жалпылаудың дұрысы да, дұрыс емесі де болады. Заттардың тек өздерінде болатын жалпы ортақ қасиетін тануға негізделсе ғана жалпылау дұрыс болады. Бұл шарттан тыс кету логикалық қателерге апарып соғады.

Ал егер нәрсені немесе құбылыстың қасиеттерін тең өрттеудің орнына, онымен үстірт таныссак, онда бұл дұрыс емес, асығыс жалпылауға әкеп соғуы мүмкін

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Ойлаудың түйсіктену мен қабылдаудан айырмасы не?
2. Салыстыру деген не?
3. Анализ берін синтез деген не?
4. Абстракциялау және жалпылау деген не?

III тарау

ҰФЫМ

§ 1. Ұфымның мәні.

Ойлау дегеніміз сыртқы дүниедегі заттардың, құбылыстардың жалпы, мәнді қасиеттері мен байланыстарының адам мыйындағы бейнеленуі екенін біз өткен тараудан білеміз.

Айналадағы болмыстың құбылыстары мен заттары логикада ойдың нәрселері деп аталады. Мысалы, біздің оймыздың нәрселері болып табылатындар — қарындаш, егіс өнімі, революция, оқушы, биіктік, қозғалыс тағы сол сияқтылар.

Заттардың, құбылыстардың әртүрлі қасиеттері болады. Заттардың, құбылыстардың қасиеттері логикада белгілер деп аталады. Мысалы, берілген қарындаштың ұзындығы, оның түсі, жазу күралы болу қасиеті және т. т.—осының бәрі оның белгілері. Нәрселер белгілеріне қарай бір-бірінен өзгеше немесе бір-біріне ұқсас болады.

Айналадағы болмысты таный отырып, адам нәрселерді бір бірімен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табады; анализ және синтез арқылы нәрселердің мәнін ашып береді, оймен олардың белгілерін бөліп алады, ол белгілерді абстракциялап, жалпылайды.

Мұның нәтижесінде адам болмыста бар нәрселер мен құбылыстар туралы ұфым түзеді.

Ұфым дегеніміз — нәрселердің жалпы бәріне ортақ, мәнді белгілерін бейнелейтін ой.

Мысалы, «құйрықты жұлдыз» деген ұфымда — оның мынадай белгілері бейнеленген: 1) жұлдыз, 2) өте сиреген газдардан тұрады, 3) күнге жақындаған сайын бір-те-бірте жарқыраған құйрығы көрінеді.

Осы аталған уш белгі құйрықты жұлдыздарға ортақ және мәнді белгі болып табылады.

Екінші мисал. «Белоктар» деген ұғымда мынадай жалпы ортақ, мәнді белгілер бейнеленген: 1) органикалық заттар және 2) олардың молекулалары әртүрлі аминқышқылдардың көп мөлшерде қосылған қалдықтарынан тұрады.

Мәнді белгі дегеніміз — нәрсенің негізгі, аса маңызды қасиетін көрсететін белгі; егер мәнді белгі жоқ болып қалса, онда нәрсе тап сол нәрсе болудан қалады.

Мисалы, химиялық элементтің мәнді белгісі — оның атомының құрылышы, ал мәнді емес белгісі — оның әртүрлі физикалық күйі, сыртқы формасы, тағы басқалары.

Ұғымдар тек болмысты дұрыс бейнелесе ғана дұрыс ұғым болады. Егерде бір ұғым болмысты дұрыс бейнелемей, бұрыс бейнелесе, ондай ұғым жалған ұғым болады. Жалған ұғым, мисалы, теорияны практикадан айырғанда пайда болады.

Дұрыс ұғымдар көп адамдардың еңбек әрекетінің процесінде құралып шығады; ондай ұғымдардың болмыстағы нәрселер мен құбылыстарға сәйкестігі адамның практикасымен тексеріледі.

§ 2. Ұғым және елестеу

Ұғымдардың елестеуден недәуір айырмашылықтары бар.

Елестеу дегеніміз — нәрселердің, құбылыстардың көрнекі бейнелері. Сол себепті, мисалы, жарық қозғалысының шапшандығын көз алдына елестетуге болмайды үйткені ондай шапшандықтың көрнекі бейнесі шықпайды. Бірақ жарық қозғалысының шапшандылығың біз ойлай аламыз. Бір секундте 300 000 км шапшандығы бар жарық қозғалысы туралы ұғым бізде бар.

Елестеуде әруакытта жеке сыйпат болады. Елестеуде басты белгілер басты емесінен бөлінбейді, олар мәнді емес белгілерден де құрала алады.

Ұғымдардың елестеулерден айырмашылығы сол олар заттардың мәнін бейнелейді. Оларда жалпылық сыйпат бар — бір ұғымның өзін толып жатқан әртүрлі адамдар пайдаланады.

Ұғымдар — объективтік дүниенің бейнесі болғандықтан, көп адамдардың ойлау ісінің нәтижесінен туады.

Олардың ерекшелігі тұрақтығында және, адамдардың жыйнған басқа тәжрибесі сыйкты, адамнан адамға (тіл арқылы) беріліп отыруында.

Біз ұғымдарды ұдайы пайдаланамыз, үйткені олар адам баласының көптеген ғасырлар бойындағы практикасында қалыптасып қалған біздің бар білімдеріміздің негізгі қоры болып табылады.

§ 3. Ұғым және сөз

Ұғым, әрбір басқа ой сыйкты, тілдік материал негізінде, тілдік терминдер мен сөздердің негізінде туып, өмір сүреді. «Ойдың реалдығы,— дейді И. В. Сталин,— тілдің өзінен көрінеді. Тілдің «табиғи материясына» байланыссыз ойлау туралы, тілсіз ойлау туралы тек идеалистер ғана сөз қыла алады».

Сөз — ұғымның тілдік қабығы. Мысалы, жалпы мектеп туралы ұғым «мектеп» деген сөзben айтылады. Ал біздің ойлағанымыз жалпы мектеп болмай, біздің оқып жүрген мектебіміз туралы болғанда, онда ой: «біздің мектеп» немесе «біз оқып жүрген орта мектеп» деген сөздер тобымен айтылады.

Жоғарыда келтірілген мысалда ой нәрсесі болып тұрған мектеп. Ой нәрсесін көрсетіп тұрған «мектеп» деген сөзден басқа мысалда: «корта», «біз оқып жүрген мектеп» деген сөздер де бар. Бұл сөздер нәрсенің белгілерін көрсетеді. Бірақ біздің мысалымызда мектеп деген сөзге баяндауыш болғандай сөз жоқ. Демек, сөздердің бұл тобы сөйлем болып табылмайды, ол ұғымды көрсету үшін ғана қызмет етіп тұр.

Басқа мысалдар: «тез жүзіп бара жатқан қайық», «салынып жатқан үй», «совет физкультурниктерінің тамаша жеңісі».

Көбіне бір ұғымды түрлі сөздермен айтуға болады. Мысалы: «женғен адам» және «женуші». Екі сөзден құралған («женғен адам») бір сөзben айтылған «женуші» деген ұғымды көрсетеді.

Басқа мысал: «кітап оқып отырған бала» және «кітап оқушы бала».

Тұлғасы бірдей ұқсас сөздердің түрлі ұғымдарды көрсету үшін қолданылатын кездері де болады. Мысалы: аяқ — ыдыс мағнасында колданылады, аяқ — орындықтың аяғы, аяқ — малдың аяғы тағы сондайлар.

Сондай сөздердің басқа мысалдары (омонимдер): ат, кас, жүз т. б.

Омонимдер дұрыс қолданылмаса, ұғымдар араласып кетіп, қате пікірлеуге апарып соғады.

§ 4. Ұғымдардың мазмұны және көлемі

Әрбір ұғымның мазмұны және көлемі болады.

Ұғымның мазмұны дегеніміз — нәрселер класының мәнді белгілерінің жыйнағы туралы білім.

Мысалы, «стратостат» деген ұғымға мынадай: стратосфераға үшін жабдықталған, гондоласы бар ауа шары деген мәнді белгілер кіреді.

Сүйтіп, ұғымның мазмұны дегеніміз — сол ұғым камтыған нәрселер туралы білім, нәрселердің мәні туралы, олардың қасиеттері туралы білім.

Егер ұғым мазмұны болмысты дұрыс бейнелесе, болмысқа сәйкес болса — онда ондай ұғым дұрыс болады, ал мұның көрісінше болса, ол дұрыс болмай, жалған болып шығады.

Адам практикасының барысында, адамдардың материалынан дүниені тереңірек тануына қарай, ұғымдардың мазмұны жаңа белгілермен баиды, ұғымдардың ескірген белгілері тастала береді. Мысалы, электр туралы ұғымның мазмұны өзгеріліп, электрдің бұрын белгісіз болып келген жаңа қасиеттері танылып, барған сайын жаңа белгілер қосылып бай берген. Электр туралы осы кездегі ғылыми ұғым, айталық, өткен ғасырдың аяғындағы электр туралы ұғымға қарағанда, электрдің мәнін тереңірек және дұрысырақ бейнелейді.

Бірақ ұғымдардың өзгеруі адамның құбылыстардың мәнін тек тереңірек түсінуіне ғана байланысты болмайды, сонымен қатар, уақыт озған сайын құбылыстардың өздерінің де өзгеріп отыруына байланысты. Мысалы, интеллигентия туралы ұғым өзгерді, үйткені бұрынғы, революцияға дейінгі, интеллигентияның орнына совет қоғамының жағдайында тәрбиеленген жаңа интеллигентия келіп шықты. Сонда да, біраз уақыт бойы ұғымдардың мазмұны тұрақты болып, өзінің айқындылығын сақтап тұрады.

Ұғымдарда нәрселердің белгілері туралы білім болумен қабат, сол ұғымның қандай нәрселерді қамтыйтыны туралы да білім болады. Былайша айтқанда, әрбір ұғымның мазмұнымен қатар, оның көлемі де болады.

Ұфымның көлемі дегеніміз — мәнді белгілері ұфымда бейнеленген нәрселердің тобы туралы білім.

Мысалы, «дүние атраптары» деген ұфымның көлемі сол ұфым қамтып тұрған горизонттың барлық бөлімдерінен құралады: солтүстік, онтүстік, шығыс, батыс. «Стратостат» ұфымның көлемі ойға алғынған стратосстат түрлерінің барлығын қамтыйды.

Нәрселердің мұндай топтары түрліше болуы мүмкін. Мысалы, «өсімдік» деген ұфым өсімдіктердің сансыз көп, шексіз топтарын қамтыйды. Ежелден болып келген, осы кездегі бар және болашақ өсімдіктерді қамтыйды.

«Жер полюсы» деген ұфым жер шарының тек екінші нұктесін қамтыйды. Ұфымдардың тек бір ғана нарасені қамтыйтындары да болуы мүмкін; мысалы, мына ұфымдар: осы кездегі Франция туралы немесе Енисей өзені туралы, немесе Жер центрі туралы ұфым.

§ 5. Ұфымдардың мазмұны мен көлемінің арасындағы қарым-қатынасы

Ұфымдардың мазмұны мен көлемінің арасында белгілі қарым-қатынас болып отырады. Бұл қарым-қатынасты мысалмен қарастырайық.

«Омыртқалылар» деген ұфымның көлемі омыртқалы жануарлардың барлық түрлөрін қамтыйды, ал мұның мазмұны омыртқалыларға тән мәнді белгілер болады. Көлемі бұдан кішірек «сүткоректілер» ұфымын алайық. Бұл ұфымның көлемінің қамтыйтыны омыртқалылардың барлық түрлері емес, тек олардың бір бөлегі ғана, олай болса, ұфымның көлемі кіші болады.

Бірақ жаңа белгілердің есебінен ұфымның мазмұны кени түседі. «Сүткоректілер» деген ұфымда омыртқалылардың белгілері (үйткені сүткоректілердің қайсысы болса да омыртқалы) және «омыртқалылар» ұфымының мазмұнында жок, онан басқа өзінің тағы ерекше (балаларын емшек сүтімен асырау т. б.) белгілері де бар.

Екінші мысал: қайыңның қандай болса да ағаш, олай болса, «қайың» ұфымының ішінде «ағаш» деген ұфымның бар белгілері болады. Бірақ қайыңның өзінің ерекше белгілері де бар, олай болса, «қайың» деген ұфымының мазмұнындағы белгілер «ағаш» деген ұфым-

ның мазмұнындағы белгілерден көбірек. Бірақ көлемі жағынан «қайың» үфымы «ағаш» үфымынан тарырақ.

Сүйтіп, көлемі кең үфымдардың мазмұны тарлау болады — үфымдардың мазмұны мен көлемінің арасындағы байланыс, міне, осындай болады. Бұл байланыста занылыштық маңыз бар, мұны үфымдардың мазмұны мен көлемінің кері қатынас заны деп атайды. Ол заң былай айтылады: **үфымның мазмұны неғұрлым кең болса, оның көлемі солғұрлым тар болады**. Және оған сәйкес, керісінше: **үфымның мазмұны неғұрлым тар болса, оның көлемі солғұрлым кең болады**.

«Кері қатынас» заны тек біреуі екіншісінің көлеміне кіретін үфымдарға ғана жүреді.

Бірақ бұл айтылған заңдан мазмұны кеңірек, яғни жалпырақ үфымдардың біз үшін құны кемірек деген мағна да шықпайды. Жалпы үфымдар объективтік дүние нәрселерінің және құбылыстарының жалпы қасиеттерін, байланыстарын және занылыштарын бейнелейді.

V § 6. Үфымдарды шектеу және жалпылау

Күнделікті ойлау практикасында біз **үфымды жалпылау және үфымды шектеу** деп аталатын логикалық тәсілдерді жиі қолданамыз.

Үфымды жалпылау дегеніміз — жалпылығы кемірек үфымнан жалпылығы кеңірек үфымға қарай көшу.

Үфымды шектеу дегеніміз — жалпылығы кеңірек үфымнан жалпылығы кемірек үфымға қарай көшу.

Осыған сәйкес («кері қатынас заны» бойынша) үфимның мазмұны өзгереді.

Үфымды шектеу процесін мынадай мысалмен қарастырайық. Натрийдың не екенін түсіндіру үшін, түсініруді — жалпы элементтің өзінің не екенін ескертуден бастап, оナン соң «элемент» үфымына металға тән кейбір белгілерді енгізуге болады. Бұл белгілерді енгізу ісі «элемент» деген үфимның көлемін тарылтып, ол үфимның көлеміне шек қояды, сонымен қатар, басқа үфым, көлемі кіші — «металл» үфымы шығады.

Онан кейін «металл» үфымына натрийге тән белгілерді енгізіп, біз, сонымен қатар, металл үфымын тарылтамыз (шек қоямыз), яғни оның орнына жалпылығы кемірек үфым — «натрий» үфымын береміз.

Сүйтіп, ұғымды шектеу процесі жалпылығы көнірек ұғымдардан жалпылығы кемірек ұғымдарға бірте-бірте көшу болып табылады.

Қандай да болсын ұғымның мазмұнын түсіндірген кезде және де өзіміздің түсіндіруімізді белгілі жалпырақ ұғымға негізделеген кездерде, біз ұғымға шек қою-тәсілін пайдаланамыз.

Ұғымды шектеу тәсілі: ұғымның мазмұнын анықтау қажет болғанда да, сол ұғымның қандай құбылыс тобына жататындығын көрсету үшін де, демек, ұғымды басқа ұғымдардан, олардың ішінде жалпылығы көнірек ұғымнан шектеуде де қолданылады.

Ұғымдарды шектеу процесінде жалпылығы көнірек ұғымдардан жалпылығы кемірек ұғымдарға қарай көше келіп, біз, ақырында, көлемі бірге тең — жеке ұғымға, демек, одан әрі шектеуге көнбейтін ұғымдарға жетеміз. Ондай ұғымдар жеке, дара нәрселерді көрсететін және көлеміне қарай ең шегіне жеткен тар ұғым болып табылады.

Ондай ұғымдардың мысалдары: «Каспий теңізі», «1914-жылғы дүниежүзілік бірінші соғыс», «Москвадағы М. Горький атындағы көше».

Ұғымды жалпылау ісі шектеуге кері процесс болып табылады. Ұғымды жалпылаған кезде, оның бірсыныра белгілерін алып тастаумен, біз жалпылығы көмірек ұғымдардан, барған сайын, жалпылығы көнірек ұғымдарға көше береміз. Мысалы, «чех» деген ұғымнан «славянин» деген ұғымға қарай, «славянин» деген ұғымнан «адам» деген ұғымға қарай көшу.

Ұғымдарды жалпылау процесінде, біз қарастырып отырған нәрсеге өзгеше қасиеті бар жаңа нәрселер қосылғандықтан, ұғым барған сайын кеци береді.

Ұғымдарды жалпылау ісін ғылым кең түрде пайдаланады, өйткені ғылым әрдайым нәрселердің жалпы қасиеттерін ашуға тырысып отырады.

Ұғымдарды жалпылай келіп, көлемі кемірек ұғымнан көлемі көнірек ұғымға көше отырып, біз ақырында, әрі қарай жалпылауға болмайтын, көлемі шегіне жеткен кең ұғымдарға барып жетеміз.

Ондай ұғымдар категориялар деп аталады.

Категориялардың мысалдары: «материя», «уақыт», «қозғалыс», «кеңістік», «мөлшер», «форма», т. т.

§ 7. Тектік және түрлік ұғымдар

Шектеу процесінде де, жалпылау процесінде де бірталай ұғымдар шығатынын, олардың біразының жалпылығы кемірек, біразының жалпылығы кеңірек болатынын біз білдік. Жалпылығы кеңірек ұғымдар тектік ұғымдар, жалпылығы кемірек ұғымдар — түрлік ұғымдар деп аталауды.

Бірқатар ұғымдарды алып қарайық: «қала» — «астана» — «Москва» «Қала» деген ұғым «астана» деген ұғымға қарағанда — тектік ұғым болып, ал «астана» деген ұғым «Москва» деген ұғымға қарағанда тектік ұғым болады. Бірақ осы ұғымдардың өздері басқа қатынаста да тұрады; «Москва» деген ұғым «астана» деген ұғымға түрлік ұғым болып, ал «астана» деген ұғымның өзі «қала» деген ұғымға түрлік ұғым болып табылады.

Сүйтіп, бір уақыттың ішінде бір ұғымның өзі әрі түрлік ұғым да, әрі тектік ұғым да бола алады, бірақ олар түрлі қатынаста алынады. Жалпылығы кемірек ұғымға қарағанда — ол тектік болып, ал жалпылығы кеңірек ұғымға қарағанда түрлік болады. Жоғарыда келтірілген мысалда «астана» деген ұғым «қала» деген ұғымға түрлік болып, ал «Москва» деген ұғымға тектік болып табылады.

Тектік ұғым (немесе тек) түрлік ұғымдардан бөлек бола алмайды, ал түрлік ұғымдар (немесе түрлері) тек тен бөлек тұра алмайды. Тек пен түр әрқашан да өзара байланысты келеді.

Тек пен түрдің бүл өзара байланысы нәрселердегі жеке мей жалпының байланысын бейнелейді; атап айтқанда, объективтік дүниенің әрбір нәрсесінде оны бір текті нәрселермен біріктіретін жалпы қасиеттер де және өзінің ерекше қасиеттері де болады.

Мысалы, алма дегеніміз жеміс (алмаларға және басқа жемістерге тән жалпы қасиет), бірақ алманың басқа жемістерде жоқ өзіндік ерекше қасиеттері бар; қарағай дегеніміз ағаш (жалпы қасиет), бірақ қарағайдың өзінің де ерекше, тек қарағайға ғана тән және басқа ағаштардан оны айырып тұратын қасиеттері де болады.

Жалпы ортақ қасиеттер тек жеке нәрселерде ғана

болады. Сонымен қатар, жалпы қасиеттер жеке нәрсегердің белгілері болып табылады.

Алманың бәрі де жеміс болғандықтан, «жеміс» дегеніміз алманың да белгісі болғаны; «ағаш» дегеніміз қарағайдың белгісі және т. т. Сонымен, бұл жалпы қасиеттер (жеміс, ағаш) мәнді белгілер болып табылады, үйткені олар нәрселердің негізгі қасиеттерін білдіреді.

Дәл сол тектік ұғымдар болмыстың нәрселері мен құбылыстарының объективтік байланысын бейнелей отырып, өздерінің түрлерінің белгілері болып табылады.

Біз «химия дегеніміз — ғылым» дегенде, «химияның» қандай текке (ғылым тегіне) жататынын көрсетеміз және, сонымен қатар, бұл «химияның» мәнді белгісін, оның тектік белгісін де (ғылым) көрсетеміз.

§ 8. Ұғымдардың негізгі кластары

Ұғымдар көлеміне қарай дара және жалпы ұғымдар деп бөлінеді.

Дара ұғымдар жеке нәрселер туралы ұғымдар болып табылады.

Мұндай ұғымдарға мыналар мысал бола алады: «қолбасшы М. И. Кутузов», «Ленинград қаласы», «Болгария халықтық-демократиялық республикасы», «дүние жүзіндегі ең терең көл».

Жалпы ұғымдарда толып жатқан біртекті нәрселер бейнеленеді.

Мысалы: «жұлдыз», «кітап», «мектеп», «өлең», «егісөнімі» және басқалар.

Бұл ұғымдардың әрқайсысы біртекті нәрселердің үлкен тобын қамтыйды.

Жалпы ұғымдардың жалпылығы кеңірек те, кемірек те бола алады. Мысалы, «трактор» деген ұғымның жалпылығы «ауылшаруашылық машинасы» деген ұғымға қарағанда кемірек болып, ал «жыланбауыр трактор» деген ұғымға қарағанда жалпылығы кеңірек болып табылады.

Жалпы ұғымның қамтыған нәрселерінің саны шекті болуы немесе шексіз болуы да мүмкін. Мысалы, «кеме» деген жалпы ұғым бұрын болған, осы кезде бар және келешекте болатын кемелердің барлығын қамтыйды.

Көлемі шектелген жалпы ұғымдарға мынадай ұғымдар жатады: «Москва метросының бірінші кезектегі

станциялары», «Лермонтовтың шығармалары», «XIX ғасырдың ғалымдары».

Жалпы және дара ұғымдардың жыйнақтаушы ұғымдар болуы да мүмкін.

Жыйнақтаушы ұғымдар дегеніміз — біртекті нәрседердің ойда бірігіп тұтасқан жыйнағы.

Мысалы, «орман» (ағаштар), «кітапхана» (кітаптар), «жыйналыс» (окушылар жыйналысы).

Жыйнақтаушы ұғымдардың ерекшелігі: оларды осы жыйнақтаушы ұғымда ойға түсетін жеке нәрселерге қолдануға болмайды. Мысалы, «орман» деген ұғымды жеке ағаш туралы айтуға болмайды, «жыйналыс» деген ұғымды жеке оқушы үшін қолдануға болмайды.

Жыйнақтаушы ұғымдарды нәрсelerдің бүтін біртұтас жыйнағына немесе сондай жыйнақтардың бірқатарына қатысты айтуға болады. Бірінші жағдайда жыйнақтаушы дара ұғым, екінші жағдайда — жыйнақтаушы жалпы ұғым болады.

Мысалы, Москвадағы В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхана туралы ұғым — жыйнақтаушы дара ұғым, ал кітапхана туралы ұғым (жалпы алғанда) жыйнақтаушы жалпы ұғым, уйткені ол көп кітапханаларды қамтыйды.

Жыйнақтаушы жалпы ұғымдардың мысалдары: «топ», «топжұлдыз», «коллектив», «полк», «халық», «тобыр», «тап» және тағылар. Жыйнақтаушы дара ұғымдардың мысалдары: «Жеті қарақыш», «пәлендей мекеме қызметкерлерінің коллективі», «демократиялық Польшаның жұмысшы табы».

Әр ұғым басқа ұғымдармен түрлі қатынастарда болып тұрады, сондықтан да бірден бірнеше кластарға кіріп отырады.

Мысалы, «біектік» деген ұғым жалпы ұғым, жыйнақтаушы емес, «жыйналыс» — деген ұғым — жалпы, жыйнақтаушы, «А. П. Чеховтың әңгімелерінің стилі мен мазмұнының тұтастыры» — дара, жыйнақтаушы.

§ 9. Ұғымдардың арасындағы қатынастар

Объективтік дүниенің барлық заттары, құбылыстары жаппай байланысты және өзара тәуелді болады. Біздің ұғымдарымыз да, объективтік дүниенің бейнеленуі бол-

тандықтан, бір-бірімен өзара байланысты, бір-бірімен қандай да болса қатынаста болады.

Кейбір ұғымдардың арасында байланыс өте әлсіз, слеусіз болып келеді. Мысалы, «аю» мен «класс тақтасы» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар? Мұндағы байланыс, тек олардың екеуі де болмыстың белгілібір құбылыстарының бейнеленуі және логика түрғысынан қарағанда екеуі де — нақты, жалпы ұғым, жынынқтаушы ұғым емес.

Мұндай — өздерінің мазмұнына қарағанда бір-біріне алыс қатынаста түрған ұғымдар салыстыруға келмейтін ұғымдар деп аталады.

Барлық қалған ұғымдар салыстырмалы ұғымдар болады. Олар екі топқа бөлінді: 1) **сыйыспалы ұғымдар** және 2) **сыйыспайтын ұғымдар**.

Егер екі (немесе онан да көп) ұғымдардың көлемдері толығымен немесе жарым-жартылай үйлес келсе, онда олар **сыйыспалы ұғымдар** болады, егер де үйлеспейтін болса, олар **сыйыспайтын ұғымдар** болады.

Бұл екі жағдайдың екеуінде де ұғымдардың көлемдері ескеріледі, олай болса, ілгеріде қарастырылатын ұғымдардың арасындағы қатынастар көлем қатынастары болады.

Бұл қатынастар көрнекі болу үшін дөнгелектер түрінде графикпен көрсетіледі. Әрбір дөнгелек ұғымның көлемін көрсетеді.

Сыйыспалы ұғымдардың топтарын қарастырайық.


Тепе-тендік қатынасы. Өздерінің мазмұнында айырма бола тұрса да, бір нәрсені ғана ойға түсіретін ұғымдар бар. Ондай ұғымдар тепе-тендік қатынаста болады.

Мысалы, «бірінші дүниежүзілік соғыс» және «1914 жылры империалистік соғыс». Бұл екі ұғымда ойға түсітін бір ғана соғыс, бірақ белгілер ретінде бұл соғысның түрлі жақтары алынады.


Тепе-тендік қатынас — бірінің үстіне бірін салғанда үйлесіп түсітін екі дөнгелек түрінде суреттелген (1-чертежді қара), бір ұғымның көлемі (A) әкінші ұғымның көлеміне (B) толық үйлес келеді.

Басқа мысалдар: «Москва» және «ССРО-ның астанасы», «социализм» және «коммунизмнің бірінші фашысы».

Бағынышты қатынас. Бағынышты қатынас-



1-чертёж.



2-чертёж:

та бір ұғым (жалпылығы кемірек) екінші ұғымның (жалпылығы кеңірек) көлеміне кіреді.

Бағынышты қатынас дегеніміз түр мен тектің қатынасы. Түрлік ұғымның көлемі тектік ұғымның көлемінің бір бөлігімен үйлес келеді. Мысалы, «қайың» жән «ағаш» (2-чертежді қара). Көлемі кең ұғым («ағаш») көлемі тар ұғымды («қайың») толық ішіне алып тұрады.

Жалпылығы кеңірек (тектік) ұғым **бағындыруушы ұғым** деп, ал жалпылығы кемірек (түрлік) ұғым **бағынушы ұғым** деп аталады.

Ұғымдардың бағынышты қатынасын — бөлік пен бүтіннің қатынасымен шатастырмау керек.


Мысалы, «ай» және «жыл», «бұтактар» және «ағаш» «цех» пен « завод» сияқты ұғымдардағы қатынас бөлік тің бүтінге қатынасы, бірақ түрдің текке қатынасы емес. Мысалы, «әрбір ай дегеніміз — жыл» деп айтуға болмайды, ал «әрбір бұта дегеніміз — өсімдік» дей аламы.

Әрине, «бұталар» да «өсімдіктердің» бөлігі болады. Бірақ олар өсімдіктердің бөлігі ғана емес, өсімдіктердің түрі, ал «ай» «жылдың» түрі емес, тек бөлігі, «цех» « заводтың» түрі емес, бөлігі болады.

Көлемдердің шынара үйлесу қатынасы. Мұндай қатынаста, мысалы, «комсомолецтер» мен «колхозшылар» деген ұғымдар сияқты ұғымда болады. «Комсомолецтердің» бірқатары «колхозшылар» болып, ал «колхозшылардың» бірқатары — «комсомолецтер» болады. Бір ұғымның көлемінің бөлігі екінші ұғымның көлемінің бөлігімен сәйкес келетіні шенбер түрінде (3-чертеж) көрсетілген.

Осы сыйкты көлемдері шынара үйлесіп, тоғысатын үғымдар тоғыспалы үғымдар деп аталады.

Тоғыспалы үғымдардың басқа мысалдары: «жұмысшылар» және «москва-лыктар», «суретшілер» және «акындар».



Көлемдердің тәпеп-тәңдік, бағынышты және шынара үйлесімді қатынастары сыйысатын үғымдардың қатынастары, яғни көлемдерді бір шамада үйлесетін үғымдардың қатынастары болып табылады.

Сыйыспайтын үғымдардың аралығындағы қатынастардың да үш түрі бар: катар бағынышты қатынас, қарама-карылық қатынасы және қайышлық қатынасы.

Катар бағыныштылық қатынасы. Бір тектік үғымға бірнеше түрлік үғымдар бағынса, онда бүл түрлік үғымдар өзара катар бағыныштылық қатынаста болғаны.

Мысалы, «Европа», «Азия», «Африка» үғымдары қатар бағыныштылық қатынаста түр, үйткені олардың әр қайсысы «дүние бөліктері» үғымына қарағанда түр болып табылады.

Катар бағыныштылық қатынас дегеніміз — жалпы тектікке біріккен түрлердің қатынасы.

Катар бағынышты — А, Б және В үғымдарының оларның жалпы тегі «Г» үғымына қатынасы 4-чертёждеге көрсетілген. Катар бағынышты үғымдардың көлемдерін бір-бірімен үйлеспейді, бірақ барлығы тектік бір үғымның көлеміне кіреді.


Катар бағынышты үғымдардың мысалдары: «алғашқы қауымдық құрылыш», «құл иеленушілік құрылыш», «феодалдық құрылыш», «капиталистік құрылыш», «социалистік құрылыш» (жалпы ортақ тегі «қоғам құрылышы»).

Қарама-карылық қатынасы. Қарама-қарсылық қатынаста болатын үғымдар мазмұнына қарай шир біріне қарама-кары келеді, бірақ екеуді де өздері үшін тек болатын бір үғымның көлеміне кіреді.


Мысалы, «қара тұс» және «ақ тұс» (олардың жалпы

тегі «түс»). Қарама-қарсылық қатынасы 5-чертежде көрсетілген. Басқа мысалдар: «батырлық» және «қорқаңтық», «өр» және «ылдай».

Карама-қарсы үғымдардың әрқайсысы өзінің мазмұнымен екінші карама-қарсы үғымды теріске шығару



4-чертёж.



5-чертёж.



6-чертёж.

былай тұрсын, оның үстіне екінші қарама-қарсы ұғымының орнына онымен сыйыспайтын жана бір ұғымды қоса тайды.

Қайшылық қатынасында біреуі екіншісін толығымен теріске шығаратын екүфым болады, бірақ терістеуші үфымның мазмұны белгісіз болып қала береді. Мысалы, «қара» (түс) және «қара емес» (түс); «биік» (нәрсе) және «биік емес» (нәрсе).

Қайшылық қатынасы б-чертёжде көрсетілген. Суреттен ұғым көлемінің екі бөлімге бөлінгені көрінеді; мының бірі өзінің мазмұнына қарай екіншісімен сыйыспайды. Бірақ терістелетін бөлігінің мазмұны айқынсы жалады.

Ұфымдар арасындағы қатынастар:

Үғымдар

Салыстыруға келетін

Салыстыруға келмейтін „квадрат“ және „тілек“

Сыйыспалы

Тепе-төндік Бағыныш-Көлемдердің Катар Карама-кар-
қатынасы тылық қа-шынара бағыныш-сылық ка-
тынасы үйлес тылық қа-тынасы
катынасы тынасы

Пушкин— „көркем тракто- „кайын“ „биік“ „бійк“
 „Евгений Шыгарма— рист“— „қарағай“— „аласа“ „биік
 Онегиннің“ „әңгіме“ „комсомо- „шырша“ емес“
 авторы лец“

▼ ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР

1. Ұфым деп нені айтады?
 2. Мәнді белгілер дегеніміз не? (Мысалдар келтіріндер).
 3. Ұфымның елестетуден қандай айырмашылығы бар?
 4. Ұфымның мазмұны деген не?
 5. Ұфымның көлемі деген не?
 6. Ұфымдарды шектеу деген не?
 7. Ұфымдарды жалпылау деген не?
 8. Ұфымның көлемі мен мазмұнының арасында қандай катынас бар?
 9. Ұфымдардың негізгі кластарын көрсетіндер (мысалдар келтіріндер).
 10. Ұфымдар арасында қандай қатынастар бола алады?
 11. Қарама-карсы ұфымдардың кайшы ұфымдардан айырмашылығы неде?
-

IV таралу

ҰФЫМДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ БӨЛҮ

§ 1. Ұфымды анықтаудың мәні

Ұфымды анықтау дегеніміз — ұфымның мазмұнын ашатын логикалық амал.

Ұфымның мазмұнын ашу дегеніміз — оның мәнді белгілерін көрсету деген сөз.

Ұфым анықтамасы деп көрсетілген амалдың нәтижесі де айтылады.

Әр нәрсенің шексіз көп белгілері болады, сондыктан нәрсенің барлық белгілерін көрсетуге тырысу мүмкін емес. Анықтамада сол ұфымды басқа ұфымдардан ажыратып тұратын мәнді белгілер ғана болады.

Анықтамада қысқа түрде нәрселер туралы негізгі білім көрсетіледі. Олай болса, ұфымды анықтау дегеніміз — сол ұфымның қамтыйтын нәрселерін анықтау болады. Мысалы, «трактор» деген ұфымды анықтаумен қатар, біз болмыста бар тракторларды анықтаймыз.

Мысалы, «ромб» деген ұфымды анықтайық.

Мұның үшін ең алдымен ромбының ең **жақын тегін** көрсетеміз: ромб параллелограм. Бірақ параллелограмның ромбыдан басқа түрлері де бар. Сондыктан анықтауда ромбыны параллелограмның басқа түрлерінен ажырататын белгісін, яғни **түр айырмашылығын**: қабырғаларының тен келетінін көрсету қажет. Ақырында, ромб дегеніміз барлық қабырғалары бір-біріне тен параллелограм болып шығады.

«Ромб» ұфымының анықтамасы, міне, осы болып шығады.

Құрылышына қарай анықтама негізгі екі бөлімнен анықталушы ұфымнан және анықтаушы ұфымнан құрапады.

Біздің мысалымыздағы «ромб» деген ұфым анықтаушы ұфым, ал «барлық қабырғалары бір-біріне тен па-

«шылдегі» деген анықтаушы үғым. Анықтаушы үғым шылдады, үғымның ең жақын тегін және оның түр айырмашылығын көрсетеді.

Анықтаманың құрамын схемамен мына түрде көрсөтгө болады:

«Түр» дегеніміз — «тек және түр айырмашылығы».

Мысалы, «газогенератор (түр) дегеніміз — қатты отыншы газ түріндегі отынға (түр айырмашылығы) айналдыратын аппарат» (тек).

Түр айырмашылығы үдайы бір белгімен ғана өриекшеле бермейді. Ондай белгілер бірнешеу болуы мүмкін. Олардың жыйинағы түр айырмашылығы болып табылады.

Мысалы, «Антарктика дегеніміз — дүниенің Антарктида материгінен және оның айналасындағы теңіздер мен аралдардан құралған бөлігі». Бұл анықтамадағы текстік үғым «дүние бөлігі», ал түр айырмашылығы үш белгімен көрсетілген. Бұған: «Антарктида материгі, оның айналасындағы теңіздер, аралдар» кіреді.

И. В. Сталин үлтқа берген анықтамасы, анықтаманың классикалық үлгісі болып табылады.

«Ұлт дегеніміз адамдардың тарихи жағынаи қалыптастырылған берік тұтастығы; бұл тұтастық тілдің, террорияның, экономикалық тұрмыстың және мәдениет тұтастығынан көрінетін психикалық пішіннің тұтастығы негізінде туған».

Бұл анықтамада үлттың қажетті белгілерінің бәрі де көрсетілген. Бұл анықтамадағы ең жақын тек «адамдардың біртұтастығы», ал үлтты коллективтен, қоғамдық үйімдерден, таптан және басқалардан айыратын қалған белгілердің барлығы түр айырмашылығы болып табылады. Бірақ белгілердің барлығы үлттың негізгі қасиеттерін көрсетеді.

Үлтты анықтай отырып, И. В. Сталин одан әрғы бердес былай деп жазады:

«Жоғарыда көрсетілген белгілердің бір де бірі жеке ағында, үлт үғымын анықтап беруге жеткіліксіз екенін бісса көрсету қажет. Ол, ол ма? Үлттың үлт болудан қалыптың үшін бүкіл белгілердің біреуінің-ақ жоқ болуы жеткілікті...

Тек бірге алынған барлық белгілер ғана бізге үлт үйімін береді».

§ 2. Анықтаманың ережелері

Ұфымды анықтау үшін бәрінен бұрын сол ұғым қамтытын нәрселердің мәнді белгілері туралы білім алу қажет. Мысалы, «материализмің» не екенін білмейтін адам, анықтаманың барлық ережелерін жақсы ұфып алған күнде де «материализм» ұфымын анықтап бере алмайды. Бірақ материализм туралы біле тұра, анықтау әдістерін білмесе, анықтама беруде онай қателесуге болады.

Анықтаманың төрт ережесі бар.

1. Анықтама шамалас болуға тиіс.

Мұның мәні, анықталуши және анықтаушы ұфымдар көлемі жағынан тен болуға тиіс деген сөз.

Мысал үшін, «квадрат» ұфымының анықтамасын алаңық: «квадрат дегеніміз тен қабырғалы тік төртбұрыш».

Бұл анықтама шамалас, үйткені анықталуши ұфым «квадрат» және анықтаушы ұфым «тен қабырғалы тік төртбұрыш тепе-тен», яғни көлемдері бірдей ұфымдар.

Ал егер, біз «квадрат» ұфымын анықтағанда бір ғана тектік белгісін («квадрат дегеніміз — тік төртбұрыш») көрсетумен қанағаттансак, онда ол анықтама көлемі жағынан тым кең болып кетер еді; үйткені квадраттан басқа да тік төртбұрыштар бар, сондықтан «квадрат» пен «тік төртбұрыш» ұфымдары тепе-тен емес.

Егер түр айырмашылығы ретінде белгілердің саны жеткіліксіз алынса, ол уақытта да анықтама тым кең болып кетеді. Мынадай анықтаманы алайық:

«Конденсатор дегеніміз — электр энергиясын жыйнастыратын аспап».

Бұл анықтамада тек те, түр айырмашылығы да көрсетілгенмен, бұл анықтама арқылы біз конденсаторды аккумулятордан айыра алмаймыз.

Түр айырмашылығы ретінде тек конденсаторға ғана тән кейбір белгілерді де көрсету қажет.

Олай болса, тым кең түрде алынған анықтама дәл емес, бұрыс анықтама болады.

Тым тар алынған анықтама да дәл, дұрыс болып шықпайды.

Мысалы, «линза дегеніміз — екі жақ беті дөңес оптикалық әйнек» деген анықтамада тек пен түр айырмашылығы көрсетілген, бірақ мұндай анықтама кезкелгей линзаны қамтый бермейді, олардың тек біргана түрін —

шоғыс бетті әйнекті лупаны көрсетеді. Олай болса, анықтаушиның көлемі анықталушының көлемінен кем болапши. Бұл жерде анықтаманың шамаластық ережесі бүшілді, сондықтан линзаның анықтамасы да дұрыс болып шықпайды.

Мынадай анықтама да тым тар болады: «астрономия дегеніміз — жұлдыздар туралы ғылым». Бұл анықтамада түр айырмашылығы астрономия ғылымының пәнін тоғық қамтып алмайды, үйткені астрономия дегеніміз — төс жұлдыздар туралы ғана емес, аспандары барлық дегендер туралы ғылым.

2. Анықтама айналмалы болмауға тиіс.

Анықтауши ретінде алынған үғымның өзі тек анықтауши үғым арқылы ғана түсіндірлсе, онда бұл ереженің бұзылғаны. Мысалы, «Пікірлеудегі қайшылық дегеніміз»? Бұл ойлаудағы логикалықты бұзатын қайшылық. Мұндай анықтама — айналмалы анықтаманың мысалы, себебі, «ойлаудағы логикалықтың бұзылуын» «пікірлеудегі қайшылықты» көрсетпейінше түсінуге болмайды.

Анықтамадағы «айналмалық» деп аталатын қате, кей кезде (қайталай беру) тавтология түрінде де болып келеді.

Мынадай мысалды алайық: «нәрсенің мәнді белгілері деп, нәрсе үшін мәнді болған белгілерді айтамыз». Немесе: «кулкілі дегеніміз күлдіретін нәрсе».

3. Анықтама терістейтін болмауға тиіс.

Анықтама нәрсенің не емес екенін көрсетпей, оның не екенін ғана көрсетуге тиіс. Сондықтан «жарық дегеніміз—қараңғылықтың жоқтығы» деген сыйқты анықтама жарықтың жаратылысы туралы ешбір білім бере алмайды.

Бірақ кей анықтамада терістеу болуы мүмкін. Мысалы, инертті газдардың (аргон, неон т. б.) анықтамасында олардың химиялық активсіздігі көрсетіледі.

Терістейтін анықтамалар анықталушы теріс үғым болған кездерде де қолданылады. Мысалы, «ирроционалды сан дегеніміз — бірлікпен де бірліктің бөліктерімен де өмішемдес бола алмайтын сан».

4. Анықтамада екі мәнді немесе метафоралық сөздер болмай, анық, дәл болуы керек.

Бұл айтылғандарға «архитектура дегеніміз, тас болып

қатып қалған мұзыка», «арыстан — аң патшасы» және т. т. жатады.

Кей уақытта анықтамада жоғарыда көрсетілген шамаластық ережесі бұзылмағанмен де, оның ішінә артық сөздер кіргендіктен, анықтаманың көлемі артып кетіп, керекті анықтық және дәлдік болмай қалады.

Мысалы, мынадай анықтаманы алайық: «Магнит индукциясы дегеніміз — магнит өрісіне енгізілген темірдің немесе болаттың кесінділеріндегі магнетизмнің қозуы; ол қозу кесінділерде магнетизм құбылысын туғызады, яғни оларды магнеттедіреді». Бұл анықтамада сөйлемнің соңғы бөлімі («ол қозу» дан бастап) тіпті артық. Анықтама шамадан тыс көлемді, шатыс болып шыққан, үйткені оған қажетсіз артық сөздер косылған.

Егер магнит индукциясының анықтамасын, «магнит өрісіне енгізілген темірдің немесе болаттың кесінділеріндегі магнетизмнің қозуы» десе, толық жеткілікті боллар еді. Әрине, бұл анықтама магнит индукциясы үғымының бар мазмұнын қамтымайды. Бірақ біріншіден, әрбір анықтаманың үғымының бар белгілерінің бәрін ұдайы қамтып отыруының қажеті жоқ, ал екіншіден, артық сөздер (дұрыс емес анықтамада) біздің біліміміздің көңілеңде алмайды.

Анықтама дәл, анық және мүмкіндігінше, анықтаманың қажетті толықтығына кедергі болмайтында дәрежеде қысқа болуға тиіс.

§ 3. Генетикалық анықтама

Генезис деген сөз шығу тегін көрсетеді.

Генетикалық анықтама дегеніміз — анықтаманың анықталуышы нәрсенің шығу тегі көрсететін түрі.

Мысалы:

«Шар дегеніміз — дөңгелектің өз диаметрін айналудан пайда болған геометриялық дene».

Басқа мысалдар: «Шеңбер дегеніміз — нүктенің центрден қашықтығын өзгертпей отырып, жазықтықта козғалуынан пайда болған түйікталған қыйсық сзызық». Немесе «Шеңбер дегеніміз — барлық нүктелері центрден бірдей қашықтықта болатын түйікталған қыйсық сзызық».

Бірінші анықтама — генетикалық, екіншісі генетикалық емес.

Сүйтіп, генетикалық анықтамада да ең жақын тек жоне түр айырмашылығы көрсетіледі. Ол генетикалық емес анықтаманың барлық ережелеріне бағынады және озінің мазмұн сыйпатты жағынан ғана өзгешелігі бар.

Генетикалық анықтама — бізге керекті нәрсенің шыққан тегін көрсету қажет болған жағдайларда қолданылады.

§ 4. Номинальды анықтама

Ұфым анықтамасынан **номинальды анықтама** деп атап латын, яғни берілген ұғымды көрсететін есімнің, сөздін **мағнасын түсіндіретін анықтаманы ажыраты** білу керек.

Мысалы, «Генезис дегеніміздің мәні — шығу тегі, көзі деген сөз».

Номинальды анықтама ұғымның анықтамасы болып табылмайды, демек, ол бейнесі сол ұғымның өзі болып келетін нәрселердің де анықтамасы болмайды. Номинальды анықтама тек форма жағынан ғана кейде ұғымдар анықтамасымен үйлесе алады. Бул анықтама ұғымның мазмұнын ашпай, тек сөздің мағнасын анықтап береді, сондықтан бірін екіншісімен шатастырып алмау үшін, ұғымның анықтамасын номинальды анықтамадан айыра білудің маңызы өте зор.

Анықтамалардың екі түрін салыстырайык.

1) Номинальды анықтама: «Атом — бөлінбейтін деген сөз». 2) Ұғымды анықтау: «Атом — заттың ядро мен электроннан құралған ең ұсақ бөлшектері».

Бірінші анықтамада тек сөздің мағнасы ғана түсіндірілген. Бұл мағна осы кездегі атомдар туралы білімге сәйкес емес, ескіріп қалған. Екінші анықтамада атомның мәнді белгілері ашылады.

Номинальды анықтамалар белгілібір жағдайларда, әсіресе, шеттеп алынған сөздер жөнінде ғана қажет болады, бірақ та олар ұғым анықтамаларының орнына жүре алмайды.

§ 5. Анықтамалардың маңызы ↵

Ұғымды анықтау дегеннің мағнасы оның мазмұнын ашу, яғни нәрселердің негізгі қасиеттерінің бейнесі болып тұрған мәнді белгілерін көрсету. Бірақ анықтамада мәнді белгілердің барлығы бірдей ешuaқытта да көрсетілмей-

ді деуге болады, үйткені бұл, көбінесе, мүмкін болмай шығады.

Ұфым мазмұны жағынан қарағанда анықтамадан байырақ. Анықтама ұфымды тарылта түседі, «анықтама» деген сөздің өзі-ақ соны көрсетіп тұр; анықтау дегені-міз — екінші сөзben айтқанда, ұфымға шек қою, оның шектерін көрсетіп, мазмұнын тарылту болады.

Осыдан келіп, қандай да болса бір нәрсе туралы ұфым алу үшін, ол ұфымның анықтамасын білу жеткіліксіз екендігі көрінеді. Сондықтан оку материалын өткен кезде, тек қана анықтамаларды жаттап алумен қанағаттануға болмайды. Бұл ретте анықтамалар тек өткен материалды түсінуге, есте жақсы сактауға ғана жәрдемдеседі.

Үлкін зерттеулерде «алдынала анықтама беру» жиі колданылып отырылады. Ондай анықтамалар зерттеу ісінің бас кезінде, объект әлі зерттеліп жетпеген, ол туралы ұфым әлі құралмаған кезде беріледі. Алдынала берілетін анықтамада көзделетін мақсат — зерттеудің объектісін бөліп алу, ол туралы толық білмеген жағдайда, мүмкін болғаныша, оның бастанқы шектерін көрсету болады.

Бірақ анықтамалардың басты міндепті — зерттеу ісінің нәтижелерін қорыту, алынған білімдерді қыска түрде баянды ету. Анықтамада ұфымның ең негізгі белгілері бекітіледі.

Ұфым анықтамаларын біржола, түпкілікті етіп тағайындалған нәрсе және өзгермейді деп қарастаған болмайды. Болмыста бар нәрселер, күбылыстар туралы біздің біліміміз терендей, кеңіген сайын, ұфымдардың анықтамалары да өзгеріп отырады, олар толығырақ бола береді және нәрселердің мәнін дәлірек көрсетеді.

§ 6. Анықтаманың орнына жүретін тәсілдер

Ұфымға анықтама берген кезде біз оның ең жақсын тегі мен түр айырмашылығын көрсетеміз. Бірақ кезкелген ұфымның тегі бола бермейді және кезкелген ұфым үшін біз түр айырмашылығын көрсете алмаймыз.

Сондықтан ұфымның барлығын бірдей жоғарыда көрсетілгендей анықтауға бола бермейді. Мысалы, категорияларды («мән», «болмыс» т. б.) анықтауға болмайды, үйткені категориялар шегіне жеткен кең ұфымдар болып

табылады, демек, олар үшін онан кеңірек тектік ұғымдар болмайды (20-бетті қараңыз).

Заттардың элементарлық қасиеттерін бейнелейтін кейір ұғымдарды да ең жақын тегі және түр айырмашылығы арқылы анықтауға болмайды. Ондай ұғымдар үшін үр айырмашылығын көрсету қыйын. Мысалы, «тұзу», «күрғақтық», «сарылық» т. б.

Бірақ біз ұғымды анықтай алған жағдайда да, бір анықтамамен қанағаттанып қоймаймыз. Анықтаманы анықтыра алатын және оның орнына жүретін логикалық тәсілдер де бар. Ондай тәсілдердің ішінен мына белгесін атап өтуге болады: **көрсету, суреттеу, сыйпаттау, салыстыру, ажырату**.

Бұл тәсілдердің дербес атқаратын қызметтері де бар, көбіне бұл тәсілдерді, нәрсе туралы түсінік беру үшін, шорсенің қандай да болса бір қасиетін баса көрсету үшін, нәрсені бірер белгісіне қарай бөліп алу үшін және т. б. үшін пайдаланады.

1. **Көрсету.** Көрсету дегеніміз—өзіміз тікелей қалыпташып түрған нәрсемен танысадың ен оңай жолы.

Мысалы, біреуді белгілібір түспен, формамен, үнмен т. б. таныстырмак болып, біз сол түсті көрсетеміз немесе гол үнді есіттіреміз.

Әрине, көрсету нәрсе туралы ұғым бере алмайды, ол тек нәрсенің жеке елесін ғана береді. Көрсету дегеніміз— шорсelerдің қасиеттерін түсіндірудегі бірінші басқыш.

2. **Суреттеу.** Суреттеу дегеніміз — жеке нәрсенің орқатар белгілерін, кейбір жануарлардың немесе өсімдіктің түрін (мысалы, Л. Толстойдың Бородино даласын немесе М. Горькийдің Сормовоны суреттегені сыйқты) тілші айтып беру.

Мысалы, С. Аксаков аққудың былайша суреттейді: Қардай аппак, кішкене жалтыраған мәлдір көзді, кара гүмсік, қара табан, икемді сұңғак, сұлу мойынды, көк тамысты жағалап, көгілдір судың бетінде, маңқыйып жүзіп келе жатқан кезде ол сондай тамаша сұлу көрініші».

Процестің, мысалы, қоғам уақыйғасының, физикалық құбылыстың, химиялық реакцияның және басқалардың үргенделуі мүмкін.

Суреттеудің мақсаты — нәрсенің белгілерін мейлінше және толық көрсету.

3. Сыйпаттау. Сыйпаттауда нәрсенің бірсыпыра өрекше белгілері көрсетіледі. Ойдағы жеке нәрсенің сыйпаттамасы болуы мүмкін (мысалы, бір оқушының) және жалпы құбылыстың сыйпаттамасы да (мысалы, «адамның кедергілерді женеу оның жігерлілік әрекеттерінің бёлгісі болып табылады») болуы мүмкін.

Сыйпаттаудың мақсаты — нәрседе белгілібір белгілердің бар, яки жоқ екендігін баса көрсету.

4. Салыстыру. Салыстыру сыртқы формасы жағынан, көбінесе, анықтамаға үқас болып келеді, бірақ салыстыруды анықтамамен шатастыруға болмайды.

Салыстыру ойда бірі екіншісінің көмегімен түсіндірілетін екі нәрсенің болуын керек етеді. Мысалы, «Бала — өмірдің гүлі». Бұл салыстырудың «гүл» үғымын «бала» үғымының тегі деп айтуға болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Гүлдер, жалпы алғанда, өздігінен балаларға тән белгі болып шықпайды. Бірақ балаларды бейнелеп гүлдермен салыстыру, балалардың ерекше қасиеттерін (сүйкімділігін, нәзіктігін т. б.) түсінуге мүмкіндік береді.

Басқа мысалдар: «Ленинград — революцияның бесігі», «жазушылар — адам жанының инженері».

5. Ажырату. Ажырату дегеніміз — салыстырудың бір түрі.

Ажыратуда, салыстырудың сияқты, біз ойымыз бен екі нәрсені қатар қоямыз, бірақ олардың үқастығын көрсетпей, айырмашылығын көрсетеміз.

Мысалы, «сүтегінің оттегінен айырмашылығы — оның өзі жанады, бірақ жануды қолдамайды».

§ 7. Үғымның бөлінуінің мәні

Үғымды бөлу дегеніміз — үғымның көлемін ашып беретін логикалық әрекет.

Үғымның көлемін ашу дегеніміз — бөлінуші үғимға қатар бағыныңқы, түрлік үғымдарды көрсету.

Мысалы, «біздің кластың оқушылары» деген үғымды үлттық белгісіне қарай бөлу керек делік. Класымыздағы балалардың үлттын біліп алып, біз олардың орыс, украин қазак деп бөлінетінін көреміз.

Үғымды бөле отырып, белгілі көрсетілген бір белгі бойынша біз ойша бейнеленуі сол бөлінетін үғым бола тыны нәрселердің класын бөлеміз.

Бөлінетін ұғым дегеніміз — тектік ұғым. Бөлу нәтижесінен келіп түрлік ұғымдар шығады; олар **бөлудің мүшелері** деп аталады.

Бөлу жүрісін көрсететін белгі **бөлудің негізі** деп аталауды.

Жоғарыда көрсетілген мысалда «біздің кластың оқушылары» деген ұғым бөлінуші ұғым, бөлу негізі — ұлттық белгі, ал бөлу мүшелері — бөлу нәтижесінен келіп шықкан түрлік ұғымдар.

Бөлуге негіз ретінде басқа белгі де алуға болады. (мысалы, жасына қарай), ол уақытта, әрине, бізде бөлудің басқа мүшелері шықкан болар еді.

Бөлу нәтижесінен шықкан ұғымдарды (яғни бөлу мүшелерін), бір белгіні негізге алып, қайта бөлуге де болады, ал онан шықкан ұғымдарды жаңадан тағы бөлуге болады. Сүйтіп, ұғымдардың күрделі системасы келіп шығады, мысалы, зоологияда барлық омыртқалылар омыртқалылардың түріне бөлінеді; онан кейін, мысалы, құстар құстардың түрлеріне бөлінеді т. с. с.

Бөлу дұрыс болып шығу үшін бөлу ережелері сакталуы керек.

§ 8. Бөлу ережелері

Егер бөлінуші ұғымның көлемі туралы біздің біліміміз толық немесе дұрыс болмаса, онда бұған сәйкес бөлу де толық немесе дұрыс болмайды және де бөлу ережелері бұл жағдайда бізге жәрдем ете алмайды, бірақ бөлінуші ұғымның көлеміне қандай түрлер кіретінін білген кезде, ережелерді білу және оларды қолдана білу қажет болып табылады.

Бұл ретте бөлу ережелерін білу бізді кателесуден сактандырады.

Бөлудің төрт ережесі бар.

1. **Бөлу шамалас (мөлшерлес) болуға тиіс.**

Мұның мәні — бөлу мүшелерінің жыйнағы бөлінуші ұғымның көлеміне тең болуға тиіс. Бөлу дұрыс болған жағдайда бөлу мүшелерінің жыйынтығы бөлінуші ұғымының көлемінен артық немесе кем болып шығуы мүмкін емес.

Мысалы, егер «үшбұрыш» ұғымының көлемін бөлу үшін бөлудің негізгі ретінде үшбұрыш қабырғалары ша-

маларының қатынасын алсак, онда дұрыс бөлу мынә түрде болады:

әр қабырғалы

Үшбұрыш: тең қабырғалы
тең бүйірлі

Бұл ереженің бұзылу нәтижесінде мынадай екі қатенің бірі шығуы мүмкін: не бөлу шамадан тыс кең немесе тым тар болады.

Мысалы, бастауыш және орта мектеп оқушыларының, студенттердің және басқа оқушылардың үстінегін мектеп жасына шейінгі балаларды қоссак, онда «оқушылар» деген ұғымның бөлінуі шамадан тыс кең және сондықтан қате болып шығар еді. Егер біз оқушылардың бірсыптырасын (мысалы, курсардағы оқушыларды) көрсетпесек, онда «оқушылар» деген ұғымның бөлінуі тым тар болып шығар еді.

2. Бөлу бір негіз бойынша және де мәнді белгі бойынша жүргізілуге тиіс.

Ұғымды бөлу үшін негіз ретінде бөлінуші ұғымның мазмұнына кіретін белгілердің кезкелген біреуін алуға болады.

Мысалы, «өзен» деген ұғымды мына тәмендегіше бөлуге болады: 1) кеме жүретін және кеме жүрмейтін (негізі — өзеннің кеме жүруге жарамдылығы); 2) ағыны шапшаш және ағыны баяу (негізі — өзендерді су ағысының жылдамдығы); 3) терең және тайыз (негізі — өзеннің терендігі) т. с. с.

Бірақ ұғымды бөлу үшін қай белгіні алсақ та, біз бөлу процесінде ол белгіні өзгертуеіміз керек. Мұнмен қабат, бөлінуші ұғымның негізі ретінде біз тек мәнді белгісін ғана алатынымыз өзінен-өзі түсінікті.

Егер біз «қала халқы» деген ұғымды ерлер, әйелдер және қарттар деп белсек, онда көрсетілген ереженің бұзылғаны болар еді. Мұнда екі белгі араласып кеткен: жыныс белгісі, жас белгісі.

Бөлу үшін негіз ретінде кездейсоқ бір белгіні алсак, мысалы, адамдарды көнілді және көнілсіз деп белсек, онда да қате болып шығар еді.

Бөлудің негізі жөніндегі бұл ереже бөлудің басты ережесі болып табылады. Бөлудегі қателердің көпшілігі осы ереженің бұзылуына байланысты болады.

3. Бөлү мүшелері бірін-бірі тысқарылап тұруы керек.
Бұл ереже мұның алдындағы ережеден шығады:
Егер бөлү негізі дұрыс алынса, онда бөлү мүшелері де
бірін-бірі тысқарылап тұрады, егер де дұрыс алынбаса,
шілде бөлү мүшелері тоғыса береді, демек, бөлү дұрыс
болмай шығады.

Ұғымның дұрыс бөлінбеуінің мысалы: «тістер: күрек
тістерге, шошак тістерге, азу тістерге және уыз тістерге
бөлінеді». Мұнда бөлү мүшелері бірін-бірі тысқарыла-
майды, уйткені бөлү негізіне әртүрлі белгілер алынған,

4. Бөлү секірмелі болмауға тиіс.

Мұның мәні: ұғымды бөлген кезде алыс түрлерді
алмай, ең жақын түрлерді алу керек. Табиғатты — жа-
шнаарлар, өсімдіктер және минералдар деп бөлү дұрыс
болмас еді. Алдымен «табиғат» ұғымын «органикалық
табиғат» және «органикалық емес табиғат» деп бөлү
қажет те, сонынан барып әрі қарай бөле беру керек,
олай болмаған жағдайда бөлү секірмелі болады.

§ 9. Дихотомиялық бөлу

**Дихотомиялық, яғни екі мүшелі бөлу дегеніміз бөлі-
нуші ұғым бір-біріне қайшы екі ұғымға толығымен бө-
лінеді деген сөз.**

Мысалы, «Барлық кітаптарды — оқулықтар немесе
окулық еместер деп бөлуге болады». Бұл бөлү бөлү ере-
желерінің барлығына да сәйкес. Ол — шамалас, негізі де
біреу, бөлү мүшелері бірін-бірі тысқарылайды, бөлү секір-
мелі емес.

Осыны әрі қарай соза беруге болады. «Оқулық емес-
тердің барлығы беллетристикаға және беллетристика
емеске бөлінеді», «барлық беллетристика еместер техни-
калық және техникалық емес кітаптарға бөлінеді» т. т.

Дихотомиялық бөлудің ерекшелігі сол, біз мұнда
бөлуді жүргізе отырып, бөлінуші ұғымның барлық түр-
лерін білмеуіміз мүмкін. Кейде біз үшін керекті болған
қайбір белгілі түрлерді ғана бөліп алу қажет болып қа-
лады және біз дихотомиялық бөлуді екінші ұғымның
көлемін білу керек болмаған жағдайда да қолдануы-
мызға болады.

Дихотомиялық бөлу теориялық істерде де, практика-
лық істерде де жиі қолданылады.

Мысалы, химик металдардың қасиеттерін зерттей келіп, барлық элементтерді металдарға және металл еместерге бөледі. Металл еместердің тобын құрайтын заттар бұл жөнінде оған керек тे болмауы мүмкін.

Халық ағарту ісінде жүрген қызметкер ауданның ересек халқын оймен мектеп жасындағы балалары бар адамдарға және ондай балалары жоқ адамдарға бөлуі мүмкін. Әрі қарай бөле беру тек бірінші топ жөнінде ғана болады, үткені бұл жерде біз үшін тек соның ғана маңызы бар.

§ 10. Бөлуге ұқсас тәсілдер

Ұғымдарды бөлумен қатар біз ойлау практикасында кейбір басқа логикалық тәсілдерді де пайдаланамыз; олар сыртқы түрлеріне қарағанда бөлумен ұқсас, бірақ мәніне қарағанда онан өзгеше болып келеді.

1. Бүтінді бөліктеге мүшелеге. Мысалы, «Январь айы төрт аптадан және үш күннен құралады», «Поезд паровоздан, вагондардан және платформалардан құралады». Бұл мысалдарда сөз түрлер мен тек туралы болып отырған жоқ, бөлшектер мен бүтін туралы болып отыр. Әрине ай — апта мен күнге тектік ұғым болып табылмайды, ал апта мен күн айдың түрлері емес, тек оның бөліктері ғана; поезд вагондарға тектік ұғым болмайды, ал вагон — поездың түрі емес, оның бөлігі ғана.

Мүшелеудің басқа мысалдары; ағаш — бұтақтар, ағаштың діңі, жапырактары, тамырлары; пәтер — бөлмелер, үй — оның шатыры, қабырғалары, терезелері.

2. Ойды белгілі бір жоспармен орналастыруды. Жасалған шаралардың, шығармалардың жоспарлары, кітаптардағы мазмұндамалар — бұлардың барлығы ұғымдардың белінуі болып шықпайды, үткені бұл жағдайлардың барлығында да түрлер мен тек арасында болатын қатынастар жоқ.

§ 11. Классификация

Ұғымдарды бөле келіп, біз, сонымен қатар, бөлінуші ұғымдар көрсететін нәрселерді ойша топ-топқа бөлеміз. Нәрселерді оймен топқа бөлу ісінің бір түрі классификация болады:

Классификация дегеніміз — нәрселердің өзара ұк-

шының және олардың басқа текті нәрселерден айырмашылығын негізге ала отырып, оларды топ-топқа бөлу системасы.

Классификацияның мысалына орыстың ұлы ғалымы П. И. Менделеев (1834—1907) жасаған «Элементтердің периодтық системасы» алуға болады. Менделеев элементтерді атомдық салмақтарының есу ретімен және химиялық сапаларының біркелкілік белгісіне қарай орналастырған.

Элементтерді классификациялау және Менделеевтің ашқан периодтық заңы ұлы химикке сол кездің өзінде белгілі емес, бірқатар жаңа элементтердің бар екендігін үнібұрын болжап айтуда мүмкіндік берген.

«Периодтық системадағы» әрбір элементтің ерекше белгілері болады және сол белгілері арқылы басқа элементтерден ажыратылып тұрады. Классификацияның негізін таңдаған алуда Менделеевтың данышпандығы көрінілі, себебі оның алған негізі «периодтық системаны» жасауда шешуші роль атқарған.

Бұл факт классификациялау үшін дұрыс таңдаған негіздің мәні үлкен екенін көрсетеді.

Егер классификацияға негіз етіліп нәрселердің мәнді белгісі алынса, ондай классификацияның ғылми және практикалық маңызы болуы мүмкін, үйткені ондай классификация, Менделеев ұсынған классификациядан көрініміз сияқты, нәрселердің, құбылыстардың бағынатын инділіктерін табуда мүмкіндік береді.

Нәрселердің жаратылышын көрсететін басты белгі негізіне алынған классификацияны табиғи **классификация** деп атау қабыл алынған.

Табиғи классификацияның мысалына («Периодтық системадан» басқа) осы кездегі зоологиядағы жануарлар классификациясын алуға болады.

Егер классификацияның негізіне классификацияланұшы нәрселердің жаратылышын көрсетпейтін белгі алынға, онда ондай классификация **жасанды классификация** деп аталады.

Ондай классификацияға бір кластағы оқушылардың алфавит бойынша жазылған тізімі мысал бола алады. Фамилиясының бас әрпінің оқушының негізгі қасиеттеріне ешбір қатынасы жоқ екені өзінен-өзі түсінікті. Бірақ та осы кездейсоқ белгілерді пайдаланудың өзі де практикалық мақсаттар үшін, пайдалануға ыңғайлыш бо-

лу үшін қажет болады. Осыдан келіп, оқушылардың фамилиясын алфавит тәртібімен тізудің қажеттілігі туады.

Классификация (табиғи немесе жасанды) бөлу ере желерінің барлығына да бағынады; ол бір негізben жүргізілуге тиіс, оның мүшелері бірін-бірі тыскарылап тұруы тиіс, оның мүшелерінің барлығының жыйынтығы сол алынған класты түгел қамтуға тиіс, классификацияның ішінде дәлелсіз секірушіліктер болмауға тиіс.

Классификация зерттеліп отырған құбылыстардың белгілібір тәртібін, олардың өзара байланыстарының системасын табуға көмекші болып, зерттелетін құбылыстарды, нәрселерді тұтасымен қамтуға жәрдем береді.

Зерттеліп отырған құбылыстарды, нәрселерді есте қалдыру үшін классификацияның үлкен маңызы бар.

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Ұғымды анықтау деген не?
2. Анықтаудың құранды бөліктерін көрсетіңдер.
3. Анықтау ережелерін айтып беріңдер (әрбір ережеге мысал келтіріңдер).
4. Генетикалық аныктама деген не? (Мысал келтір.)
5. Номинальды аныктама деген не? (Мысал келтір.)
6. Анықтамалардың қандай маңызы бар?
7. Анықтамамен ұқсас тәсілдерді көрсетіңдер.
8. Ұғымды бөлу деген не? Бөлу ережелерін көрсетіңдер.
9. Дихотомиялық бөлу деген не?
10. Ұғымды «бөлүмен» және нәрсені «оймен мүшелеу» арасында қандай айырмашылық бар? (Мүшелеуге мысал келтіріңдер.)
11. Бөлүге ұқсас тәсілдерді көрсетіңдер.
12. Классификация деген не?
13. Табиғи және жасанды классификациялардың арасында қандай айырмашылық бар?

V Taray

ПІКІР

§ 1. Пікірдің мәні

Айналаны қоршаған болмысты таный келіп, біз нәрсelerді және олардың белгілерін бөліп аламыз. Мысалы, біз бір металл нәрсені зерттесек, ол туралы мынадай ой айтамыз: «Бұл нәрсенің жылтырлық, соғысырыш, балқырыш, қызу өткізгіш, электр өткізгіш қасиеттері бар». Бұл ойда біз, бір нәрсе жөнінде ой айтамыз, сол туралы пікір айтамыз, ол пікір сол нәрсе мен оның белгілері туралы ойды көрсетеді.

Ал нәрседе бірлі-жарым белгілердің болмауы да мүмкін. Онда біз нәрсе туралы: «Мына нәрсе ақ өмес», «Мына кітап қызықты өмес» т. т. дейміз.

Нәрседе әрбір белгінің бар болуы немесе жоқ болуы біздің ойлауымызда я қостау, я терістеу пікір формасында бейнеленеді. Пікір әрдайым бір нәрсені я қостайды, я теріске шығарады.

Пікір деп нәрселер мен олардың белгілері жөнінде бірденені қостайтын немесе теріске шығаратын ойды айтады.

Егер біз пікірде айналаны қоршаған болмыстағы шын байланысып түрғанды байланыстырысақ, немесе айналаны қоршаған болмыстағы белек түрғанды ғөллектеп айтсақ, онда біздің пікіріміз дұрыс, акыйқат пікір болғаны.

Мысалы, «металдар электр өткізгіш болады» деген пікір — акыйқат пікір. Металдарға электр өткізгіштік қасиет тән екендігі белгілі, сондықтан бұл біздің пікірімізде қосталып тұр.

Ал егер де біз материалық дүниеде, іс жүзінде байланысы жоқты пікірде ойша байланыстырысақ немесе материалылық дүниедегі шын байланысып түрғанды ойша ажыратып ғөлктесек, біздің пікіріміз бұл жағдайда

ақыйқат смес, **жалған** болады, үйткені ол пікірде бейне леніп тұрган нәрсеге сәйкес емес.

Мысалы, «Атом заттың белінбейтін белігі» делінген пікір — жалған пікір. Біз бұл жерде, шындығында, байланысты емес нәрсөні ойша байланыстырып отырмыз Атом — күрделі материялық система, ол ядроға және электрондарға ыдырайды. Атомның ядросы да ыдырауы мүмкін, үйткені оның өзі де протондар мен нейтрондардан тұрады. Мұнымен қатар бір химиялық элементтің атомы екінші бір химиялық элементтің атомына айналады. Атом тек химиялық жағынан ғана белінбейді. Мұның мағнасы — бұл химиялық элементтің атомнан кіші белігі жоқ деген сөз.

Пікірдің ақыйқаттығы, яғни болмысты дұрыс бейнелеуі оның ең басты сапасы. Бұл сапасы болмаған кезде пікірдің барлық құндылығы жойылады.

Пікір де үғым сыяқты, объективтік болмыстың біздің санамызыдағы бейнеленген формасы болады. Материялық дүншенің нәрселері мен құбылыстары, олардың қасиеттері мен байланыстары туралы біліміміз пікірде өрнектеледі.

§ 2. Пікірдің құрамы

Әрбір пікірде үш белік болады: бастауыш, баяндауыш және байланыс.

Мысал үшін мынадай пікірді алайық:

«Жаңашыл дегеніміз социалистік өндірістің озаты».

Бұл пікірді талдау, бізге оның мынадай беліктерден құралатынын көрсетеді:

1) «Жаңашыл» — логикалық **бастауыш** немесе пікірдің **субъекті**;

2) «социалистік өндірістің озаты» — логикалық **баяндауыш** немесе пікірдің **предикаты**;

3) «дегеніміз» — **байланыс**.

Пікірдің бастауышы біздің ойымыздың бағытталған нәрсесін көрсетеді, ал пікірдің баяндауышы белгіні көрсетеді; ол белгінің нәрседе бар екенін біз байланыс арқылы қостаймыз (немесе теріске шығарамыз).

Мынадай пікірді алайық:

«Орыс халқы — ССРО-ны мекендеуші барлық ұлтардың ішіндегі ең озат ұлт».

Мұндағы бастауыш — орыс халқы», үйткені бұл пікірде нақ сол туралы айтылып отыр. Мұндағы баяндауыш — «ССРО-ны мекендеуші барлық ұлттардың шиіндегі ең озат ұлт», үйткені бастауыш жөнінде дәл оны айтылады..

Пікірдің бастауышы мен баяндауышы пікірдің **терминдері** деп аталды.

Ежелден-ақ логикада пікірдің бастауышын *S* әрпімен (*subjectum* деген, латын сөзінің бірінші әрпі, ал пікірдің баяндауышы — *P* әрпімен (*praedicatum* деген латын сөзінің бірінші әрпі) өрнектеу шартты түрде қабыл алынған.

Сонымен, пікірді мынадай формуламен өрнектеуге болады:

$$S \text{ дегеніміз } P; \\ \text{немесе } S = P.$$

Терістеуші пікір үшін пікір формуласы мынадай:

$$S \text{ дегеніміз } P \text{ емес.}$$

Ал, көбінесе, «дегеніміз», «деп», «айтамыз», «болып саналады» деген сыйқты байланыс сөздері пікірде айтылмай, тек ойда болады.

Мұны біз мысалы, мына сыйқты пікірлерден көреміз: «Менің әкем қыю цехының жұмысшысы (болып саналады)»; «Социалистік Еңбек Ерлері (дегеніміз) совет халқының қадірлі ұлдары мен қыздары».

§ 3. Пікір және сөйлем

Әрбір пікір қашан да болса грамматикалық сөйлем арқылы айтылады. Сөйлем дегеніміз пікірдің материялық қабығы.

Пікір де үғым сыйқты, тек тілдік материал негізінде, тілдік терминдер мен сөйлемдердің негізінде ғана туып, өмір суре алады. Тілдік материалдан аулак, жалаң пікір болмайды. Тіпті, пікірді біз ойша, іштен құраған күнде де бәрібір, пікір сөздер, терминдер және сөйлемдер арқылы құралады.

Пікір мен сөйлем бір-бірімен тығыз байланысты, үйткені пікір мен сөйлемнің мазмұны біреу-ақ.

Бірақ пікір бөліктері мен сөйлем мүшелері толық сойкес келмеуі де мүмкін.

Кейде сөйлем бір-ақ сөзден тұрады (мысалы, жақсыз сөйлем: Жарық. Тыныш. Аяз), бірақ мұнда белгілібір пікірлер көрсетілген.

Мысалын қарастырайық:

«Каспий теңізі — жер шарындағы ең үлкен көл».

Бұл мысалдағы логикалық бастауыш («Каспий теңізі») грамматикалық бастауышпен көрсетілген, ал логикалық баяндауыш («жер шарындағы ең үлкен көл») сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерімен үйлескен грамматикалық баяндауышпен айтылған.

Мынадай мысалды қарастырайық:

«Капиталистік система дағдарыстан күтыла алмайды».

Бұл мысалда логикалық бастауыш («капиталистік система») сөйлемнің тұрлаусыз мүшесімен айтылған, ал теріс байланысты логикалық баяндауыш («дағдарыстан күтыла алмайды») сөйлемнің тұрлаусыз мүшесіне үйлесіп келген грамматикалық баяндауышпен айтылған.

Пікірдің ішіндегі логикалық бастауышты бөліп алу үшін мынадай сұрауға жауап беру керек: «берілген пікірдің такырыбы не?»

Біздің екінші мысалымызда капиталистік система туралы сөз болып отыр, демек, сол система туралы болған ой берілген пікірдің логикалық бастауышы болады. Ал пікірдің қалған бөлімінің барлығы, яғни пікіріміздің тақырыбы жөнінде не қосталса, соның бәрі (байланыстан басқасының) логикалық баяндауыш болады.

§ 4. Пікірдің түрлері

Пікірлердің бір-бірінен бірқатар өзгешеліктері болуы мүмкін және болады да. Мұның мәнісі мынау: пікірлерде әртүрлі нәрселер, олардың әртүрлі қасиеттері, сондай-ақ нәрселердің арасындағы түрлі байланыстар бейнеленеді.

Мысалы, пікірдің субъектісінде сөз бір нәрсе туралы, бірнеше нәрселер туралы немесе нәрселердің бүкіл бір класы туралы болуы мүмкін. Пікірдің предикаты мен байланысы белгілібір нәрсенің немесе бірнеше нәрселердің қандай да болмасын бір қасиетінің бар яки жоқ екенін көрсетуі мүмкін. Пікірдің субъектісі мен предикаты арасындағы катынас, нәрселер мен олардың қасиетте-рінің арасындағы әртүрлі байланыстарды көрсетеді.

Пікірдің қайсысында болсын бейнеленетін нәрселерші санына қарай, сол нәрселердің байланыстары мен қашақтарының түріне қарай барлық пікірлер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) пікір **қостаушы** немесе **терістеуші** болады (берілген бір нәрсе жөнінде белгілібір қасиеттің қостауына немесе терістелуіне қарай); пікірді бұлайша бөлу **сапасына қарай бөлу** деп аталады;

2) пікір **дара, жекеше** немесе **жалпы** болады (берілген пікірде бейнеленген нәрселердің санына қарай); пікірдің бұлайша бөлінуі — **санына қарай бөліну** деп айтылады;

3) пікір **шартты, ажыратушы** немесе **кесімді** болады (нәрсе мен оның қасиеттері арасындағы байланыстың сыпатына қарай); пікірдің бұлайша бөлінуі **қатынасына қарай бөлу** деп аталады;

4) пікір **мүмкіндік** (проблематикалық), **шындық** (ассерториялық) немесе **қажеттік** (аподиктикалық) пікір болады; бұл бөліну пікірде бейнеленген белгінің нәрсе үшін мәнділігінің дәрежесіне қарай болады; пікірдің бұлайша бөлінуі **модальдық** түрғысынан **бөліну** деп аталады.

Әрбір пікір сапасына қарай, санына қарай, қатынастарының өзгеше формасына және модальдығына қарай сыйпатталады.

§ 5. Қостаушы және терістеуші пікірлер

Пікірдің қайсысында болсын нәрсе мен оның қасиеттері туралы бір нәрсе қосталады немесе, керісінше, нәрсе мен оның қасиеттері жөнінен бір нәрсе терістеледі. Пікірдің қостайтын және терістейтін формасы пікірдің сапасы деп аталады.

Сүйтіп, сапасына қарай пікір қостаушы және терістеуші болып бөлінеді.

Қостаушы пікір дегеніміз — нәрсе мен оның белгісінің байланысын бейнелейтін пікір,

Мысалы:

Горький қаласы Волганың жағасында тұрады.

Тіл — қоғамның күресі мен дамуының құралы.

И. В. Мичурин — табиғатты өзгертуші данышпан адам.

Костаушы пікірдің формуласы мынадай:

S дегеніміз *P*.

Костаушы пікірде материалық дүниеде қосылып тұрған нәрсе ойша қосылады.

Терістеуші пікір дегеніміз — нәрсе мен белгінің арасында ешқандай байланыстың жоқ екенін бейнелейтін пікір.

Мысалы:

Совет адамдары соғысты қаламайды,
Фарфор — электр өткізгіш емес.

Айда атмосфера жоқ.

Терістеуші пікірдің формуласы мынадай:

S дегеніміз *P* емес.

Терістеуші пікірде материалық дүниеде бөлектеніп тұрған нәрсе, ойша бөлектеніп көрсетіледі.

Сүйтіп, пікірдің сапасын анықтаған кезде нәрсеге қандай да болса бір белгінің тиісті, яки тиісті еместігі туралы мәселе шешіледі.

Дара, жекеше және жалпы пікірлер

Пікірдің баяндауышымен көрсетілген белгі бір нәрсеге немесе бірнеше нәрсеге немесе белгілібір нәрселердің бүкіл класына тиісті болуы мүмкін. Пікірде нәрселердің белгілібір тобының бейнеленуі пікірдің саны деп аталады.

Сүйтіп, санына қарай барлық пікірлер дара, жекеше және жалпы болып белінеді.

Дара пікір дегеніміз — әрбір дара нәрсенің белгілерінің байланысын қостайтын (немесе терістейтін) пікір.

Мысалы:

Москвадағы Л. М. Каганович атындағы метрополитен — дүние жүзіндегі ең жақсы метрополитен.

Эдисон — қыздыру шамын ойлаш шығарушы емес.

Дара пікір біздің ойлауымызда зор роль атқарады. Нәрселердің класын олардың жәке уәкілдерін зерттеп алмайынша тануға болмайды. Әрбір дара пікір, егер ол нәрсені дүрүс бейнелеген болса, бізді нәрселер тобының мәнін тануға жақындалады.

Ал егер де, бір нәрсе емес, бірнеше нәрсені немесе нәрселердің бүтін бір класын тану керек болса, онда біздің

оіймыз дара пікірдің сатысына тоқтай алмайды. Берілген бір белгіні белгілібір кластың барлық нәрселері үшін жалпы, ортақ деп айту үшін дара пікір жеткілікісі болады. Бұл белгінің нәрселердің тобына немесе нәрселердің бүтін бір класына тиісті екені пікірдің басқаша формасымен бейнеленеді.

Мынадай екі пікірді қарастырайық:

Біздің мектептің кейбір оқушылары радионы жақсы көрушілер. ССРО азаматтарының барлығының да еңбек етуге правосы бар.

Бірінші пікірде біз мектебіміздегі кейбір оқушылардың радионы жақсы көрушілер екенін қостаймыз. Мұндай пікір жекеше пікір болады.

~~Жекеше пікір деп нәрселердің бір класының ішіндегі кейбір нәрселердің ғана белгілерінің байланысын қостайтын (немесе терістейтін) пікірді айтады.~~

Жекеше пікір мынадай формуласы мен өрнектеледі:

Кейбір S дегеніміз P болады (болмайды).

Жекеше пікірде нәрсе мен белгінің байланысы көнірек түрде көрсетіледі. Оның ішінде біз табылған белгінің бірқатар нәрселерге тиісті екенін көрсете айтамыз.

Бірақ көрсетілген белгінің нәрселердің бүкіл класына тиістілігі туралы мәселені шешу керек болған жағдайда жекеше пікірдің көмексі жері бар. Айтылған белгінің нәрселер класының қай белгіне тең екені белгісіз. Шынында жоғарыда айтылған мысалдан оқушылардың нешеі радионы жақсы көрушілер екенін анықтау мүмкін емес.

Екінші пікірде ССРО азаматтарының барлығының да еңбек етуге правосы бар деп біз қостаймыз. Мұндай пікір — жалпы пікір болады.

~~Жалпы пікір дегеніміз нәрселердің белгілібір класының әрбір нәрсесі жөнінде бірденені қостайтын (немесе терістейтін) пікір.~~

Жалпы пікірдің формуласы мынадай:

Барлық S дегеніміз P .

Бірақ жалпы пікірде берілген кластың барлық нәрселерінің қандай да болса бір белгісін теріске шығаруға болады.

Ондай пікірге мынадай мысал алуға болады:

«Ешбір капиталистік елдердің конституциясы еңбек «ту правосын қамтамасыз етпейді».

Жалпы пікірде белгіні теріске шығарған жағдайда, пікір формуласы мына түрге айналады:

Ешбір *S* дегеніміз *P* емес.

Жалпы пікір бізге белгілібір қағыйданың нәрселердің бүкіл класы үшін ақыйқаттығы туралы білім береді. Жалпы пікірдің маңызының зор болуы міне осында.

Жекеше, дара және жалпы пікірлер өзара байланысты, үйткені олар дара нәрселер мен нәрселер тобының нәрселер класымен реалды байланыстарың бейнелейді.

Пікірдің әрбір формаларының әрқайсысында өз құндылығы және өз аймағы бар. Мысалы, егер жазушы әрі ақын, әрі драматург болуы мүмкін екенін көрсету керек болса, онда бұл мәселеңі шешу үшін жазушылардың барлығы да әрі ақын, әрі драматург — деп дәлелдеудің ешбір қажеті жоқ. Қейбір жазушылар — ақын және драматург екеніне көзіміз жетсе, оның өзі жеткілікті болады. Егер социалистік өндірістегі көрнекті жаңашылдың өмірбаянын жазу керек болса, ол уақытта ондаған дара пікір айтуға тұра келеді. Дара пікір болмайынша, жаңашылдың шын портретін беру мүмкін емес.

§ 7. Пікірді сан және сапа жағынан біріктіріп бөлу

Әрбір пікірде сапа белгісінің бар екендігін, яғни пікір әрқашан да қостаушы немесе терістеуші болатындығын біз білеміз. Сонымен кітаптар, әрбір пікірдің сан белгісі де бар.

Осы екі белгіні (сапасы мен санын) ескере отырып, біз пікірдің барлығын негізгі төрт түрге білеміз; жалпықостаушы, жекеқостаушы, жалпытерістеуші, жекетерістеуші пікірлер.

Мысалдарын қарастырайық:

1) «Мичуриншілер — озат биологтар».

Бұл пікірде мичуриншілердің барлығына да озат биологтардың сапасы тән екені қостауды.

Бұл сияқты бірден әрі жалпы, әрі қостаушы болған пікір, жалпықостаушы пікір деңгейде аталады. Жалпықостаушы пікір мынадай формула мен өрнектеледі:

A Барлық *S* дегеніміз *P*.

2) «Өндірістің кейбір жаңашылдары — Сталиндік сыйлықтың лауреаттары».

Бұл пікірде жаңашылдардың кейбіреулеріне Сталин-дік сыйлық берілгендей қосталады.

Бұл сияқты бірден әрі жеке, әрі қостаушы болған пікір **жекекостаушы пікір** деп аталады.

Жекекостаушы пікір мынадай формуламен өрнектеледі:

| Кейбір S дегеніміз P болады.

3) «Ешбір құбылыс себепсіз болмайды».

Бұл пікірде дүниедегі құбылыстардың бәрінің де себепсіз пайда болу мүмкіншілігі терістеледі.

Бірден әрі жалпы, әрі терістеуші пікір **жалпытерістеуші пікір** деп аталады.

Жалпытерістеуші пікір мынадай формуламен өрнектеледі:

E S дегеніміздің бір де бірі P емес.

4) «Кейбір оқушылар шахмат ойнай білмейді».

Бұл пікірде оқушылардың бір белгінің шахмат ойнай білуі сияқты қасиеті терістелінеді.

Бірден әрі жеке, әрі терістеуші пікір **жекетерістеуші пікір** деп аталады.

Жекетерістеуші пікір мынадай формуламен өрнектеледі:

C Кейбір S дегеніміз P емес.

Қысқартып айту үшін пікірдің бұл төрт түрінің әркайсысы бір әріппен белгіленеді:

A — жалпыкостаушы пікір (affirmo деген латын сөзінің бірінші дауысты әрпі, «қостаймын» деген сөз).

I — жекекостаушы пікір (affirmo деген сөздің екінші дауысты-әрпі).

E — жалпытерістеуші пікір (nego деген латын сөзінің бірінші дауысты әрпі, «теріске шығарамын» деген сөз).

O — жекетерістеуші пікір (nego деген сөздің екінші дауысты әрпі).



Шартты, ажыратты және кесімді пікірлер

Әрбір нәрсе басқа нәрселермен байланысты. Ағаштың шеттің себебі, ол топырақтан және аудадан заттар алғы шоректенеді; жер үстіндегі тіршілік біздің планетамыздың шарынан Күннен түсетін энергияның арқасында дамыйды.

Біздің ойымыз нәрселер мен құбылыстардың араларында болатын байланыстарды бейнелейді. Байланыстардың кейбіреулері (мысалы, себептілері) шартты пікірлер формасында айтылуы мүмкін.

Шартты пікір деп—нәрсенің белгісінің қайсысы болын белгілі шарттарға тәуелді екендігін қостайтын (не терістейтін) пікірді айтады.

Шартты пікірдің мысалдары:

«Егер күн сәулесін ұшбурышты призмадан өткізе, экранға спектр түседі».

Мұндай пікірлерде айтылғанның акыйқаттығы, нақ сол пікірдің өзінде айтылған бір шартқа тәуелді түрде қойылады.

Шартты пікірдің жалпы формуласы мынадай:

Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1

Шартты пікірдің екі бөліктен құралатының байқау қыйын емес. Бірінші бөліктे шарт айтылады, ол шарт орындалса ғана әкінші бөлік акыйқат болады.

Шартты көрсететін бөлігі **негіз** деп аталады, ал акыйқаттығы шартпен анықталатын бөлігі **салдар** деп аталады.

Егер бір нәрсені шартты түрде, бір жағдайға бағышты түрде қостау немесе теріске шығару керек болса, біз ондай жерлерде өз ойларымызды шартты пікір формасында айтамыз.

Шартты пікірлердің әртүрлі формалары болуы мүмкін:

1. Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1 ;

Мысалы: «Егер күн сәулесін призмадан өткізсек, онда экранға спектр түседі».

2. Егер S дегеніміз P болмаса, онда S_1 дегеніміз P_1 емес; мысалы: «Егер оқушы сабакқа зейін қоймаса, онда ол сабакты ұра алмайды»;

3. Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1 емес; мысалы: «Егер сымның бойымен электр тогын жіберсе, онда оның химиялық союзы өзгермейді».

4. Егер S дегеніміз P болмаса, онда S_1 дегеніміз P_1 мысалы: «Егер картопты түптемесе, онда оның өнімі кем болады».

Шартты пікірде бір құбылыстың екінші құбылыска тәуелділігі (немесе тәуелсіздігі) көрсетіледі. Мұндай

ики жоқ екенін шартсыз формада бейнелейтін пікір — кесімді пікір деп аталады.

Мысалы, «Мұнай коры жөнінен ССРО дүниежүзіндегі басқа мемлекеттер арасында бірінші орын ала-ды».

Пікірдің басқа түрлері сыйқты, кесімді пікір де қостаушы және терістеуші («Жану дегеніміз химиялық процес». «Май суда ерімейді»), жекеше, дара немесе жалпы болып келеді.

Кесімді пікірдің формуласы:

S дегеніміз *P*.

S дегеніміз *P* емес.

Кесімді пікір пікірдің ең кең түрде қолданылатын түрі болып табылады. Кесімді пікірде — бізге белгілі қандай да болса бір белгі сол берілген нәрсеге тиісті ме немесе тиісті емес пе — сол туралы өзіміздің білімімізді айтамыз.

§ 9. Мүмкіндік, шындық және қажеттік пікірлер

Пікірде нәрсенің және оның қасиеттерінің объективтік байланысы, сыртқы дүние нәрселерінің, құбылыстарының араларындағы қатынастар мен байланыстар бейнеленеді. Бірақ бір нәрсе мен оның қасиетінің байланысын немесе нәрселер арасындағы қатынастарды адам қашанда болсын бірден үға алмайды. Үйғарудан, болжаудан бастап адам объективтік болмыстың заңды байланыстарын және қатынастарын айқындауға бағыт алып отырады.

Нәрсенің және оның қасиеттерінің байланысы тек мүмкін түрде ғана үйғарылса, онда адам өз ойын мынадай формада айтады.

«Марста органикалық тіршіліктің бар болуы мүмкін».

«Женіл атлетикадан аудандық жарыс июльде болуы ықтимал»,
«Бәлкім, ертең ауа райы жақсы болар».

Мұндай пікір **мүмкіндік пікір** (проблемалық пікір) деп аталады. Олар арқылы біз нәрсе мен қасиет арасындағы байланыстың тек қана ықтималдығын немесе мүмкіндігін қостаймыз. Бұл байланыстың бар екенін өзірше біз айқындағыныз жок, ол әлі үйғару түрінде. Егер біз: «Бәлкім, біздің класымыз ертең А. С. Пушкин атын-

дағы көркемөнер музейіне баар» десек, онда өртең музейге кластың, тіпті, бармауы да мүмкін.

Мүмкіндік пікірдің ақыннан жағдайының орындалуының пікірде көрсетілген ықтималдығының дәрежесіне байланысты анықталады. Уақыйғалардың ықтималдығы сол уақыйғалардың болып жатқан жағдайларына байланысты.

Егер біз нәрсе мен қасиет арасындағы байланысты үйіндей, көз жетерлік етіп ашып айтсақ, онда біз ойымызды пікірдің мынадай формасымен білдіреміз:

«Авангард» колхозы ағаш отырғызу жоспарын артығымен орындаады.

Біздің мектепте физика кабинеті жақсы жабдықталған.

Сары алтындағы шапақ атқан аспан нұры суға түсіп шағылысып тұрды.

Завод кітапханасы көп жаңа кітаптар алды.

Күні бойы теніз жақтан ызғарлы сүйк жел соғып тұрды.

Мұндай пікір шындық пікір (ассерториялық пікір) деп аталады. Мұндай пікірде біз нәрсе мен қасиеттің шын байланыстарын, істің деректі жағдайын бейнелейміз. «Ленинград Нева бойына орналасқан» деген пікірде Ленинградтың шын тұрған жері айтылған. Мұнда біз бұл уақыйғаны зандалық жағынан ойламаймыз, оның тарихи шарттылығын ескермейміз. Ленинградтың салынуының түрлі себептері бар екенін біз, жалпы алғанда, әрине білеміз, бұл жерде біз тек фактыны ғана көрсетеңіз.

Егер пікірде нәрсенің тек шын жағдайы ғана көрсетіліп қоймай, оның үстіне зат пен қасиеттің байланысының зандалығы да көрсетілсе, онда ол пікір, пікірдің недәуір жоғары формасы болып саналады. Мұндай пікірдің мысалына мыналар жатады:

Бұкіл дүние жүзінде коммунизмнің женуі сөзсіз.

Ой тек тілдік материалдың негізінде ғана, тілдік терминдер мен сөйлемдердің негізінде ғана туып, өмір суреді.

Базистің өзегеруі мен жойылуы кондырманың өзегеруі мен жойылуына әкелип соғады.

Табиғаттың нәрслері мен күбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді және бір-біріне шартты.

Мұндай пікір қажеттік пікір (аподиктикалық пікір) деп аталады. Мұндай пікірде біз нәрсе мен оның қасиеттің арасындағы қайшылық жағдайдың мүмкіндігін жок-ка шығаратын байланысты бейнелейміз.

Мұндай қажеттік пікірлер формасымен әрбір ғылым
шінің табиғат пен қоғам зандарын бейнелейтін негізгі
режелерін баяндайды.

«Әрбір дene атомдардан құралады», «Жерді Құn тар-
шып тұрады», «100 градус төмпературада су қайнайды»
— «ген пікірлерде нәрсе мен жалпы қасиет арасындағы
байланыс қажетті байланыс деп үйғарылады. Бұл әрбір
шіне атомдардан құралмауы мүмкін емес немесе Құn
Жерді өзіне тартпауы мүмкін емес, әдеттегі атмосфера-
ның қысымда 100 градус жылылықта судың қайнамауы
та мүмкін емес деген сөз.

Пікірде материялық дүниенің зандылығы бейнеленсе,
оған пікір қажетті пікір болады.

Мысалы, «Барлық денелер ауасыз кеңістікте бірдей
қылдамдықпен құлайды», «Адамдардың санасын қоғам-
тың болмысы билейді», «Капитализмнің күйреуі сөзсіз».

Мұндай пікірлердің бәрінде тек бар немесе болатын
нәрсе ғана емес, әсіресе болуы қажет, міндегі түрде бо-
латын нәрсе де айтылады. Ауасыз кеңістікте денелердің
шарлығы қашан да болсын бірдей жылдамдықпен құлай-
ды және құламақшы да, үйткені табиғаттың заңы солай;
капитализм лажсыздан сөзсіз күйрейді, үйткені қоғам-
тамының заңы солай.

Қажеттік пікір де, шындық пікір сыйқты, анықталып
жеткен фактыларға жататыны анық, бірақ қажетті пі-
кірлердің ерекшелігі сол, олар құбылыстардың жалпы
 зандылығын, берілген құбылыстардың қажеттігін бейнелейді.

Егер мүмкіндік пікірде — болуы мүмкін нәрсе бейнеленсе, шындық пікірде — бар нәрсе, ал қажетті пікірде —
бар екені былай тұрсын, оның үстіне лажсыз түрде болу-
га тиісті нәрсе бейнеленеді.

Сонымен, біз қостаушы және тेңістеуші, жалпы және
жекеше, шартты, кесімді және басқа түрдегі пікірлер-
лі қарастырып оттік.

Әрбір дұрыс пікір түрліше қатынастарда қаралуы
мүмкін. Мысалы, «А. С. Пушкин «Евгений Онегин» ро-
манының авторы» деген пікір шын, қостаушы, дара, ке-
тімді пікір болып табылады. Оның формуласы:

S дегеніміз P.

«Егер денені сүйік затқа батырсақ, онда од-
~~ола~~ ^{оған} озінің
шығарған сүйіктің салмағы қаша болса, сон-

~~шалыкты салмағын жөні~~ деген пікір — қажетті, жалпы, шартты пікір. Оның формуласы:

Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1

§ 10. Пікірдегі бастауыш пен баяндауыштың көлемі

Біз әртүрлі пікірлерде бір нәрсе жөнінен немесе бір неше нәрселер жөнінен, немесе белгілібір кластың нәрселерінің барлығы жөнінен, қандай да болса бір қасиет қосталатынын (терістелетінін) көрдік. Басқаша айтқанда, пікірдің бастауышында біз бір не бірнеше нәрселердің, немесе белгілібір класс нәрсселерінің барлығын бейнелейміз.

Бастауыш немесе баяндауыш белгілібір кластың нәрселерін тегіс қамтымай, тек олардың бір бөлегін ғана қамтыса, онда бастауыш немесе баяндауыш толық көлемде алынбаған, немесе **таратылмаған** делінеді.

Мысалы, «Кейбір самолеттердің реактивтік двигательдері бар» деген пікірде, бастауыш таратылмаған, үйткені ол пікірде самолеттердің барлығы туралы емес, тек кейбіреулері туралы ғана айтылған.

Ал бастауыш аталған класс нәрсселерінің барлығын қамтыса, онда бастауыштың көлемі толық алынғаны немесе **таратылған** делінеді.

Мысалы, «самолеттердің бәрі де аудан ауыр» деген пікірде бастауыш таратылған, үйткені онда барлық самолеттер туралы айтылады.

Пікірге енген терминдердің таратылғанын білудің пікірдің мәнін жете түсінуге көмегі бар. Пікір термині нәрселердің бүкіл класын қамтый ма — немесе тек оның бір бөлігін ғана қамтый ма — мұны анықтаудың қашанда болса маңызы аса зор.

Пікірдің формасын өзгерту (қайтадан екінші түрде құру) керек болған жағдайда пікір терминдерінің таралыу анализі өте қажет болады.

Мысалы, жалпы пікірді жекеше пікірге өзгерту¹ ойлау практикасында жиі кездесіп отырады. Мысалы, «Металдың барлығы да элемент» деген жалпы пікірді «Кейбір элементтер — металл» деп жекеше пікірге өзгертуге болады.

¹ Пікірді өзгерту туралы VI тарауда толық айтылады.

Ал «Металдың барлығы да — элемент» делінген пікірді, «Элементтердің барлығы да — металл» деп өзгертуге болмайды. Оның себебі не? Себебі: «Металдың барлығы да — элемент» деген пікірде «элемент» термині толық көлемімен алынбаған, яғни таратылмаған. Сондықтан пікірдің өзгерген формасында «элемент» термині пікірдің субъектін көрсетсе, онда ол терминді толық көлемінде алуға болмайды.

Пікірге енген терминдердің таратылғанын білу өзі міздің пікірлерімізді дұрысырақ құруға мүмкіндік береді.

Мынадай екі пікірді алайык:

Бір клеткалылардың барлығы да жай бөлінумен көбейеді.

| Амёбаның барлығы да — бір клеткалы.

Осы пікірлерді салыстырып, мынадай қортынды жасауға болады:

Амёбаның барлығы да жай бөлінумен көбейеді.

Бұл пікірлеудің нәтижесінде біз дұрыс қортындыға келдік. Оның устіне, алғашқы екі пікірдің мәніне қарағанда, біз жаңа білім алдық.

Бірақ мынадай екі пікірден біз ешқандай жаңа білім алмаймыз:

Амёбаның барлығы да — бір клеткалы.

Инфузория — бір клеткалы.

Неліктен алғашқы екі пікірден жаңа (үшінші) пікір туады да, соңғы екі пікірден ондай қортынды тууы мүмкін емес?

Себебі: бірінші пікірлеуде екі рет алынған «бір клеткалы» деген термин, ең болмағанда, бір пікірде болса да таратылған.

«Амёбаның барлығы да — бір клеткалы» деген пікірден біз амёба «бір клеткалылардың» бір бөлігі екенін білеміз, «Инфузория — бір клеткалы» деген пікірден біз инфузория да «бір клеткалылардың» бөлігі ғана екенін білеміз. Бірақ, осы бөліктердің қандай екені, олардың бір-бірімен қандай қатынаста екендігі берілген пікірлерден көрінбейді. Олай болғанда, жаңа білім алу үшін «бір клеткалылар» деген термин, «барлық амёбалар» және «инфузория» деген терминдерді керегінше байлаңыстыра алмайды.

Пікірдегі терміндердің таратылуын білу не үшін қажет екені жоғарыдағы мысалдардан көрініп түр.

Жалпықостаушы, жалпытерістеуші, жекеқостаушы және жекетерістеуші пікірлеріндегі бастауыш пен баяндауыштың көлемдерін қарастырайық.

1. Жалпықостаушы пікірлерде бастауыш таратылған болады.

Бұл айтылған пікірдің формуласынан-ақ көрініп түр: барлық S дегеніміз P , үйткені бұл пікірде қандай да болмасын бір кластың барлық өкілдері туралы әңгіме болып отыр. Мысалы, «Автомобильтердің барінің де двигателі бар» деген пікірде бастауыш барлық көлемімен алынып отыр, немесе таратылған, барлық автомобильтердің двигателі бар.

Жалпықостаушы пікірдің баяндауышы таратылған болуы да, таратылған болмауы да мүмкін.

а) Баяндауышының көлемі бастауышының көлемінен кең болатын жалпықостаушы пікірлерде баяндауыш таратылмаған болады.

«Барлық галогендер — химиялық элементтер» деген пікірде баяндауыш барлық көлемінде алынбай отыр, үйткені пікірде (химиялық элементтердің бәрі де галогендер деп) сөз химиялық элементтердің барлығы жөнінде болмай отыр; басқа сөзben айтқанда, мұндай пікірде баяндауыш таратылмаған. Бұл пікірде бастауыш түр, ал баяндауыш — тек болып отыр.

Пікірдің бастауышы мен баяндауышының арасындағы мұндай қатынасты, 7-чертёжде көрсетілгендей скішешбер түрінде көрсетуге болады.

б) Баяндауышының көлемі бастауышының көлемінен тең болып келетін жалпықостаушы пікірлерде баяндауыш таратылған болады.

«Дөңгелектің бәрі де бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің геометриялық орны» деген пікірде баяндауыш барлық көлемімен алынған, үйткені бірдей қашықтықта жатқан нүктелердің барлық геометриялық орны дөңгелек болып табылады, демек, пікірде сөз бірдей қашықтықта жатқан барлық нүктелердің геометриялық орны туралы болып отыр.

Пікірдің бастауышы мен баяндауышының арасындағы мұндай қатынасты бірімен бірі үйлес келген екі шенбер (8-чертёж) түрінде көрсетуге болады.



7-чертёж:



8-чертеж:

2. Жекекостаушы пікірлерде бастауыш таратылмаған болады.

Ондақ пікірлерде бастауыштың таратылмағаны оның «Кейбір S дегеніміз P » формуласының өзінен-ақ анық көрініп түр. Пікірде сөз берілген кластағы нәрселердің бүкіл көлемі туралы айтылып отырған жоқ, кейбіреулөр туралы ғана болып отыр.

Мысалы, «Кейбір әңгімелдер қызықты болды» делінген пікірде қызықтысы әңгімелдердің барлығы емес, тек олардың кейбіреулөрі ғана екені бірден-ақ көрініп түр. Олай болса, бастауыштың көлемі толық алынбаған, ол таратылмаған.

Жекекостаушы пікірлерде баяндауыштың таратылуы да, таратылмауы да мүмкін.

а) **Баяндауыштың көлемі бастауыштың көлемінен кепірек болған жекекостаушы пікірлерде баяндауыш таратылмайды.**

«Кейбір ғадымдар оқулықтардың авторы» делінген пікірде бастауыш былай тұрсын, баяндауыш та таратылмаған (толық қамтылмаған). Баяндауыштан бізғалымдардың барлығы туралы емес, тек бір бөлігі туралы ғана білеміз. Баяндауыштың көлемі толық қамтылмаған, демек, таратылмаған (9-чертежді қара).


б) **Баяндауышы бастауыштың көлеміне енген жекекостаушы пікірлерде баяндауыш таратылған болады.**

Мысалы, «Кейбір жазушылар — драматургтер» деген пікірде баяндауыш таратылған, үйткені сөз драматургтердің барлығы туралы болып отыр (10-чертежді қара).


3. **Жалпытерістеуші пікірлерде бастауыш та, баяндауыш та таратылған болады.**

Мысал үшін мынадай пікірді алайық:
«Ешбір металл органикалық дene емес».

Бұл пікірде бастауыш таратылған, үткені біз органикалық дene емес деп барлық металдар туралы айттып



9-чертеж.




10-чертеж.

отырмыз. Бұл «ешбір *S* дегеніміз *P* емес» деген жалпы-терістеуші пікірдің формуласының өзінен-ақ көрініп тұр, басқаша айтқанда, «ешбір *S*» деген «барлық *S*» деп айтқанмен бірдей.

Бұл пікірде баяндауыш та таратылған. Бұл мынадан көрінеді: егер ешбір металл органикалық дene болмаса, онда ешбір органикалық дene де металл болмағаны. Бұл пікірде барлық металл туралы сөз болып отыр және ойда органикалық денелердің барлығы да ескеріліп отыр, үткені оларды металдардан бөліп алып отырмыз.

Жалпытерістеуші пікірлердің бастауышы мен баяндауышының катынасын біріне-бірі жана спайтын екі дөңгелек түрінде көрсетуге болады (11-чертежді қара).

4. Жекетерістеуші пікірлерде бастауыш таратылмаған болады.




11-чертеж.



Бұл «кейбір *S* дегеніміз *P* емес» деген пікірдің фор-
муласынан анық көрінеді. Мұнда берілген кластың нәр-
селерінің бір бөлігі туралы ғана сөз болып отыр.

Мысалы, «Кейбір спортсмендер шахматшылар емес»
деген пікірде бастауыштың көлемі толық алынбаған,
үйткені біз спортсмендердің барлығы емес, тек кейбіреу-
лар туралы ғана айтып отырмыз.

Бірақ бұл пікірде баяндауыш таратылған, үйткені біз
бастауышты баяндауыштың барлық көлемінен тысқары-
лап отырмыз. Спортсмендердің біразы шахматшылар қа-
тарына енгенмен де спортсмендердің қалған бөлегі шы-
гарып тасталынып отыр, шығарылғанда баяндауыштың
барлық бөліктерінен шығарылып отыр.



12-чертеж.

Жекетерістеуші пі-
кірдегі бастауыш пен
баяндауыштың арасын-
дағы қатынасты мына-
дай графикалық түрде
көрсетуге болады (12-
чертёжді қара).

Жалпықстаушы, же-
кеқостаушы, жалпыте-
рістеуші және жекете-
рістеуші пікірлердегі
бастауыш пен баянда-

уыштың таратылуы туралы мәселе осылайша шешіледі.

§ 11. Пікірлер арасындағы қатынастар

Материялық дүние дегеніміз — бір-бірімен байланыс-
ты, бір тұтас нәрсе, мұнда нәрселер мен құбылыстар бірі-
мен бірі органикалық байланысты, бір-біріне тәуелді
және шарттас.

Олай болса, біздің пікірлеріміздің арасында да бай-
ланыстар мен қатынастар болуға тиіс, үйткені, олар ма-
териялық дүниені бейнелендіреді. Егер біз болмыстың
нәрселерін және байланыстарын дұрыс бейнелесек, біз-
дің пікірлеріміздің арасындағы қатынастар мен байла-
ныстар да белгілібір зандылыққа бағынуға тиіс. Бұл
зандылықты білудің зор маңызы бар.

Мынадай екі пікірлерді қарастырайық:

Бірде бір өсімдік ауасыз тіршілік ете алмайды.
Гүлді өсімдіктер ауасыз тіршілік ете алмайды.

Бұл екі пікірдің ерекшелігі неде? Бірінші пікірде бейнеленген нәрсе (барлық өсімдіктер) екінші пікірде бейнелеңген нәрсе (гүлді өсімдіктер) жөнінде бағындыруши болады. Мұндай пікірлер багыныңқы қатынаста болады.

Енді мынадай екі пікірді қарастырайық:

«Мына қағаз ақ»
«Мына қағаз ақ емес».

Бұл пікірлерге тән ерекшелік нè? Екінші пікірдің бірінші пікірді бүтіндей теріске шығаруында. Олардың арасында аралық ешбір нәрсе жоқ, қағаз не ақ, не ақ емес, шынында да қандай болса да, екінші, үшінші түсті атасақ та (көк, қызыл, көгілдір т. б.) бәрібір, ол «ак емес» деген жалпы қасиетке жатады.

Бір мезгілде бір нәрсе туралы бірінің теріске шығарғанын екіншісі қостайтын екі пікір қайши пікірлер деп аталады. Олар **келіспеушілік** қатынаста болатын пікірлердің бірінші тобын құрайды.

Бірақ келіспеушілік қатынасы басқа формада да көрінуі мүмкін. Оны мынадай екі пікірдің мысалынан бай-қауға болады.

«Мына қағаз ақ»
«Мына қағаз қара».

Мұндай пікірлер **қарама-қарсы** пікірлер деп атала-ды. Бұл жерде екінші пікір бірінші пікірді теріске шығарып отыр, бірақ қайши пікірден айырмашылығы, екінші пікір бірінші пікірді тек теріске шығарумен ғана тоқтап қалмай, сонымен қабат, басқа бір нәрсені қос-тап отыр. Біз қағаздың, шынында, ақ емес екенін білеміз, бірақ сонымен қатар қағаздың қара екені де бізге белгілі болып отыр.

Тағы басқа да айырмашылығы бар. Егер қайши пікірлердің арасында аралық нәрсе бола алмайтын болса, бұл жағдайда аралық пікір болуы мүмкін — қағаз: сүр, ашық сүр, күңгірт сүр түсті т. т. бола алады.

Пікірлер арасындағы қатынастарды білу, бізге қан-дай пікірдің болсын шындығын тезірек ашуға көмекші болады.

Мынадай мысалды алайық: бізде екі пікір бар екен дейік.

Біздің кластың барлық окушылары алгебрадан үйге берілген есептерді шығарды.

Біздің кластың кейбір окушылары алгебрадан үйге берілген есептерді шығарған жок.

Бұл пікірлердің екеуі бірден ақыйқат бола алмайтынын байқау қызын емес. Дұрысында да егер есепті окушылардың барлығы бірдей шығарған болса, онда есепті шығармаған окушылардың жоқ болғаны. Қерісінше, егер есепті окушылардың біреуі шығармаса да, онда есепті окушылардың барлығы бірдей шығарды деп айтуда болмайды.

Демек, егер бірінші пікір ақыйқат болса, онда екіншісі жалған, егер де екіншісі ақыйқат болса, онда біріншісі жалған; бұл екі пікір бірден, бір мезгілдің ішінде ақыйқат бола алмайды.

Бірақ бұл пікірлердің екеуі бірден жалған да бола алмайды. Дұрысында да, егер «Окушылардың барлығы да тапсырылған есептерді шығарды» деген пікір жалған болса, онда окушылардың арасында тапсырылған есепті шығармағандары да болғаны, ал олай болғанда, «Кейбір окушылар тапсырылған есептерді шығарған жоқ» деген пікір ылажсыздан шын болады. Және, керісінше, егер «Кейбір окушылар тапсырылған есептерді шығарған жоқ» деген пікір жалған болса, онда «Окушылардың барлығы да тапсырылған есептерді шығарды» деген пікір ақыйқат болғаны.

Олай болса, бұл екі пікір, бірден жалған бола алмайды. Бұл екі пікірдің бірі ылажсыздан ақыйқат болуға туиц.

Бұл қаралып өткен пікірлер қайши пікірлер тобына жатады.

Қайши пікірлерді салыстырудан мынадай ереже шығаруға болады:

Екі қайши пікірлердің екеуі бірден ақыйқат бола алмауы былай тұрсын, екеуі бірден жалған да бола алмайды; егер қайши пікірлердің бірі ақыйқат болса, екіншісі жалған болады.

Карама-карсы пікірлерге бұл ереже қолданылмайды. Өзімізге таныс карама-карсы пікірлерді алайық:

«Мына қағаз ак»
«Мына қағаз кара».

Бұл екі пікірдің екеуі бірдей ақыйқат бола алмайды. Қағаз не ак, не қара болады. Егер қағаз ак деген ақый-

қат болса, онда ылажсыздан «Қағаз қара» деген пікір жалған болып шығады. Бірақ қайшы пікірлерден айырмашылығы, қарама-қарсы пікірлердің екеуі де жалған болып қалуы мүмкін.

Мұны мынадай жай мысалмен көрсетейік.

Біз өзіміз мынадай таластың үстінен шықтық дейік: Таласушиның бірі Орта Азиядағы өзі көрген ертедегі қорғанның дуалы ақ дейді; таласушиның екіншісі мұны теріске шығарады және ол қорғанның дуалы ақ емес деп сендіреді. Міне бұл — қайшы пікірлер. Таластың барысынша біріншінің айтқаны («дуал ақ деген») — жалған екені анықталады. Осының өзі — екінші оппоненттің пікірін («дуал ақ емес») ақыйқат деп тану үшін толығымен жеткілікті. Ондай екі пікір бірден, бір мезгілде жалған бола алмайды.

Енді мынадай таласқа қатысып отырған болайық: Таласқа түсушінің бірі ертедегі қорғанның дуалы ақ дегенді қостайды, ал екіншісі, ол дуал қара дегенді қостайды. Айтыстың барысында бірінші қосталған пікір («дуал ақ деген») жалған екені анықталады, бірақ мұнан міндетті түрде дуалдың қара болғандығы анықталмайды. Оның қызыл болуы да, қоңыр болуы да және т. б. түсті болуы да мүмкін.

Демек, егер қарама-қарсы пікірлердің бірі жалған болса, онда екіншісі қажетті түрде ақыйқат деген пікір тумайды. Оның екеуі бірдей жалған болуы да мүмкін.

Қарама-қарсы пікірлерді салыстырудан олардың мынадай ережесін шығаруға болады:

Екі қарама-қарсы пікір бірдей ақыйқат бола алмайды, бірақ олардың екеуі бірдей жалған бола алады; қарама-қарсы пікірлердің бірінің жалғандығынан екіншісінің ақыйқаттығы туралы қорытынды жасауға тіпті болмайды.

Бізге, енді бағынышты пікірлердің арасындағы қатынастардың ережелерімен танысу қалды.

Мысал үшін мынадай екі пікірді алайық:

Сұйықтардың барлығы да серпімді.
Кейбір сұйықтар серпімді.

«Сұйықтардың барлығы да серпімді» деген пікір ақыйқат деп есептейік. Сонда «Кейбір сұйықтар серпімді» деген бағыныңқы пікір де ақыйқат екені сөзсіз. Мұнымен қатар «кейбір» деген сөзді «ең болмағанда бі-

разы» деген мағнада түсіну керек екені есте болуға тиіс. Бағыныңқы пікірлер терістейші пікірлерді салғастырғанда да ақыйқат болады.

Егер «Сибирь өзендерінің ешқайсысы да онтүстікке қарай акпайды» деген пікір анықталса, онда «Сибирь өзендерінің кейбіреулері де онтүстікке қарай акпайды» («ең болмағанда біразы») деген пікірдің ақыйқат болуында күман болмайды.

Бағыныңқы қатынастағы пікірлерді қолданған кездерде қажетті түрде есте болатын бірқатар ережелер бар.

1) Жалпы пікірдің ақыйқаттығынан оған бағынышты жекеше пікірдің ақыйқаттығы келіп шығады.

Мысалы, егер «Барлық галогендер — химиялық элементтер» деген пікір ақыйқат болса, онда «Кейбір галогендер — химиялық элементтер» деген пікір де ақыйқат.

2) Жекеше пікірдің жалғандығынан оған сәйкес жалпы пікірдің жалғандығы келіп шығады.

Мысалы, егер «Кейбір ағаштар азотты керек етпейді» деген пікір жалған болса, онда «Барлық ағаштар да азотты керек етпейді» деген пікір де жалған болады.

3) Жекеше пікірдің ақыйқаттығынан, оған сәйкес жалпы пікірдің ақыйқат болу қажеттігі келіп шықпайды.

Мысалы, «Біздің мектептің кейбір оқушылары стенографияны біледі» деген пікірдің ақыйқаттығынан, оған сәйкес «Біздің мектептің барлық оқушылары стенографияны біледі» деген жалпы пікірдің ақыйқаттығы тіпті шықпайды.

4) Жалпы пікірдің жалғандығынан оған бағынышты жекеше пікірдің жалғандығы да, ақыйқаттығы да шықпайды.

Шынында да, мынадай пікірді алайық:

«Біздің кластың оқушыларының барлығы да спортпен айналысады».

Бұл пікірді біз жалған деп алайық. Ол уақытта же кеше пікір қалай болмақшы? «Біздің кластың кейбір оқушылары спортпен айналысады» деген пікірдің ақыйқат болатынын немесе жалған болатынын біз айта алмаймыз.

Пікірлер арасындағы қатынастардың негізгі түрлері және сейлекендеге аса көп қолданылатын әртүрлі пікір-

лерді салыстырудың кейбір ережелері осындай. Салыстырылған пікірлерден тез және қатесіз қорытынды шығарып үйрену үшін, осыларды жақсы білу керек.

Бастауышы мен баяндауышы бір болып, ал сапалары мен саны түрліше пікірлердің араларындағы қатынастарды есте сактауды оқылату үшін, кей кезде «логикалық квадрат» деп аталатын схеманы пайдаланады.



13-чертеж:

Бұл квадраттың схемасы мынадай: солжактағы жоғары бұрыш A әрпімен белгіленеді (жалпықостаушы пікір), оңжақ жоғары бұрыш E әрпімен (жалпытерістеуші пікір), солжактағы төменгі бұрыш I әрпімен белгіленеді (жекекостаушы пікір) және оңжақтағы төменгі бұрыш O әрпімен белгіленеді (жекетерістеуші пікір) (13-чертёжды қара).

Бұл квадраттағы әрбір сзыққ пікірлердің екі түрлелінің арасындағы белгілі қатынасты көрсетеді

Мысалы, A мен I пікірлері, E мен O пікірлері бағышты қатынастарда тұрады. Бұл чертёжден де көрініп түр: A пікірі I пікірімен жоғарыдан төмен қарай жүргізілген сзыққ бойынша қосылған. A және E пікірлері жарнама-қарсы немесе қарсы пікірлер және, ақырында, A мен O және E мен I пікірлері қайшы пікірлер болады. Мұны бұрыштан бұрышқа тартылған сзықтар көрсетеді.

Логикалық квадрат есте сактауды жеңілдететін амал. Логикалық квадраттың басқа ешбір мәні жок.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР

1. Пікір деген не?
2. Пікір қандай бөлімдерден құралады?
3. Логикалық пікірдің бөлімдері грамматикалық сөйлемдердің мүшелерімен қандай қатынаста болады?
4. Жекекостаушы және жекетерістеуші пікірлерге мысал келтіріндер.
5. Жекекостаушы және жалпытерістеуші пікірлерге мысал келтіріндер.
6. Жалпы пікірдің қандай маңызы бар?
7. Шартты пікір деген не? (Шартты пікірге мысал келтіріндер).

- II Ажыратушы пікір деген не? (Ажыратушы пікірге мысал келтіріндер).
- III Көсімді пікірге мысал келтіріндер.
- III Мүмкіндік пікір деген не? (Мүмкіндік пікірге мысал келтіріндер).
- II Шындық пікір деген не? (Шындық пікірге мысал келтіріндер).
- IV Қажеттік пікір деген не? (Мысал келтіріндер).
- V «Терминнің таратылуы» деген сөздер нені білдіреді?
- VI Кандай пікірлерде бастауыш таратылған және кандай пікірлерде баяндауыш таратылған болады?
- VII Кандай пікірлер тепе-тең деп аталады? (Мысал келтіріндер).
- VIII Кандай пікірлер қайши пікірлер деп аталады (Мысал келтіріндер).
- IX Кандай пікірлер қарама-қарсы пікірлер деп аталады? (Мысал келтіріндер).

Сережа
и аяқта
бене. VI таралу
праға ПІКІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТУ

1. Пікірлердің логикалық мәнін айқындау

Пікірдің сөзбен айтылуы түрліше болады. Бір пікірдің өзін әртүрлі сөйлемдермен айтуға болады.

Мына сөйлемдерді алайық: «Пионер — барлық балаларға үлгі», «Пионер барлық балалар үшін үлгі болады», «Пионер барлық балаларға үлгі боларлықтай етіп, өзін әдепті үстайды».

Осы уш сөйлемнің барлығындағы ой біреу-ақ, бірақ пікір бар, бірақ олар түрліше сөйлемдермен айтылған: әуелгі екі сөйлем жәй сөйлемдер, үшіншісі — күрделі сөйлем; баяндауыш оларда түрлі сөздермен айтылған, байланыста түрліше айтылған.

Бір пікірдің өзін көбінесе жақты сөйлеммен де және жақсыз сөйлемдермен де айтуға болады. Мысалы, «Найзагай ағашты жандырып жіберді» және «Найзагайдан ағаш жаңып кетті».

Бір пікірдің өзі недәуір айырмашылықтары бар сөздерден құралған сөйлемдердің формасында айтылатын кездері де болуы мүмкін. Мысалы, «Масқара болған өмірден, даңқты болған өлім артық», «Тізе бүгіп өмір сүргенше, тік тұрып өлген артық».

Бірақ құралуында немесе формасында шамалығана айырмашылығы бар сөйлемдердің мағнасында елеулі айырмашылық бар пікірлерді көрсететін кездері де көп болады. Мысалы, «Менен сұраған емес» және «Мени сұраған жоқ» немесе «Мыскал кішкене болса да қымбат» және «Мыскал әрі кішкене, әрі қымбат» дегендер түрліше пікірлер болады.

Сөйлем кей кезде ете күрделі болып келеді; ондай сөйлеммен айтылған пікірдің логикалық мәнін бірден түсіну қыйын болады, яғни субъектісін предикаттан айыру және бұл пікір жалпы ма немесе жекеше ме,

Кесімді ме немесе шартты ма және басқаша ма — бірден ішіра қою қызын болып қалады.

Ол ол ма, грамматикалық форманың күрделілігі неңде ерекшелігі логикалық мән жөнінен, ал олай болғанда, пікірдің мазмұны жөнінен де бізді шатастырыу мүмкін. Сондықтан пікірлердің логикалық мәнін айқындау тәсілдерін пайдалана білудің де маңызы зор.

Ондай айқындау кебінесе пікірге логикалық форма беру қажеттілігімен байланысты болып келеді, яғни пікірді өзгерту ісіне байланысты мазмұнын өзгертпей); өзгертуде пікірдің бастауышы, баяндауышы және байланысы айқын көрінуге және пікір мүшелерінің логикалау алынған тәртібі сақталып отыруға тиіс.

Пікірдің логикалық мәнін айқындаудың жеке түрлерін қарастырайық.

A. Кесімді пікірлер

Пікірдің жай формасы. Пікірде үш бөлік (бастауыш баяндауыш, байланыс) болатынын біз білеміз, ал сөйлемде үш сөзден кем де, артық та болуы мүмкін. Жақсыз сөйлем: «Қөнілсіз», бір сөзден құралады, бірақ бүкіл пікірді білдіріп тұр. Ондай сөз — сөйлемде пікірдің үш бөлігінің үшеуі де өзінше өрнектелген.

Ал мынадай сөйлемді алып қарайық:

«ССРО-ның шаруашылық өмірі қоғам байлығын арттыру, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін үнемі көтеру, ССРО-ның тәуелсіздігін нығайту және оның қорғану қабілетін қүшайту мақсаттарын көздейтін мемлекеттік халық шаруашылығы жоспарымен бағытталып отырады».

Бұл сөйлемде бір пікір айтылған. Оның бастауышы «ССРО-ның шаруашылық өмірі» болып, ал баяндауышы «ССРО-ның шаруашылық өмірі туралы» не айтылса, сол болады, яғни пікірдің барлық қалған бөлімі. Бұл пікірдегі байланыс етістіктердің жалғаулықтары арқылы айтылған.

Байланыс «болады», «болып табылады» тағы басқа ғоздермен де айтылуы мүмкін, кей кезде тіпті айтылмайды қалады.

«Электр лампасы — жарық көзі» деген пікірдегі алдыңғы екі сөз пікірдің бастауышын көрсетеп, қалған

екеүі — баяндауышты көрсетеді, ал байланыс айтылмаған.

Пікірдің бастауышы атау түрінде болмай, басқа септік жалғаулықтар формасында келуі де кездесіп отырады.

Мысалы, «1948 жылы Москвандың Академиялық көркем театрына 50 жыл толды». Бұл пікірде — Москвандың Академиялық көркем театрына деген сөздер барыс жалғауда тұрғанмен де пікірдің бастауышы болып тұр.

Пікірде бастауыш екеу (немесе одан да көп) болуы мүмкін. Мысалы, «Чехославакия мен Польша екі жағына да пайдалы сауда шартын жасасты».

Пікірде баяндауыш екеу (немесе одан да көп) болуы мүмкін. Мысалы, «Металл әрі соғылады, әрі балқыйды, әрі жылу өткізеді және электр өткізеді».

Кейде пікір қостау мағнасын беріп тұрған ерекше бір сұрау формасында келеді. Мысалы.

«Европамен таласу болып па бізге жаңалық?
Әлде орыстар жеңістен көріп пе еді жаңылып?

Бұл екі сөйлемнің екеуінде де А. С. Пушкин белгілі-бір ойды айтып отыр.

Алдымен «бізге» (бастауыш), «Европамен таласу жаңалық емес» (баяндауыш) деп ескертіліп, онан соң — «корыстар» (бастауыш) жеңістен жаңылмаған» (баяндауыш) — деген фактылар баса көрсетіледі.

Пікірдің күрделі формасы. Пікір құрмалас сөйлем формасында да айтылуы мүмкін.

Мысалы, «К. А. Тимирязев хлорофилдің жасыл түсі көмірқышқылын ажырату үшін аса керекті күн энергиясын сіңіріп тұруға әдейі бейімделгенін ең алғашқы рет дәлелдеп көрсетті».

Бұл құрмалас сөйлемде бір-ақ пікір көрсетілген.

Пікірдің логикалық құрамын анықтай тұсу үшін, М. В. Ломоносов айтқандай, «жасырын тұрдегі байланысты ашық тұрдегі байланысқа айналдыру керек»; «Хлорофилдің жасыл түсі көмірқышқылын ажырату үшін аса қажетті күн энергиясын сіңіру үшін әдейі бейімделгенін бірінші рет (бірінші болып) дәлелдеп көрсеткен адам К. А. Тимирязев болған».

Бұл пікірдің бастауышы «К. А. Тимирязев», баяндауышы — пікірдің байланыстан (болып) басқа қалға бөліктері.

Басқа мысал:

«Не жақсы аяқталатын болса, соның бәрі де жақсы».

Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші бөлімі басты сөйлем. Бірақ грамматикалық форма логикалық формамен үзіліс үйлесе бермейді. Бұл пікірдің мәні: «Ақыры жақсы болғанның бәрі жақсы» немесе: «Істің жақсысы — жақсы аяқталғаны», немесе «Істің көркі — жақсы болып шындалғаны». Демек, бұл пікірдегі логикалық бастауыш: «Жақсы аяқталған істің бәрі», ал баяндауыш — жақсы».

Тағы бір мысал:

«Жылтырағанның бәрі бірдей алтын емес».

Бұл пікірдің бастауышы не? Пікірде не туралы сөйлемеді?

Бұл сұрауларға жауап беру үшін пікірдің мәнін өзгертпей, оның сыртқы (сөйлем) формасын өзгертелік. «Жылтырағанның бәрі алтын бола бермейді» немесе: «Жылтырап тұрганның бәрі алтын емес», «Жылтыраған заттың бәрі бірдей алтын емес».

Бастауыштың «жылтырағанның бәрі», «жылтыраған шт» екені көрер көзге анық. Ал сөз жылтыраған заттардың барлығы туралы болмағандықтан: «Кейбір жылтыраған заттар алтын емес» деген жекеше пікір шығып шыр.

Бір емес, бірнеше пікірлерді білдіретін құрмалас сөйлемдер де қолданылады.

Ондай сөйлемдерге, атап айтқанда, салалас құрмалас сөйлемдер жатады.

Мысалы: «Біздің ауданда 12 колхоз председателінің орта дәрежелі агрономиялық білімдері бар, ал 18 колхоз председателінің жоғары дәрежелі агрономиялық білімі бар». Бұл салалас құрмалас сөйлем екі пікірдің көрсетеді.

Қостаушы және терістүсші пікірлер. Герістеуші пікірлерде, мысалы, «Кітап қызықты болмады» деген пікірде, терістеу «болмады» деген байланысқа тиісті.

Ал егер терістеу байланыста болмай, баяндауышта болса, онда бұл қостаушы пікір болып шығады. «Кітап қызықсыз болды».

Жалпы және жекеше пікірлер. Жалпы және жекеше пікірлердің грамматикалық формасы кей көнде үйлесіп отырады.

Мысалы, «Саңырауқұлақтар ормандарда өседі» деген пікір жекеше пікір болып табылады, үткені саңырауқұлақтар тек орманды жерлерде ғана өсіп қоймайды. Ол болса, барлығы емес, тек кейбір саңырауқұлақтар ғай ормандарда өседі.

Ал нақ сондай сыртқы форма («барлығы» деген сөз болмаса да) жалпы пікірлерде де болуы мүмкін.

Мысалы, «Қара қарғалар үя салады». Бұл жалпы пікір, себебі ол қара қарғалардың барлығына да тә Ондай кездерде жалпы және жекеше пікірлерді тек ма насына қарап, «Барлығы» деген сөзді пайдалана отырып айыруға болады. Егер бұл сөзді («Қара қарғань барлығы да үя салады») сол жерде қолдануға келет болса, онда пікір жалпы болғаны, ал егер қолдану қелмейтін болса, онда пікір жекеше пікір болғаны.

Жекеше пікірге «барлығы» деген сөздің артында тірістеуші белгісі бар пікірлер де жатады.

Мысалы, «Классиктер дегеніміз жазушылардың бағалығы емес» деген пікір «Кейбір жазушылар классиктер емес» деген пікірмен тең мағналы. Осы текстес пікірлердің барлығы да жеке терістеуші пікір болады.

Егер де ондай пікірлерде екінші терістеуші бел болса («Жылы болмаған барлық күндер емес» ондай бұл «Кейбір күндер жылы болды») жеке қостауш пікір болады.

~~Одай~~ және жалпы пікірлер. Дара пікір үдайы жекеше формада, ал жалпы пікірлер үдайы көші формада айтыла бермейді. Егер пікір дара факттың немесе нәрсеге тиісті болса, онда ол дара пікір болады.

Мысалы, «Менің үш жолдасым бүгін лыжамен сырғанақ тепті», «Біздің мектеп кітапханасының кітаптарының бар салмағы екі тонна».

Ал егер пікірде белгілібір адамдар, белгілібір (да ра) фактылар ескерілмесе, ол уақытта ондай пікір жалпы болады.

Мысалы, «Үш полк дивизия құрайды». Бұл пікір жалпы, үткені ол дивизия құрарлықтай кезкелген үш полктың әрбір жыйынтығы туралы айтылады.

Мынандай пікірлер де жалпы болады: «Отлично және «жаксы» оқытын оқушы, өзінің бірінші міндетін адал қарайды», «Нормасын асырып орындастын жу-

Мынаппай біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы адамы
«жүннап табылады». Бұл пікірлерде сөз әрбір отличник —
шыны, әрбір нормасын асыра орындаитын жұмысшы
жөнніде болып отыр.

Ерекшелеші пікірлер. Біздің күнделікті ой-
шы практикамызда пікірлердің ерекше бір түрі жи кез-
ғаның отырады, олардың ерекше белгісі «тек... қана»
(ек жалғыз ғана) деген сөздер болады. Бұл сөздер пі-
шіле қосымша мағна береді.

Мынадай мысалдарды қарастырайық:

«Тек табанды және жанқыярлық пен еңбек еткен
шыны ғана женіске жетеді».

Бұл пікірде (жайшылықтағы пікірдегі сыйкты) бір
шыны ой емес, екі түрлі ой айтылған:

1) женіске жету үшін, табанды және жанқыярлық-
шыны еңбек ету керек.

2) табанды және жаңқыярлықпен еңбек етпейінше,
шілдікім женіске жете алмайды.

Сүйтіп, «тек... қана» деген сөздердің демеуімен пікір
шының інші қосымша мағнаға ие болып отыр; оның маңызы
шілдікімнен кем емес.

Біздің мысалдарымызда (және басқа үқсас жерлер-
де) «тек... қана» сөздері баяндауышқа тиісті, соған жа-
нисады және сөйлемнің (көбіне) аяқ жағында болады.

Шайде «тек... қана» сөйлемнің бас жағында да болады.

Мысалы, «Тек металдар ғана жылуды өте жақсы
шыныңде».

Пікірдің мағнасын өзгертпей, сөздердің тәртібін өз-
ірттелік, «Өте жақсы жылу өткізетіндер тек металдар
шыныңде» дегенде. Бұл пікірге логикалық форма берелік: «Жылуды
өте жақсы өткізетін денелердің барлығы металл болып
табылады». Сүйтіп, костаушы ерекшелешеуші пікірлер,
шының костаушы пікірлермен тең мағналы.

Б. Шартты пікірлер

Шартты пікірлердің бір белгілері «егер... онда» де-
ни жалғаулықтар болады. Бірақ шартты пікірлер үшін
шының белгілердің болуы қажетті емес. Мысалы, «Еңбек
шыныңде — емерсін», «Еңбек етпей — рақат болмас» т. б.

Бұл пікірлерде, барлық шартты пікірлердегі сыйкты,
шының және салдар бар; бұл пікірлерді «егер... онда»

жалғаулықтарын қоса айтып беруге болады («Егер еңбек етсең, онда ракатын көресін»).

«Егер» деген жалғаулық орнына «кездे» деген жағаулық жүруі мүмкін. «Гранит бұзылған кезде, күм не саз пайда болады, оның ішінде су, глинозем және кремнезем болады».

Шартты пікірлердің негізден басталып, салдары йін тусуі де жиі кездеседі. «Егер дұрыс күтім болма екпе көшеттер солып қалады».

«Егер... онда» жалғаулықтары болып, бірақ шарт болмайтын пікірлер де болуы мүмкін, үйткені олар негіз және салдар болмайды. Мұндай пікірлерде фактының салыстыруы келтіріледі, онымен қатар, бі фактылардың бірінші екіншісінің шарты болып табылады.

B. Ажыратушы пікірлер

«Немесе» жалғаулығы ұдайы ажыратушы жалғаулық бола бермейді.

Мысалы, «Шаңғымен жүру немесе коньки тебу де саулықты нығайта алады». Мұнда баяндауыштар бір бірі жокқа шығармайды. Денсаулықты бірінші жолмен, екінші жолмен де нығайтуға болады.

Олай болса, бұл тектес пікірлер қосуши-ажыратуш пікір болып табылады.

Ажыратушы пікірлерде «немесе» жалғаулығына басқа «әрі-әрі», «не-не», «да-да» («біресе») жалғаулықтары да, қолданылады. Мысалы: «Жануарлар — омырқалы да, омыртқасыз да болады», «Ағаштар не қылқанды, не жапырақты болады».

§ 2. Айналдыру

Пікірді айналдыру деп, пікірдің мағнасын өзгертпес терістеуші пікірді қостаушыға немесе қостаушы пікір терістеушіге айналдырудың логикалық тәсілін айтамы

Айналдыру нәтижесінде пікірдің тек сапасы ғана өгереді.

Мысалы:

«Жұлдыздар қозғалмайды емес» — «Жұлдыздар қозғалып жады».

«Өткен жетінің кейбір күндері сұық болды» — «Өткен жетін кейбір күндері сұықсыз болмады».

Айналу тәсілін қолданғанда бір пікірге екі терістеүші белгі енгіземіз; біріншісі байланыстың алдынан, екіншісі баяндауыштың артынан келеді.

Жалпықостаушы пікір жалпытерістеуші пікірге айналады және оған керісінше, жекекостаушы пікір жекетеүші пікірге айналады және оған керісінше.

Айналдыру біздің ойымызды айқындайды, оның маңызы да тап осында. Дұрыс айналдырмаса, онда пікірлер айқынсыз болып шығады немесе олардың мағналары тікелей бұзылады.

§ 3. Ауыстыру

Ауыстыру дегеніміз — пікірдің бастауышын баяндауышқа, ал баяндауышын бастауышқа айналдыратын логикалық тәсіл.

Ауыстырудың нәтижесінде пікірдің сапасы өзгермейді. Мысалы, «Жұлдыздардың барлығы да күн болып габылады» деген пікір «Күндердің барлығы да жұлдыздар болып табылады» деген пікірге ауысады. Бірінші пікірде ой нәрсесі «жұлдыздар» болса, екіншіде «күндер». Ой нәрсесі өзгергендейтін, пікірдің мағанасы да өзгерді, яғни біз тіпті жаңа пікір алдық.

Біздің мысалымыздағы пікір, өзінің санын өзгертуken жоқ, мұндай ауыстыру **жай ауыстыру** немесе **таза ауыстыру** деп аталады. Ол тек шікірдегі екі терминнің екеуде таратылған немесе екеуде таратылмаған жағдайларда ғана қолданылады. Сондықтан ауыстырғанда терминдердің көлемдері арасындағы қатынас өзгермейді.

Кейбір жалпықостаушы пікірлерде терминдердің екеуде таратылған болады. Сондықтан ондай пікірлер жәй түрде ауысады.

Алайда, жалпықостаушы пікірде баяндауыш көбінесе таратылмаған болады.

Ондай жағдайларда жай ауыстыру өрескел қате болып шығады. Мысалы, «Даналыққа тәннің бәрі де қолжетерлік нәрсе» деген пікірді «Қолжетерлік нәрсенің бәрі де даналыққа тән» деген пікірге, немесе «Ақындардың барлығы қыялдай алады» дегенді «Қыялдай алатын адамдардың барлығы ақын» деген пікірге ауыстыруға болмайды. Ондай ауыстыру қате.

Баяндауышы таратылмаған жалпықостаушы пікірлер әрқашанда **шектелумен** ауыстырылады. Мысалы,

«Жұмысшылардың барлығы да еңбекшілер» деген пікір «Еңбекшілердің кейбіреулері жұмысшылар» деген пікірге ауысады.

Пікірдің екі термині де таратылмаған кезде, жекеқостаушы пікірде жәй ауыстыру болуы мүмкін, соған байланысты ауыстырғанда терминдердің көлемдері ара-сында катынас өзгермей қала береді.

Мысалы, «Кейбір балалар — орден алғандар» деген пікір «Кейбір орден алғандар — балалар» деген пікірге жәй ғана ауысады.

Ал егер, жекеқостаушы пікірдің баяндауышы таратылған болса, онда ауыстырған кезде біз жалпықостаушы пікірге келеміз.

Мысалы, баяндауышы таратылған «Оқушылардың бірсыпрыасы пионерлер» деген жекеқостаушы пікір «Пионерлердің барлығы — оқушылар» деген жалпықостаушы пікірге ауысады.

Жалпытерістеуші пікірлер жәй ғана ауысады, себебі ол пікірлердің екі терминдері де әрқашан да таратылған болады. «Бірде-бір ескекаяқты — балық емес», «Бірде-бір балық — ескекаяқты емес». Бастауыш пен баяндауыш көлемдерінің қарым-қатынасы ауыстырған кезде өзгерген жоқ.

Жекетерістеуші пікірлер ауыстырылмайды. Оның себебі мынадан: ауыстырған кезде біз пікірдің сапасын өзгертуеіміз керек, олай болса терістеуші пікірді ауыстырғанда біз терістеуші пікір алудымыз керек.

Бірак жекетерістеуші пікірде бастауыш әрқашан да таратылмаған болады. Егер біз ондай пікірді ауыстыра бастасақ, онда таратылмаған бастауыш таратылған баяндауыш болып шығар еді, ал логикалық ойлауда бұл мүмкін емес.

Сүйтіп, жалпытерістеуші пікірлердің барлығы да және терминдерінің екеуі, бірдей таратылған немесе екеуі де таратылмаған қостаушы пікірлер де жәй ауыстыруға келе береді.

Пікірлерді өзгертудің — айналу мен ауыстырудың — біздің ойлау процесімізде елеулі маңызы бар.

Өзгертудің әрбір түрінің анализі пікірдің бір түрінен екінші түріне көшу еркінше, қалай болса солай бола беруі мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл өзгерістердің шектері, зандары бар, олар белгілі ережелерге негізделген.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

- 1 Ерекшелегеуші пікір дегеніміз не?
 - 1 Нікірді айналдыру деген не және оның маңызы неде?
 - 1 Нікірді ауыстыру деген не?
 - 1 Қандай жағдайларда пікірді жай ауыстыруға болады?
 - 1 Қандай жағдайларда пікірді шектел ауыстыру керек болады?
-

жалғаулықтарын қоса айтып беруге болады («Егер еңбек етсөң, онда рақатын көресін»).

«Егер» деген жалғаулық орнына «кезде» деген жалғаулық жүруі мүмкін. «Гранит бұзылған кезде, күм не сәз пайда болады, оның ішінде су, глиноzem және кремнезем болады».

Шартты пікірлердің негізден басталып, салдары жаһын түсүі де жиі кездеседі. «Егер дұрыс күтім болмаса екпе көшеттер солып қалады».

«Егер... онда» жалғаулықтары болып, бірақ шартты болмайтын пікірлер де болуы мүмкін, үйткені олар негіз және салдар болмайды. Мұндай пікірлерде фактының салыстыруы келтіріледі, онымен қатар, бұл фактылардың біріншісі екіншісінің шарты болып табылады.

B. Ажыратушы пікірлер

«Немесе» жалғаулығы үдайы ажыратушы жалғаулық бола бермейді.

Мысалы, «Шанғымен жүру немесе коньки тебу де саулыкты нығайта алады». Мұнда баяндауыштар бірақ бірі жоққа шығармайды. Денсаулықты бірінші жолмен де, екінші жолмен де нығайтуға болады.

Олай болса, бұл текстес пікірлер қосуши-ажыратушы пікір болып табылады.

Ажыратушы пікірлерде «немесе» жалғаулығына басқа «әрі-әрі», «не-не», «да-да» («біресе») жалғаулықтары да, қолданылады. Мысалы: «Жануарлар — омыртқалы да, омыртқасыз да болады», «Ағаштар не қылқанды, не жапырақты болады».

§ 2. Айналдыру

Пікірді айналдыру деп, пікірдің мағнасын өзгертпей, терістеуші пікірді қостаушыға немесе қостаушы пікірді терістеушіге айналдырудың логикалық тәсілін айтамыз.

Айналдыру нәтижесінде пікірдің тек сапасы ғана өзгереді.

Мысалы:

«Жұлдыздар қозғалмайды емес» — «Жұлдыздар қозғалып тарады».

«Өткен жетінің кейбір күндері сұық болды» — «Өткен жетін кейбір күндері сұықсыз болмады».

Айналу тәсілін қолданғанда бір пікірге екі терістеүші белгі енгіземіз; біріншісі байланыстың алдынан, екіншісі баяндауыштың артынан келеді.

Жалпықостаушы пікір жалпытерістеуші пікірге айналады және оған керісінше, жекекостаушы пікір жекетеүші пікірге айналады және оған керісінше.

Айналдыру біздің ойымызды айқындайды, оның маңызы да тап осында. Дұрыс айналдырмаса, онда пікірлер айқынсыз болып шығады немесе олардың мағналары тікелей бұзылады.

§ 3. Ауыстыру

Ауыстыру дегеніміз — пікірдің бастауышын баяндауышқа, ал баяндауышын бастауышқа айналдыратын логикалық тәсіл.

Ауыстырудың нәтижесінде пікірдің сапасы өзгермейді. Мысалы, «Жұлдыздардың барлығы да күн болып табылады» деген пікір «Күндердің барлығы да жұлдыздар болып табылады» деген пікірге ауысады. Бірінші пікірде ой нәрсесі «жұлдыздар» болса, екіншіде «күндер». Ой нәрсесі өзгергендейтін, пікірдің мағанасы да өзгерді, яғни біз тіпті жаңа пікір алдық.

Біздің мысалымыздағы пікір, өзінің санын өзгертуken жоқ, мұндай ауыстыру жай ауыстыру немесе таза ауыстыру деп аталады. Ол тек шікірдегі екі терминнің екеуде таратылған немесе екеуде таратылмаған жағдайлардаға қолданылады. Сондықтан ауыстырғанда терминдердің көлемдері арасындағы қатынас өзгермейді.

Кейбір жалпықостаушы пікірлерде терминдердің екеуде таратылған болады. Сондықтан ондай пікірлер жәй түрде ауысады.

Алайда, жалпықостаушы пікірде баяндауыш қебінесе таратылмаған болады.

Ондай жағдайларда жай ауыстыру өреспекел қате болып шығады. Мысалы, «Даналыққа тәннің бәрі де қолжетерлік нәрсе» деген пікірді «Қолжетерлік нәрсенің бәрі де даналыққа тән» деген пікірге, немесе «Ақындардың барлығы қыялдай алады» дегенді «Қыялдай алатын адамдардың барлығы ақын» деген пікірге ауыстыруға болмайды. Ондай ауыстыру қате.

Баяндауышы таратылмаған жалпықостаушы пікірлер әрқашанда **шектелүмен** ауыстырылады. Мысалы,

«Жұмысшылардың барлығы да еңбекшілер» деген пікір «Еңбекшілердің кейбіреулері жұмысшылар» деген пікірге ауысады.

Пікірдің екі термині де таратылмаған кезде, жекеқостаушы пікірде жәй ауыстыру болуы мүмкін, соған байланысты ауыстырғанда терминдердің көлемдері қарастында қатынас өзгермей қала береді.

Мысалы, «Кейбір балалар — орден алғандар» деген пікір «Кейбір орден алғандар — балалар» деген пікірге жәй ғана ауысады.

Ал егер, жекеқостаушы пікірдің баяндауышы таратылған болса, онда ауыстырған кезде біз жалпықостаушы пікірге келеміз.

Мысалы, баяндауышы таратылған «Оқушылардың бірсыпрыасы пионерлер» деген жекеқостаушы пікір «Пионерлердің барлығы — оқушылар» деген жалпықостаушы пікірге ауысады.

Жалпытерістеуші пікірлер жәй ғана ауысады, себебі ол пікірлердің екі терминдері де әрқашан да таратылған болады. «Бірде-бір ескекаяқты — балық емес», «Бірде-бір балық — ескекаяқты емес». Бастауыш пен баяндауыш көлемдерінің қарым-қатынасы ауыстырған кезде өзгерген жоқ.

Жекетерістеуші пікірлер ауыстырылмайды. Оның себебі мынадан: ауыстырған кезде біз пікірдің сапасын өзгертпеуіміз керек, олай болса терістеуші пікірді ауыстырғанда біз терістеуші пікір алудымыз керек.

Бірақ жекетерістеуші пікірде бастауыш әрқашан да таратылмаған болады. Егер біз ондай пікірді ауыстыра бастасақ, онда таратылмаған бастауыш таратылған баяндауыш болып шығар еді, ал логикалық ойлауда бұл мүмкін емес.

Сүйтіп, жалпытерістеуші пікірлердің барлығы да және терминдерінің екеуі, бірдей таратылған немесе екеуі де таратылмаған қостаушы пікірлер де жәй ауыстыруға келе береді.

Пікірлерді өзгертудің — айналу мен ауыстырудың — біздің ойлау процесімізде елеулі маңызы бар.

Өзгертудің әрбір түрінің анализі пікірдің бір түрінен екінші түріне қоюш еркінше, қалай болса солай бола беруі мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл өзгерістердің шектері, зандары бар, олар белгілі ережелерге негізделген.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР

1. Ерекшеленуші пікір дегеніміз не?
 2. Нікірді айналдыру деген не және оның маңызы неде?
 3. Пікірді ауыстыру деген не?
 4. Кандай жағдайларда пікірді жай ауыстыруға болады?
 5. Кандай жағдайларда пікірді шектеп ауыстыру керек болады?
-

VII тарау

ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДАРЫ

§ 1. Логикалық заң туралы түсінік

Материялық дүниенің біздің санамыздан тыс жән одан тәуелсіз өмір сүретінін, ал біздің ойымыз материялық дүниедегі нәрселер мен құбылыстардың адам мыйына бейнеленуі екенін біз білетінбіз.

Объективтік дүние дегеніміз — байланысты, тұтас бір бүтін нәрсе, ондағы нәрселер мен құбылыстар бір-біріне бағынышты, бір-біріне шарттас және қозғалыста, да муда болады. Сыртқы дүниедегі нәрселердің қозғалысы мен дамуы белгілібір заңдар бойынша жүреді. Егер біз дің ойымыз бұл заңдарды дұрыс бейнелесе, онда біл оларды біле аламыз.

Алайда, ойлау болмысты тек дұрыс қана бейнелеі қоймай, бұрыс бейнелеуі де мүмкін. Сондықтан ойлау дұрыс болғанда оның қандай қасиеттері болатынын және қандай заңдарға бағынатынын анықтаудың біз үшін үлкен маңызы бар. Бұл заңдарды біліп алғаннан кейін оларды саналы түрде пайдалануға және соның арқасын да өзімізді қоршаган дүниені дұрыс тануға болады.

Табиғаттың заңдары сияқты ойлау заңдарын да ешкін ойдан шығармаған. Ойлау заңдары материялық нәрселер дің қажетті байланыстарының адам санасына бейнелену болып табылады. В. И. Ленин былай деген болатын «... логикалық формалар мен заңдар бос қабық емес объективтік дүниенің бейнесі».

Логика — логикалық ойлаудың төрт заңын зерттей ді: тепе-тендік заңы, қайшылық заңы, үшіншісі жоқ за және жеткілікті негіз заңы. Бұл заңдар ойлаудың негізгі сыйпаттарын, яғни біздің ойымыздың анықтығын, қайшылықсыздығын, дәйектілігін және негізділігін білдіреді.

Ойлау дұрыс болу үшін өте дәл және анық, ката-

Некті болып, пікір тақырыбынан шалғай кетпеуі керек
шында ойлауда логикалық қайшылықтар мен екіүштылық
шымдауы керек. Біздің пікірлеріміз және қортындыла-
шымыз дәлелді болуы керек, онысыз олардың сенімді
болуы мүмкін емес.

Логикалық зандар дұрыс ойлаудың міндегі шарты
 болып табылады.

§ 2. Тепе-тендік заны

Бізді қоршаған дүниеде, табиғат пен қоғамда — бар-
ышық нәрсе мәнгі және тоқтаусыз қозғалыста, өзгерісте
болады. Қозғалыс дегеніміз материяның мәнді және одан
найырылмайтын қасиеті. Ол да, материя сыйқты, жара-
тынды емес, құрымайды және мәнгі жасайды. Дүние
дегеніміз — қозғалып тұрған материя.

Бірақ қозғалыс процесінде кейбір материялық дене
уақытша белгілібір тепе-тендік күйінде және салыстыр-
малы тыныштықта болуы мүмкін.

Біз өзіміздің қай танысымызды алсақ та, ол жыл
сайын өзгеріп тұрады, бірақ біз оны өзіміз таныттын
және танымайтын басқа адамдардан бәрібір ажырата
жаламыз; себебі ол танысымыздың өзінің бойында өмір
бойы сақталатын негізгі сыйпаттары сақталып қала
береді.

Өсіп тұрған ағаш үздіксіз өзгеріп, дамуда болған-
мен, ағаш болудан қалмайды.

Міне, осы сыйқты болмыстағы нәрселердің салыстыр-
малы орнықтылығы, анықтығы біздің санамызыға тепе-
тендік заны түрінде бейнеленеді; бұл зан біздің ойлары-
мыздың анықтығын және олардың белгілібір пікірлеу
процесіндегі тұрақтылығын көрсетеді.

Табиғатта және қоғамда нәрселер мен құбылыстар-
лың бір-бірімен араласып кетпей, накты, белгілі өзге-
шеліктері болатыны сыйқты, нәрселер мен құбылыстар
туралы біздің ойларымыз да бір-бірімен араласып кет-
пейі тиіс.

Болмыстың кейбір құбылысы туралы дұрыс пікірлей
отырып, біз өзіміздің ойымызда зерттеп отырған нәрсесі-
ні басқа нәрсемен ауыстырмаймыз, әртүрлі ұғымды ара-
ластырмаймыз, екіүшты ойламаймыз. Ойлаудың дәл,
иңкіл болуы дұрыс ойлаудың заны.

Бұл заның тұжырымдамасы мынадай:

Белгілібір пікірлеуде, таласта, дискуссияда әрбір үғым сол бір мағнада ғана қолданылыу тиіс.

Бұл нағыз элементарлық шартты әрбір жазушы, әрбір баяндамашы, әрбір жарыс сөзде, әңгімелесулерде дискуссияда, таластарда, тағы сол сыйқтыларда сөйлеу шілер орындаулары тиіс.

Әсіреле, біздің тілімізде бір емес, әртүрлі мағнасы бар сөздердің бар екенін еске алсақ, бұл міндетті шартты орындаудың керектігі өте түсінікті болады.

Мысал үшін төмендегі пікірлеуді алайық:

«Барлық вулкандар — тау, ал барлық гейзерлер — вулкан болғандықтан, барлық гейзерлер — тау болады».

Бұл пікірлеуді төмендегі формаға келтірейік:

Барлық вулкандар — тау.

Барлық гейзерлер — вулкан.

Олай болса, барлық гейзерлер — тау.

Бұл пікірлеудегі көртынды («барлық гейзерлер — тау») дұрыс емес, гейзерлердің тау емес екені белгілі. Бұрыс көртындының шығу себебі — пікірлеуде тепе-тәндік заңы бұзылған, яғни логикалық қате жіберілген, оны үғымды алмастыру деп атайды.

Мұның мәні мынада: пікірлеуде «вулкандар» деген сөз әртүрлі екі мағнада қолданылған. Бірінші пікірде «вулкандар» деген сөз жердің белгілі қатпары ретінде айтылған, ал екінші пікірде «вулкандар» деп жаңар таудың атылу процесі айтылып тұр. Үғымның алмасып кетуінің арқасында, яғни сөздің мәні ауысқандықтан «вулкандар» деген сөз екішты мағнада қолданылып отыр. Сондықтан мәні жағынан да, формасы жағынан да көртынды дұрыс болып шықпай отыр.

Кейдे тепе-тәндік заңы саналы түрде, әдейі бұзылады. Оны істің ақыйқат жағдайын бүрмалағысы келген адамдар істейді.

Мәселен, өзінің әңгімелескен адамын біле тұра шастыру мақсатымен бұрыс пікірлеуге ертедегі грек софистері өте шебер болған. «Софизм» деген сөз, яғни біле тұра істелетін логикалық қате осыдан шыққан. Софистер өздерінің пікірлеулерінде ылғый әртүрлі мағнадағы үғымдарды қолданған. Мысалы үшін «мүйізді» деген софизмді талдайық:

Нені жоғалтпасаң сол сенде бар.
Сен мүйізінді жоғалтқан жоқсын.
Олай болса, сениң мүйізің бар.

Сызықтың астында жазылған қортынды көрер көзге шыға. Мұндағы софистердің айласы «жоғалту» деген түрдің екі ұшты талқылануына негізделген. Бірінші жолдағы «жоғалту» деген сез біздегі бар нәрселерге арналған және оларды біз жоғалтқан жоқпыш, ал екінші жолдағы «жоғалту» бізде ешуақытта болмаған нәрсеге арналған. Қортындының дұрыс болуының мүмкін містегі айдан анық.

Софистикалық айла істеу осы күнгі империалистік буржуазияның және оның оңшыл социалистік малай-ларының пікірлеудегі сүйген әдісі. Буржуазия саясатшылары, реакционерлері, жұмысшы табына опасыздық шүшілері ақыйқатты бұрмалауға және сонымен бірге әздерінің пікірлеулерін дұрыс дсп көрсетуге күмар. Сондықтан олар сез болып отырған мәселенің мәнін шатастыру үшін әртүрлі айлалар қолданады.

Мысалы, Біріккен Ұлттар Үйімінің Ассамблеясында совет делегациясы соғыс өртін тұтандырушиларды шыныптайтын қарап ұсынғанда, американ және ағылшын жілдері совет қарапын қабылдатпауға барлық қүштерін салды. Дүниежүзілік жаңа соғысты баспасөзде прогагандалауға тыйым салуымен совет делегациясы сез бостандығына шек қойтысы келеді-мыс деп, олар мәселені қайткенде де шатастыруға тырысты.

Бірақ совет делегациясының басшысы, совет делегациясы бостандықтың өзін шектеу емес, бостандыққа қыянат етушілерге тыйым салуды талап ететінін көрсетті. Бұлар бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар, оларды шатастыруға болмайды. Бостандыққа қыянат етушілерге тыйым салу дегеніміз бостандықты шектеу емес, оны қорғау деген сез. Бостандықтың шатыз дүшпандары АҚШ пен Ұлы Британияның реакцияның топтарының өкілдері, себебі олар бостандыққа қыянат етушілікті қоргайды.

Дұрыс ойлаудың софистикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Кім де кім айналадағы дүние туралы және оның зандылықтары туралы ақыйқат білім алғысы келсе, ол екі ұшты, көмескі, тыянақсыз пікірлеуден аулақ болуы тиіс.

В. И. Ленин ойдың дәлдігіне және анықтығына әр-

уақытта үлкен маңыз берген және дискуссияларда падаланылған ұғымдарды дәл анықтауды талап еткен.

Қандай ғылымда болсын және қандай пікірлеу, болсын ұғымның анықтығы өте маңызды. Сондықтепе-тендік заңын бұлжытпай орында аса қажет.

Бірақ тепе-тендік заңын біздің ұғымдарымыз, оның міндеттес әрқашан тұрақты, өзгермейтін мазмұнды сактау қалуы тиіс деп, теріс түсінуге болмайды. Біздің ұғымдарымыздың, ойымыздың мазмұны сол ұғымдар мен оған бейнеленген нәрселердің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен қатар, ендек қызметі процесіндегі адамның дүние тануы барған сайын көнегіп, терендеудің нің арқасында да ұғымның мазмұны өзгеріп отырады.

Алайда, бір ұғымды қандай мағнада түсіну керек? Анықталғаннан кейін, ол ұғымды сол пікірлеудің барлық процесінде, мазмұнданың бүкіл сол системасында сол бір мағнада қолдану керек, өйтпеген күнде біздің пікірлеуімізде ешқандай анықтық, байланыс, дәйектің болмайды.

Егер бір ұғымды біз белгілібір мағнада қолданатын болсақ, онда пікірлеу процесінде де бұл ұғымда сол мағнаны беруіміз керек. Түрлі ұғымдарды шатастыру оларды бір мезгілде әртүрлі мағнада қолданушылық шатасуға, тез жаңылысатын анық емес пікірлеулердің және жалған қортындылар жасауға әкеліп соқтырады.

Тепе-тендік заңын дұрыс қолдану біздің ойымыздың анықтығын және дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл заңның маңызы осында.

§ 3. Қайшылық заңы

195

Логикалық тепе-тендік заңында материялық дүние дегі нәрселердің салыстырмалы орнықтылығы, анықтығы сыйқты қасиеттері бейнеленген.

Өзінің ғасырлар бойы басынан өткізген тәжрибесінде адам нәрселердің басқа да әдептегі қасиеттерін тарай рет байқаған. Мысалы, бір нәрсенің түсі ақ болса, нақ сол кезде және сол жағдайда оның түсі қара болмай мүмкін емес екенін, егер құс ұшып келе жатса, нақ сол кезде оның бұтақта қонып отыруы мүмкін емес екендігін адам әлдекашан байқаған.

Заттардың осы сыйқты әдептегі қасиеті, дұрыс ойлаудың тұрақты белгісі ретінде, адамның санасына ор-

шеги. Егер заттың белгілібір қасиеті нақ сол жағдайда ше сол кезде ол заттың өзінде бірден болуы да және шимауы да мүмкін болмаса, онда дұрыс ойлауда да бір чілде, бір мағнада алынған бір мәселе жөнінде қара-қарсы екі түрлі пікір айтып, ой қайшылықтарын ту-изуга болмайды.

Дұрыс ойлаудың бұл заңы логикада қайшылық за-
ни деп аталады.

Оның тұжырымдамасы мынадай:

Бір нәрсе туралы, бір уақытта, бір түрғыдан айтыл-
ған қарама-қарсы екі ойдың екеуі де бірден ақыйқат
болуы мүмкін емес.

Егер «Байкал — терең көл» делінген болса, онда со-
нымен бірге, «Байкал — тайыз көл» деп айтуға бол-
майды.

Білімнің немесе практиканың қай саласында болса
та қатысы бар біздің барлық дұрыс пікірлеуімізде бұл
заңың күші сақталады.

В. И. Ленин былай деп жазды: «Эрине, логикалық
ойлау дұрыс болса, экономикалық анализ жасағанда
а, саяси анализ жасағанда да «логикалық қайшылық»
шымдауы керек».

Ленин пікірде логикалық қайшылықтың болмауын
ордайым атап көрсеткен болатын.

Меньшевиктердің пікірлеулеріндегі қайшылықты аша
отырып, буржуазияның бұл агенттерінің идеологиясына
Ченин талай рет соққы берді. «Мемлекеттік думаға бой-
мот жариялау керек пе?» деген мақаласында
В. И. Ленин: «меньшевиктердің тактикасы қайши және
шығындық...» деп жазды.

Меньшевиктердің берекені кетірмекші болған зиян-
кестік істерін және олардың партияның екінші съезінے
қарсы принципіз шабуыл жасауын өшкінерелей отырып,
Сталин жолдас өзінің «Жасасын деп бастап, топырағы
төрқа болсынмен аяқтады» деген мақаласында, меньше-
виктердің пікірлеуіндегі логикалық қайшылықтың бетін
шыты. Меньшевиктер екінші съездің заңды екенін мойын-
даумен бірге, бұл съездің қабылдаған программасы-
тың заңды екенін теріс дей алмады. Мұның өзі көріне
шеше қайшылық еді.

Буржуазия саясатшылары мен дипломаттары үнемі
іздеріне өздері қайши қеліп отырады. Мәселен, сыртқы
шегер министрлерінің Москвада болған мәслихатында

АҚШ-тың өкілі өзінің сөйлеген сөзінде тікелей қаралған қарасы пікірлерді айтты: ол сөзін бастаған кезінде АҚШ-тың делегациясы Потсдам келісімін бұзғысы көмейді деп сендірді, ал сөзін аяқтар кезінде келісімде проектінде халықаралық қауіпсіздік пен жаппай бейбі шілікті қамтамасыз ету туралы мәселенің Потсдам конференциясының қараптарына сәйкес қойылуына қаралды.

Дұрыс ойлау бір мәселе жөнінде бір мезгілде бірінші бірінші теріске шығаратын, біріне-бірі қайши, дәйексіз, қаралады қарасы екі пікірге негізделуі мүмкін емес.

Ал бір мәселе жөнінде түрлі уақытта, әртүрлі түрғыдан қарама-қарасы екі пікір айтуға бола ма? Әбден болады. Мұнда логикалық қайшылық болмайды.

Бір жай мысал алайық, Бидай егісіне, жарты айдың ішінде бірінші рет, 15 май күні жаңбыр жауды. Ол бір дайдың көктеп шығуына пайдалы ма, жоқ зыянды м... Эрине, пайдалы. Ал егер ол егінге жаңбыр бидай пісіп орақ басталғанда, июль айында, жауса, онда жаңбыр зыянды болар еді.

Демек, бір егіске түрлі уақытта жауған жаңбырдың пайдасы «бар» деп те, «жоқ» деп те айтуға болады. Бір егіс туралы бұлай деп айтылған екі пікірдің арасында қайшылық жоқ.

Ал осы июль айында бидай егісіне зыянды болған жаңбыр помидор, капуста және қыяр өсіп түрған оғородқа пайдалы болып шығады. Олай болса, бір мезгілде жауған жаңбырдың әртүрлі дақылдардың түрғысынан алғанда пайдасы «бар» деп те және «жоқ» деп те айтуға болады.

Демек, қостап айтылған және теріске шығарып айтылған пікірлер бір мезгілде, бір нәрсе туралы айтылса да қайшылық болмайды; бірақ бұл жағдайда пікір қостап айтылғанда нәрсе бір түрғыдан қаралады да, ал пікір теріске шығарылып айтылғанда — нәрсе екінші түрғыдан қаралады.

Қайшылық заңы бір уақытта, бір түрғыдан айтылған қарама-қарасы екі пікірдің екеуі бірдей ақыйқат болуы мүмкін емес дейді. Бірақ бұдан оның екеуі де жалған пікір болуы мүмкін емес деген түсінік шығады.

Мысалы, мынадай: «Біздің группадағы оқушылардың барлығы — ғұлымдар» және «Біздің группа-

«...бір оқушы отличник емес», деген қарама-қарсы тұрлардің екеуі бірдей ақыйқат болуы мүмкін емес, алған оның екеуі де жалған болуы мүмкін. Бұл жағдайда «Біздің группада кейбір оқушылар отличник» деген алқір ақыйқат пікір болып шығады.

Сүйтіп, қайшылық заңы қарама-қарсы екі пікірдің «...уі бірдей ақыйқат болмайтындығын ғана көрсетеді, алған олардың біреуінің немесе екеуінің бірдей жалған көнін сөз қылмайды.

Қайшылық заңын дұрыс түсіну және колдану үшін, дұрыс ойлауда болуға тиісті емес логикалық қайшылықтарды өмірдің өзінде кездесетін қайшылықтардан, «...болмыстың өзінде болатын, біздің ойлауымызға тәуелсіз үшішіліктерден айыра білу керек.

В. И. Ленин екі түрлі қайшылық: «өмір қайшылығы», және «дұрыс пікірлемеу қайшылығы» бар дейді.

Олардың негізгі айырмашылығы сол, өмір қайшылығы — объективтік болмыстың өзінде кездеседі, ал дұрыс пікірлемеу қайшылығы — «ойдан ышғарылған», «сөз жүндегі» қайшылық.

Буржуазия дипломаттары мен меншевиктердің пікірлеулері туралы мысалдан көргеніміз сыйкты, кейде қайшылықтың логикалық заңы біреуді шатастыру мақштымен әдейі, біле тұра бұзылатын болғандықтан, логикалық қайшылықтардың себептерін анықтаудың маңызы зор.

В. И. Ленин және И. В. Сталин өздерінен қарсы шамдардың сөздеріндегі және кітаптарындағы логикалық ерсіліктердің бетін ашумен қанағаттанып қоймай, әнымен қатар, буржуазия идеологтары мен олардың шортунист агенттерінің пікірлеулеріндегі қайшылықтардың жасырын сырның шын мәнін білуге әруақыт көпіл аударып отырды.

Кайтаптың болмасын, қайи партияның болмасын өкілдері іс жүзінде қысынысыз теріс жолға түскен күнде, шамдардың ылғый алдаушылықка, сүркія сөзге салынып, үүрсендеп, жалтаруға түсетіндігін өмірдің өзі көрсетіп тұр. Мұндай жағдайда адамдар кажетті түрде өзіне өзіншіші келе бастайды.

Мәселен, меншевиктер ылғый буржуазия мен пропагандатар арасында, революция мен контрреволюция орында қобалжуда болып келді. Мұның өзі олардың алғылық логикасына таңба салды. Олардың «сөзі мен

ісінің арасында,— дейді И. В. Сталин,— күтыла ал-
мастай қайшылықтар болуының, олардың ой-пікірінде
үнемі сенімсіздік және қобалжу болуының себебі осы-
дан».

§ 4. Үшіншісі жоқ заң

Үшіншісі жоқ заң да, басқа логикалық заңдар сияқты, материялық болмыстың біржағының біздің санамызға бейнеленуі болып табылады.

Атап айтқанда, қай жағы бейнеленеді? Мұны мынадай мысалмен түсіндірелік: біздің үйдің алдында өсіп тұрған ағаш не қайың, не қайың емес, ал үшінші бір зат болуы мүмкін емес; біз жазып отырған сыя не қарына сия, немесе басқа түсті сия, яғни қара сия емес.

Адам практикасында миллиард рет қайталаған сияқты жай фактылардың байланысы үшіншісі жоқ түрінде біздің санамызға бейнеленген.

Бұл заңның тұжырымдамасы мынадай:

Бір уақытта, бір тұрғыдан алынған бір нәрсе тұрғының қайши екі ойдың әруақытта біреуі ақыйқат, екіншісі — жалған болады, ал үшінші ой болуы мүмкін емес.

Бұл заң дұрыс ойлауда қолданылады. Бұл заң сүйеніп, біз қайши екі пікірдің қайтсе де біреуі ақыйқат, екіншісі жалған болады және ешқандай аралық пікір, үшінші пікір болуы мүмкін емес, деп толық сенім мен айта аламыз.

Біздің бұл сеніміміз болмыстағы фактыларға негізделеді, ал бұл фактыларды үшіншісі жоқ заң бейлейді.

Үшіншісі жоқ заң қайши пікірлерге қолданылады. Дара пікірлер де қайши пікір болуы мүмкін. Олар біреуі бірдецені қостаса, екіншісі оны теріске шырады.

Мысалы:

«Ока — Волганың саласы» және.

«Ока — Волганың саласы емес».

Бұл пікірдің біреуі ақыйқат, екіншісі — жалған. Мұнда ешбір аралық пікір, үшінші пікір болуы мүмкін емес. Егер бір адам: Ока — Волганың саласы емес, ба-ка бір өзеннің саласы десе, ол үшінші, аралық пікір, лып шықпайды; үйткені, ол «Ока — Волганың саласы емес» деген пікірге дәл келер еді.

Бір-біріне қайшы келетін пікірлерге мынадай екі пікір де жатады: олардың біреуі — жалғыз, екіншісі — жеке пікір болады, мұнда бұлардың біреуі бірдене жөнінде костаса, екіншісі оны теріске шығарады.

Мысалы:

«Венгрия халқының барлығы мадьярлар» және

«Венгрия халқының кейбіреулері мадьярлар емес».

Бұл пікірлердің біреуі қайтсе де жалған, екіншісі — ақыйқат болады, ал үшінші пікір болуы мүмкін емес.

Бір-біріне қайшы келетін пікірлер әрқашан қандай болмасын бір альтернативаны білдіреді, яғни екі мүмкіншілік бар екенін білдіреді, бұл мүмкіншілікттер бірін-бірі теріске шығарады. Егер бұл пікірлер альтернативаны білдірсе, онда олар бір-біріне қайшы емес, онда пікірге үшіншісі жоқ заң қолданылмайды.

Мынадай мысалды алып көрейік.

Қозғалып бара жатқан дене туралы екі пікір айтылуы мүмкін: «Қозғалып бара жатқан дене осы кезде берілген нүктеде тұр».— «Қозғалып бара жатқан дене осы кезде берілген нүктеде тұрған жоқ».

Бұл екі пікір альтернатива емес, сондықтан бір-біріне қайшы келмейді, үйткені «Қозғалып бара жатқан дене берілген уақыттың ішінде берілген нүктеде тұр және онда тұрған жоқ» деген бірден-бір дұрыс мүмкіншілік бар. Үшінші сөзben айтқанда, қозғалып бара жатқан дененің берілген уақыттың ішінде берілген нүктеде тұратын және айтын қасиеті бар.

Егер біреу қозғалып бара жатқан дененің ондай қасиеті жоқ десе, онда альтернативті екі пікір, бір-біріне қайшы келетін екі пікір болып шығар өді. Оның: біріншісі — ақыйқат, екіншісі — жалған пікір; ешқандай аралық болуы мүмкін емес.

Ішіншісі жоқ заң — біздің пікірлеуіміздің елеулі сыйпатын білдіреді. Егер қайсы бір қағыйданы қостау мен оны теріске шығарудың арасында аралық пікір жоқ болса, әурақыт айқынсыздықты жойып, осы екі пікірдің қайсы ақыйқат, қайсысы жалған екенін айқындау көрек.

“Егер сонда бір пікірдің ақыйқат екені анықталса, онда оған қайшы келетін пікірдің жалған екені туралы занды қортынды шығады; және оған сәйкес, керісінше: егер бір пікірдің жалған екені анықталса, онда оған қай-

шы пікірдің ақыйқат екені туралы заңды қорты шығады.

Үшіншісі жоқ заңды білу бұл пікірлердің қайсы ақыйқат, қайсысы жалған екенін шешүге, әрине, түркілікке жеткіліксіз. Бұл мәселені өздері туралы алдынала пайтылған нәрселерді немесе күбылыстарды зерттеу арлы ғана шешүге болады.

Бірақ егер де, біз бір-біріне қайши келетін екі пікір кез болып, олардың ақыйқаттығын немесе жалғанды білмесек, соның өзінде де біз олардың біреуі қайтса ақыйқат, ал екіншісі — жалған деп, сенімді түрде алаамыз.

Үшіншісі жоқ заң принципіздікке қарсы бағыттаған, бір мәселе жөнінде бірін-бірі жоққа шығарат көзқарастарды шатыстыруға қарсы бағытталған әртүрлі Логикалық жағынан дұрыс ой принципиалды болуы түркілік Меньшевиктер мен оппортунистердің пікірлерінде үшіншісі жоқ заңның, басқа заңдар сыйқты, өнебойы бұлымып отырғандығы кездейсоқ нәрсе емес.

Оппортунист, дейді Лепин, өзінің табиғатына сәйкес мәселені ашық жөне үзілді-кесілді қоюдан тайып шыды, қандай да болса, соған барабар келетін бірден іздейді. В. И. Ленин оппортунисті бірін-бірі жоққа шыратып екі көзқарастың арасында ирелендеп жүрет өзінің алауыздығын түзетуге, күдіктенуге, істің жақ болуын тілегендікке тенеп, олардың екеуіне де қосылғы келетін су жыланға тенейді.

Әрине, принципіздік пен ымырашылдық оппортунистердің логика заңдарын білмегендігінен туып отыр түсінуге болмайды. Олар екіжүзді саясат жүргізгенде тен бұл заңдарды бүзады. Шатасқан, шалағай саясат логикалық шатасу туғызады.

§ 5. Жеткілікті негіз заңы

Материялық дүниедегі әрбір күбылыстың өзінің себебі өзінің реальдық негізі болады. Себептегі туган күбылысты әрекет деп атайды. Себепсіз әрекет жоқ, ал әрбір себебі әрекет туғызады. Өзен қатады, үйткені оны қоршаған ауаның температурасы төмендейді, тутін жоғары көтөрді, үйткені ол қоршаған атмосферадан жеңіл, тағы сыйқты.

Нұнисде себепсіз құбылыс жоқ. Егер құбылыс басқа ғалымдардың өткендегі дамуы арқасында дайындалып шылмассе, табиғат пен қоғамда ешбір құбылыстың пайда шыны мүмкін болмас еді.

Нұрселер мен құбылыстардың объективтік дүниедегі мындағы өзара байланысы адамның ойна **жеткілікті негіз** түрінде бейнеленген.

Жеткілікті негіз заңының тұжырымдамасы мындағы: **Әрбір ақыйқат ой дәлелді болуы тиіс.**

Бұл заң дұрыс ойлаудың қажетті шарты болып табылады. Табиғатта барлық нұрселердің өзіне лайық, реальдік негізі болатыны сыйқты, болмысты бейнелейтін біздің шынымыз да негізді болуы тиіс.

Жеткілікті негіз заңы ешинарсемен дәлелденбекен пікірлерге нанып, оларды қабылдай салатын логикасыз шылдауға қарсы, әртурлі діни ырымшылдыққа және жоққа шашшылікке қарсы бағытталған заң.

Егер математик квадраттың диагоналдары өзара тең болса, онда ол өзінің айтқанының ақыйқат екенін пікірлеу мүмкілік береді. Егер біз оның дәлелін сенерлік дәлел тапсак, онда дәлелденіп отырған қағыйданы мойыншынымыз керек болады.

Пікірдің дәлелсіздігі ойлаудың логикасыздығын көрсетеді. Дұрыс құрастырылған жазба баяндамада, сөйлітін сөзде, мақалада, жазба жұмыстарда, тағы сол миқтыхыларда істің жағдайы әруақыт фактіларға, практикада тексерілген басқа ақыйқат қағыйдаларға, заңға және ережелерге негізделеді.

Мәселен, мынадай пікірлер ерекше негіздеуді керек шарттары майды. «Бұл бөлмеде төрт терезе бар», «шам кигізес люстра төбеле ілінген», «кітап стол үстінде жатыр», шыны сол сыйқтылар.

Мұндай пікірлердің ақыйқаттығы өзінен өзі көрініп шарттар Сондықтан сезім мүшелерінің білдіруінен басқа оған шашшылдай дәлелдеу керек емс.

Мәселен, мынадай пікірлер де ерекше дәлелдеуді керек шарттары майды: «Бүтін өзінін белгінен үлкен», «Әрқайсысы шашшылшыл бір шамаға тең екі шама өзара тең болады», тағы шашшылшыл сыйқтылар. Мұндай пікірлер **аксиома** деп аталады. Шашшылшыл шарттар дәлелдеуді керек қылмайтын қағыйдалар, шашшылшылшыл олар адам практикасында миллион рет төкседен.

Белгілібір ойдың ақыйқаттығын дәлелдеудің ең сенім-

ді және ең дұрыс жолы, әрине, фактыларға тікелей нең делген дәлелдеу болып табылады.

Бірақ әруақыт тікелей фактыларға сүйену мүмкін емес. Мәселен, органикалық тіршіліктің бұдан бір жарық екі миллиард жыл бұрын шығуы туралы пікірдің акыйқа екенін дәлелдеуге тіршіліктің ең алғаш пайдада бола бастағанын көрсететін факты келтіру мүмкін емес.

Сонымен қатар, ойдың акыйқат екендігін дәлелдеудің әрдайым тікелей факты келтіріп жатудың да ешбір қаже жоқ. Практикада кездесетін жеке уақыйфаларға көз жып, құл болмау үшін адам табиғаттың зандарын білу тырысады.

Жеке нәрселерді одан әрі танып, біле беру үшін жәсол жеке нәрселер туралы пікірлерді логикалық жолмен дәлелдеу үшін адам тәжрибеден қорытылған пікірлер қолданады.

Оны мына мысалмен көрсетейік: мыстың электр өткізетіндігін екі жолмен дәлелдеуге болады: тәжрибе жымен (мыс сым арқылы тоқ жіберумен) немесе тек логикалық пікірлеу жылымен (мыс — металл, барлық металдар электрді жақсы өткізеді, олай болса, мыс электр жақсы өткізеді).

Басқа пікірлердің дұрыстығын дәлелдеу үшін келтірлетін пікірлерді **логикалық негіз** деп атайды.

Логикалық негізді **реальды негізбен** шатастыруға болмайды. Мәселен, үйдің іші жылы дегенде, біз термометрдің көрсетуіне сүйенімізге болады. Мұндай сүйену біздайтқанымыздың логикалық негізі болып табылады. Әрине термометрдің көрсетуі үйдің ішінің жылы екендігін реальды негізі бола алмайды. Реальды негіз — пешт, немесе жылышты системасы батареясының үйді жылышты болады.

Екінші мысал: оқушы жануардың немесе өсімдіктің тіршілік жағдайында пайдада болған қасиеті түкүм күлайды деп, дұрыс пікір айтты. Осы ойдың дұрыс екендігін дәлелдеу үшін ол табиғаттың ұлы өзгертушісі И. В. Мичуриннің іліміне сүйенеді. И. В. Мичурин іліміне сүйене логикалық негіздеу болып табылады.

Логикалық негіз болмыстағы фактылардың бейнеле болса ғана негіз бола аллады, екінші сөзбен айтқандай әрбір логикалық негіз әрдайым реальды негізбен байланысты. Біз келтірген мысалда мичуриндік ілім жеткілік

и логикалық негіз бола алады, үйткені бұл ілім болмыс-
шиң фактalaryна негізделген.

Жеткілікті негіз заңының ойлау процесінде аса үлкен маңызы бар. Біреуді өзіміздің айтқандарымыздың ақый-кітаптығына сендіру керек болатын әрбір жағдайда сол айтқандарымызды дәлелдеуіміз керек. Бір пікірді дәлелдесу дегеніміз — оны негіздеу деген сөз, яғни жеткілікті негіз ретінде практикада дәлелденген ақыйқатқа жатастын басқа пікір келтіру керек.

Кім жеткілікті негіз заңын бұзса, сол өзінің пікірле-
уінде ешуақыт дұрыс қортындыға келе алмайды.

Әртүрлі діндер дәлелдемей ойлауға бейімделуді тәр-
биелейді. Олар «діни» кітаптардың айтқанына сенуді үйретеді және өрескел ырымшылдық пен жоққа сенушілікті таратуға жәрдемдеседі. Біздің заманымызда да жоққа сенуші адамдар бар; олар, мәселен, айна сынса, бақытсызылдыққа үшырайсың, таңертең «сол аяқты» бұрын басып тұрсан, жаманшылық болады деген сыйқты ырымдарға сенеді. Бұл айтқандардың біреуі де ешнәрсеге негізделмеген және болмыстың фактalaryмен жанаспайды.

§ 6. Логикалық заңдардың маңызы

Біз қарастырып өткен төрт заң (тепе-тендік заңы, қайшылық заңы, үшіншісі жоқ заң, жеткілікті негіз заңы) дұрыс ойлаудың негізгі сыйпаттары — анықтылығын, қайшылықсыздығын, дәйектілігін, дәлелділігін білдіреді.

Дұрыс ойлау заңдары жеке жағдайда кай пікірдің ақыйқат, қайсысының өтірік екенін бізге көрсете алмайды. Ақыйқат әруақыт нақты, айқын болады, яғни айырықшалық туралы мәселе белгілі нақты жағдайда, сол мәселе-нің мәнін білу негізінде шешіледі.

Бірақ логикалық заңдарды сактамайынша, ақыйқат білімге жетуге бомайды. Ол заңдар — дұрыс ойлаудың өзінен айыруға болмайтын қасиеті. Біз дұрыс ойлаған уақытта, сол заңдарды қолданамыз және оны өзіміз сезбей де қаламыз. Бірақ ол заңдарды саналы түрде пайдаланбау, саналы түрде пайдаланумен салыстырғанда, ойлау мәдениетінің тәменгі сатысында тұргандықты көрсетеді.


Совет адамы дүние жүзіндегі ең мәдениетті адам; ол дұрыс ойлауы үшін және біздің халқымыздың дүшпандарының негіzsіз көпірген сөздерін, өтріктерін, өсек-жала-

ларын әшкөрелеуі үшін логика заңдарын саналы түрде пайдалана білуі керек.


Логикада зерттегілік ойлауда заңдары ойлауда заңдарының барлығын тегіс қамтый алмайды. Табиғат, қоғам және ой дамуының неғұрлым жалпы заңдары — диалектикалық заңдар бар. Бірақ оларды зерттеу логиканың шеңберінен шығып кетеді. Диалектикалық заңдарды зерттеу, диалектикалық материализм дең аталатын, басқа ғылымның міндетіне жатады.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР


1. Логикалық заң дегеніміз не?
 2. Тепе-тендік заңының мәні неде? Ол өмірдің кай жағын бейнелейтінін көрсетіңіз.
 3. Тепе-тендік заңын бұзғандықтың мысалын көлтіріңіз.
 4. Кайшылық заңының мәні неде?
 5. Кайшылық заңын бұзғандықтың мысалын көлтіріңіз.
 6. Үшіншісі жоқ заңының мәні неде?
 7. Жеткілікті негіз заңының мәні неде?
 8. Логикалық заңдардың қандай маңызы бар?
-



16-чертёж.



17-чертёж:



18-чертёж.

... жарым-жартысы туралы ғана кортынды жасай мүмкіз.

Мысалы:

Барлық галогендер (M) — элемент (P).
Аргон (S) галоген емес (M).

Егер біз бұл алғышарттардан «аргон элемент емес» мәнен кортынды жасасақ, онда қате жібереміз, оны «ул-түшінген терминді орынсыз көңейту» деп атайды.

Алғышартта үлкен термин таратылмаған (галогендерден басқа элементтер де бар). Кортындыда (терістеу-

ді (« S -тердің бірде-біреуі P емес»), не ең акырында, 3) P -ның құрамына бір бөлігі кіреді де, екінші бөлігі кірмейді (« S -тердің кейбіреулері P »).

Олай болса, орта термин таратылмаған алғышарттардан сенімді кортынды жасауға болмайды. Силлогизмнің екінші ережесін бұзу жеткілікті негіз заңын бұзған болып шығар еді.

Үшінші ереже.
Кортындыдағы терминдердің көлемдері алғышарттардағы көлемдеріндей болуға тиіс.

Терминдер алғышарттарда қай заттарды көрсетсе, қортындыда да сол заттарды көрсөтеді. Соңдықтан қортындыдағы терминдердің көлемі алғышарттардағы көлемдерінен үлкен болмауы керек.

Егер алғышартта термин көлемінің жарым-жартысы алынған болса,

ші пікірде) ешбір негіз болмаса да, ұлқен термин түлған болып шығады, оның көлемі кеңейтіліп отыр, жеткілікті негіз заңын бұза отырып, шындығында, а элемент бола тұрса да, аргон туралы теріс қорты шығарамыз.

Басқа мысал:

Барлық газдар (M) қыздырғанда (P) ұлғаяды.
Кейбір физикалық денелер (S) — газ (M).

Егер бұл алғышарттардан «барлық физикалық дәлдер қыздырғанда ұлғаяды» деген қортынды шығару онда біз, қателескен болар едік, мұны **кіші терминорынсыз кеңейту** деп атайды,

Біздің алғышарттарымыздан: кейбір физикалық дәлдер қыздырғанда ұлғаяды деген бір ғана қортынды шығады. Бұл алғышарттардан барлық физикалық дене туралы қортынды жасау — жеткілікті негіз заңын бір болып табылар еді, үйткені біздің қортындымыз ол алғышарттардан шықпаған болар еді. Шындында да бел жағдайда жылытқан кезде көлемін кішірейтетін сұяқты физикалық денелер де бар.

Төртінші ереже. Екі терістеуші алғышарт қортынды шығаруға болмайды; егер алғышарттың бір терістеуші болса, онда қортынды да терістеуші болады.

Мысал келтірейік:


Бірде-бір электрон (M) тыныштықта тұрмайды (P).
Протон (S) электрон емес (M).

Бұл алғышарттардан «Протон тыныштықта тұрады деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Бұл алғышарттарда тіпті қортынды шығаруға болмайды.


Егер екі алғышарт та терістеуші болса, онда оған терминнің силлогизмдегі басқа екі терминмен ешқандай байланысы болмайды деген сөз. Ал S -пен де және P -мен де M -ның байланысы жоқ болса, онда P -ның S пен M көдай қатынаста екенін айыруға мүмкіншілік жоқ.

19, 20, 21, 22-чертёждер терміндердің терістеуші алғышарттардағы орналасуын көрсетеді. M термині S -тіңде, P -мен де байланысты емес, сондыктан S -пен P -нің қатынасы жөнінде, біз анық ешнәрсе айта алмаймыз.


Ал егер силлогизмнің екі алғышарттарының бірі ғана терістеуші алғышарт болса, онда қортынды шығару болады және ылғый да терістеуші қортынды шығады.




19-чертёж:



20-чертёж.



21-чертёж:



22-чертёж.

Мысал келтірейік:

Бірде-бір споралы өсімдік (M) тұқымынан (P) өсіп-өнбейді. Мүк (S) — споралы өсімдік (M).

Бұл алғышарттардан ақыйқат заңды түрде жалғыз-ақортынды шығады: «Мүк тұқымынан өсіп-өнбейді».

Егер алғышарттардың біреуі терістеуші болса не се бепті әруақыт қортынды терістеуші болады? Біздің кел тірген мысалымызда үлкен алғышарт M мен P терминде рінің арасында байланыс жоқтығын көрсетеді. Біраң S термині M -ның құрамына кіреді, олай болса, силлогизм-нің аксиомасы бойынша, S пен P -ның арасындағы байланыс та терістеледі.

Егер үлкен алғышарт емес, кіші алғышарт терістеуші болған болса, онда S пен M -ның арасындағы, демек, S пен P -нің арасындағы байланыс терістелген болар еді.

Сүйтіп, алғышарттардың біреуі терістеуші болса, онда қортынды да терістеуші болады. Сондай-ақ, керісінше айтқанда: терістеуші қортынды алғышарттардың біреуі терістеуші болған жағдайда ғана шығады. Қостаушы алғышарттардан терістеуші қортындының шығуы мүмкін емес.

Бесінші ереже. Екі жекеше алғышарттан қортынды шығаруға болмайды; егер алғышарттардың біреуі жекеше болса, онда қортындысы да жекеше болып шығады.

Бұл ереже предикаты таратылмаған жекеше алғышарттарға қолданылады.

Мысал келтіріп көрейік:

Кейбір студенттер (M) — шахматшы (P).

Біздің заводтың кейбір жұмысшылары (S) — студент (M).

Бұл алғышарттардан «Біздің заводтың кейбір жұмысшылары — шахматшы» деуге бола ма? 23 және 24-чертеждер мүндай қортындының міндетті емес екенін көрсетеді. Екі алғышартта да орта термин тартылмағандықтан бұл алғышарттардан бірден-бір мүмкін қортынды шығаруға болмайды (екінші ережені қараңыз).

Егер алғышарттардың бірі жеке пікір болса, онда қортындыда жалпы пікір шығаруға болмайды. Оны төмендегі мысалдан көреміз:

Кейбір санырауқұлактар (M) жеуге келеді (P).
Барлық санырауқұлактар (M) — өсімдік (S).


Кіні термин алғышартта таратылмағандықтан кортындыда да таратылмауға тиіс (3-ережені қараңыз). Олай болса, кортынды тек біреу болуға тиіс: «Кейбір өсімдіктер жеуге келеді».

Улкен алғышарт емес, кіші алғышарт жекеше пікір молатын жағдайда да, үшінші ережеге сәйкес, жекеше ортынды шығады.


Мысалы:

Таулы жердегі өзендердің барлығы (M) қатты ағады (P). Біздің республиканың кейбір өзендері (S) — таулы жердіңі (M).

Олай болса, біздің республиканың кейбір өзендері (S) қатты ағады (P).



23-чертёж.



24-чертёж.

Сүйтіп, алғышарттардың бірі жеке пікір болса, кортынды да жеке кортынды болады. Алайда екі алғышарт жалпы болса да жеке кортынды шығуы мүмкін.

Мысалы:

Вольфрамның (*M*) балку температурасы жоғары болады (*P*).

Вольфрам (*M*) — металл (*S*).


Олай болса, кейбір металдың (*S*) балку температурасы жоғары болады (*P*).

Бұл алғышарттардан жалпы қортынды шығару болмайды, үйткені ол жеткілікті негіз заңын көрсете үшінші ережені бұзғандық («кіші терминді орынсыз ңайту») болып табылар еді.

§ 6. Силлогизм фигуралары туралы түсінік

Орта термин силлогизмде әртүрлі орын алуы мүмкін, ол екі алғышарттың екеуінде де бастауыш немесе екеуі де де баяндауыш болуы мүмкін, ол бір алғышартта бастауыш, екінші алғышартта — баяндауыш болуы да мүмкін. Орта терминнің алғышарттардағы алатын орны на қарай силлогизмде төрт фигураның барын байқаймын.

Ол фигураларды төменгі схемамен көрсетуге болады:



25-чертёж.

Әр схема екі алғышартты және олардың арасындағы байланысты көрсетеді. Горизонталь сызықтар алғышарттардағы терминдер арасындағы байланысты, ал қыйғаш және тіке сызықтар алғышарттардың өздерінің арасындағы байланысты көрсетеді. Суретте қортынды көрсетілген, үйткені олардың схемасы барлық фигураларға бірдей: *S — P*.

Терминдердің симметриялық орналасуы фигуралар-

и айырмашылығын оңай есте қалдыруға жәрдем етеді.
Ол айырмашылықтар төмендегілер:

1-фигура. Орта термин — үлкен алғышарттың бастаушы, кіші алғышарттың баяндауышы болады.

Мысалы:

Діннің қайсысы болсын (*M*) халықтың басын уландырады (*P*).

Христианство (*S*) — дін (*M*).

Олай болса, христианство (*S*) — халықтың басын уландырады (*P*).

2-фигура. Орта термин екі алғышартта да — үлкен жоне кіші алғышарттарда — баяндауыш болады.

Мысалы:

Насекомдардың (*P*) аяқтары үш пардан артық болмайды (*M*).

Өрмекшілердің (*S*) аяқтары үш пардан артық болады (*M*).

Олай болса, өрмекшілер (*S*) — насеком емес (*P*).

3-фигура. Орта термин екі алғышартта да — үлкен жоне кіші алғышарттарда — бастауыш болады.

Мысалы:

Теңіз губкасы (*M*) өздігінен қозғала алмайды (*P*).

Теңіз губкасы (*M*) — жәндік (*S*).

Олай болса, кейбір жәндіктер (*S*) өздігінен қозғала алмайды (*P*).

4-фигура біздің ойлау практикамызда сирек қолданады, сондықтан біз оны бұл жерде қарастырмаймыз.

§ 7. Силлогизмнің жекетүрлері

Силлогизм құрамына саны мен сапасы жағынан әртүрлі пікірлер кіреді: жалпықостаушы, жалпытерістеуші, жекестаушы және жекетерістеуші пікірлер. Пікірлердің үласуына қарай **силлогизмнің жекетүрлері** немесе **модусы** пайда болады.

Мәселен, силлогизм үш жалпықостаушы пікірлерден кіралуы мүмкін — ол ААА модусы болады.

Эрине, үш пікірдің үласуының бәрі бірдей модус бермейді. Мысалы, ЕЕА модусы (терістеуші алғышарттардан шығатын костаушы көртінды) немесе IAO

модусы (қостаушы алғышарттардан шығатын терістеу қортынды), немесе ЕОО модусы (екі терістеуші алғышарттан шығатын қортынды), тағы басқа да сондай мұдустар болуы мүмкін емес.

Кесімді силлогизм ережелеріне қайшы келмейтін пікірлердің уласуы мұдус болады.

Мысалдар:

1-фигура *A. Қозғалыстың қандай болса да (M) — материяның қозғалысы (P).*

Модус AAA. *A. Дененің кеңістікте орын ауыстыруы (S) — қозғалыс (M).*

A. Дененің кеңістікте орын ауыстыруы (S) — материяның қозғалысы (P).

2-фигура. *E. Бірде-бір бейбітшілік пен демократияны жақтауши (P) агрессорларды қолдамайды (M).*

Модус EAE. *A. Оңшыл социалистер (S) агрессорларды қоғайды (M).*

E. Оңшыл социалистер (S) бейбітшілік пен демократияны жақтаушылар смес (P).

3-фигура. *A. Росянка (M) насекомдармен тамактанды (P)*

Модус AAI. *A. Росянка (M) — өсімдік (S).*

I. Қейір өсімдіктер (S) насекомдармен тамактанды (P).

§ 8. Фигуралардың сыйпattамалары

Әр фигура модусының құрамы фигураның ерекшеліктерін анықтайты, атап айтқанда:

1-фигура. Улken алғышарт міндетті түрде жалпы болуы, ал кіші алғышарт қостаушы болуы керек.

Кіші алғышарт терістеуші мышадай ой қортындысы алайық:

A. Поляр шенберінің сыртындағы қалалардың барлығын түн күндізгідей жарық болады.

E. Ленинград поляр шенберінің сыртында емес.

E. Ленинградта түн күндізгідей жарық болмайды.

Алайда Ленинградта күндізгідей жарық түндер болды. Біздің бұл мысалда қортынды дұрыс болмай шықты. Үйткені бірінші фигураның ережесі бұзылды (силлогизм нің ушінші ережесімен салыстырындар).

2-фигура. Улken алғышарт міндетті түрде жалпы болуы, ал алғышарттардың біреуі терістеуші болуы керек.

Бұған қарағанда екінші фигура бойынша жасалған қортынды әруақыт терістеуші болуы керек.

Бұл ереже бойынша мынадай ой қортындысын жасау мүмкін болmas еді.

• Барлық металдар электрді өткізеді.

• Бұл зат электрді өткізеді.

Бұл зат — металл.

Мұндай силлогизм дұрыс болмаған болар еді, үйткені мұнда екінші фигураның ережесі бұзылған (силлогизмнің екінші ережесімен салыстырындар).

3-фигура. Қіші алғышарт міндетті түрде қостаушы болуы, ал қортынды жекеше болуы керек.

Силлогизм фигураларының ережелері осындаиді; фигуралардың бұл ережелері силлогизмнің жалпы ережелерін фигураларға қолдану болып табылады.

§ 9. Силлогизмнің дүние тану жөніндегі маңызы

Силлогизм фигуралары мен модустары заттардың реалды қатынастарын бейнелесе ғана дұрыс болады. Дұрыс формалардан шалғай кетушіліктің қандай болса да бұрыс, үйткені бұл болмысты дұрыс бейнелемейді.

Бұл айтылғаннан ойлаудың бір формасы—силлогизмнің дүние тану жөнінде қандай маңыз алатындығын түсіну қыйын емес: реалды қатынастарды бейнелей отырып, силлогизмнің дұрыс модустары бізге сол реалды қатынастарды білуге мүмкіншілік береді.

Мысалы, AEE модусын алайық. Ол болмыстың жай фактисын бейнелейді: егер бір класқа жататын нәрселердің барлығында бір белгілер болып, біздің назарымызды аударған нәрседе мұндай белгілер болмаса, онда біздің назарымызды аударған нәрсе бұл класқа жататын нәрселер қатарына кірмеген болып шығады.

Мысалы, егер әрбір тірі клеткада белок бар болса, гипстың кристалдарында белок жоқ; олай болса, гипстың кристалдары тірі клеткалар қатарына жатпайды.

Заттардың бұл сыйқты жай қатынастары біздің сана-мызға AEE модусы формасында бейнеленген. Заттардың белгілібір қатынастарын бейнелейтін силлогизмнің басқа модустары да осылай пайда болады.

Мұның өзі силлогизм модусының белгілібір формалары түрінде болмысты тануымызға мүмкіншілік береді.

Мәселен, бірінші фигураның модустарымен мынадай жағдайларда пайдаланамыз: егер дара немесе жеке жағдайды жалғы ережеге келтіру керек болса, немесе неғұрылым жалпы ережеден онша жалпы емес ережені бөлшығару керек болса.

Мысалы, біз күркіреуік газдың құрылышын және қасиетін білеміз; егер сутегімен тәжрибе жасап жатқандай пробирканың ішінде газ оталғанын байқасак, сутегінің қосындылары туралы жалпы білімімізге сүйеніп, бұл жеке жағдай жөнінде қортынды жасаймыз да: күркіреуік газ оталды дейміз.

Егер бізге бір құбылыстың жалпы ережеге сәйкес келмейтіндігін дәлелдеу керек болса, онда екінші фигураның модустарын пайдаланамыз.

Мысалы, қорғаушы айыптаушыға қарсы сәйлегенде, өзінің дәлелдеуін, көбінесе, екінші фигураға сүйеніп құрады. Қате анықталған диагнозды бекерге шығару үшін дәрігер өзінің пікірлерін екінші фигураға сүйеніп айтады. Мәселен, дәрігер алдынала үйғарған аурудың белгілерін ауру адамнан таба алмаса, сол адамның ондай аурумен ауырмағаны туралы қортынды жасайды.

Бір жалпы ереженің жалған екенін дәлелдеу керек болған жағдайда, көбінесе, үшінші фигура қолданылады. Мұндағы дәлелдеуді бекерге шығарылатын жалпы ережеге қайши келетін жеке жағдайларды атап көрсету арқылы жүргізеді.

Мысалы, «барлық заттар қыздырғанда ұлғаяды» деген жалпы ережені үшінші фигураға сүйеніп пікірлеу арқылы бекерге шығаруға болады: су — зат: суды 0° -тан 4 градусқа дейін жылытса, көлемі кішірейеді, олай болса, 0° -тан 4 градусқа дейін қыздырғанда көлемі кішірейетін зат бар.

§ 10. Шартты-кесімді силлогизм

Шартты силлогизм деп, алғышарттарының ең болмағанда біреуі шартты пікір болып келетін силлогизмді айтады.

Егер шартты силлогизмде алғышарттардың біреуі — шартты пікір, ал екіншісі — кесімді пікір болса, онда мұндай силлогизмді шартты-кесімді силлогизм деп атайды.

Шартты-кесімді силлогизмнің екі формасы бар:
1-форма (қостаушы).

Оның жалпы формуласы төмендегідей:

Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1 .
 S дегеніміз P .

Олай болса, S_1 дегеніміз P_1 .

Бірінші форма бойынша ой қортындысын жасағанда кіші алғышарт негізді қостайды. Біз негізді қостаудаи (қортындыда) салдарды қостауға көшеміз.

Мысалы:

Егер кара бидай сарғайса, оны ору керек.

Кара бидай сарғайды.

Олай болса, оны ору керек.

Бірінші алғышарт есебінде әртүрлі шартты пікір алынуы мүмкін (60-бетті қараңыз). Егер негізде терістеуші пікір болса, онда кіші алғышарт та терістеуші болу керек, тек осындай жағдайда ғана қортындыда салдар қосталады.

Мысалы:

Егер отынды кептірмесе, калорияны көп бермейді.

Мына отын кептірілмеген.

Олай болса, бұл отын калорияны көп бермейді.

2

Алдыңғы мысалдағы сыйакты, бұл мысалда да кіші алғышарт негізді қостайды да, ал қортындыда салдар қосталады.

2-форма (терістеуші).

Оның жалпы формуласы мынау:

Егер S дегеніміз P болса, онда S_1 дегеніміз P_1 .

S_1 дегеніміз P_1 емес.

Олай болса, S_1 дегеніміз P_1 .

Екінші форма бойынша болатын ой қортындыларында кіші алғышарт салдарды теріске шығарады. Салдарды теріске шығарудан (қортындыда) негізді теріске шығаруға көшеміз.

Мысалы:

Егер күн зенитте тұрса, көлеңке өте қыска болады.

Көлеңке өте қыскарған жоқ.

Олай болса, күннің зенитте тұрмағаны.

Бірінші формадағы сыйқты мұнда да бірінші алғышарт ретінде әртүрлі шартты пікірлердің болуы мүмкін.
Мысалы:

Егер наизағай алыста жарқ ете түссе, күн күркірегені естілейді.

Күн күркірегені естіледі.

Олай болса, наизағай жақында жарқ ете түсті.

Бұл мысалда (өткен мысалдағыдай) екінші алғышарт салдарды теріске шығарады, сол себепті қортынды қажетті түрде негізді теріске шығарады.

Сүйтіп, біз шартты ой қортындыларында сенімді қортындыны екі жағдайда ғана аламыз:

1) не 1-форма бойынша—мұнда біз негізді қостаудан салдарды қостауға көшеміз;

2) не 2-форма бойынша—мұнда салдарды теріске шығарудан негізді теріске шығаруға көшеміз.

Шартты силлогизмдерде сенімді қортынды шығарудың ережесі осындайды.

Шартты силлогизмнің басқа формаларында сенімді қортынды шығуы да, шықпауы да мүмкін. Бұл жағдайда сенімді қортынды шығуы тек ықтимал ғана болады.

Мысалы:

Егер өткізгіштен электр тогы өтсе, өткізгіш қызады.
Өткізгіш қызды.

Өткізгіштен токтың өтуі ықтимал.

Бұл мысалда кіші алғышарт салдарды қостайды. Сондықтан біз сенімді қортынды шығара алмаймыз, тек ықтимал қортынды жасаймыз. Үйткені өткізгіш ток жургендіктен қызбай, басқа да себеппен қызуы мүмкін..

Басқа мысал алайық:

Егер темір қызыса, оның көлемі үлкейеді.
Темірдің мына бір белегі қызбайды.

Олай болса, бұл белегінің көлемі үлкеймейді.

Мұндай қортынды шындыққа жата ма? Эрине; жатады. Бірақ бұлай болса, негізді терістеу арқылы сенімді қортындыға келуге болмайды деген ереже дұрыс болмай шығады, үйткені біздің мысалымызда негіз теріске шығарылып отырса да, дұрыс қортынды шықты.

Алайда мұнда ешқандай қайшылық жоқ. Шартты сил-

логизмдегі көртындының ережесі негізді теріске шығарғанда, сенімді көртынды шықпайды демейді. Ондай көртынды шығуы мүмкін, оның мүмкіндігі бұл ереженің дұрыстығын жоймайды. Ереже тек негізді қостағанда немесе салдарды теріске шығарғанда ғана әруақыт сенімді көртынды шығады дейді.

Басқа жағдайларда (негізді теріске шығарғанда, немесе салдарды қостағанда) сенімді көртынды шығуы да мүмкін, шықпауы да мүмкін; бір силлогизмде сенімді көртынды болады, екінші силлогизмде болмайды, олай болса, мұндай жағдайларға арнап ешқандай жалпы ереже шығаруға болмайды.

Ілкимал көртындылардың өзінше маңызы бар екенін ескеру керек. Сондыктан ойлау практикасында б'язықтимал көртындыдан барапттаймыз. Мәселен, археология, тарих сияқты ғылымдар уақытша үйғарулар ретінде ықтимал қөртындыларды өте жиі пайдаланады, үйткени олар одан әрі зерттеуге жол ашады.

Шартты силлогизмдер көптеген жағынан кесімді силлогизмдерге жақын тұрады. Бұл, әсіресе, шартты силлогизмнің кесімді силлогизмге және, оған керінше, кесімді силлогизмнің шартты силлогизмге тез айналатындығынан көрінеді.



§ 11. Ажыратушы-кесімді силлогизм

Ажыратушы силлогизм дегеніміз — алғышарттарының біреуі немесе екеуі де ажыратушы пікір болатын силлогизм.

Бір алғышартты ажыратушы, ал екінші алғышартты кесімді болып келетін силлогизмді **ажыратушы-кесімді силлогизм** деп атайды.

Ажыратушы-кесімді силлогизмнің екі формасы бар.

I-форма (қостаушы).

Мұның жалпы формуласы мынадай:

S дегеніміз не P_1 не P_2 , не P_3 .

S дегеніміз P_1 де емес, P_2 де емес.

Олай болса, *S* дегеніміз P_3 .

Мысалы, бір заттың (*S*) күрамында не хлор (P_1) не бром (P_2) бар екені айқындалды. Одан кейінгі анализ ол

заттың құрамында хлордың жоқ екенін көрсетті. Олай болса, онда бром бар.

Улken алғышартта көрсетілген предикаттардың біреуінен басқасының бәрі бірінші форманың кіші алғышартында теріске шығарылады. Қалған предикаттың субъектіге қатынасы бар екендігі жөнінде алғышарттардан занды қортынды шығады.

2-форма (терістеуші).

Оның жалпы формуласы мынадай:

S дегеніміз не P_1 , не P_2 , не P_3 .
S дегеніміз P_1 .

Олай болса, *S* дегеніміз P_2 де емес, P_3 те емес.

Мысалы: қардың үстіне бір із түскен; ол із не тұлкінікі, не сусардікі болуы мүмкін, анықтай келгенде бұл із тұлкінің ізі болып шықты. Олай болса, бұл із сусардың ізі емес.

Екінші форманың кіші алғышартында улken алғышартта көрсетілген предикаттың бәрі қосталады. Қортындыда қалған предикаттардың бәрі теріске шығарылады.

Ажыратушы силлогизмді колданудың ережелері мынадай:

1. Улken алғышарттың предикаттары бірін-бірі тысқа-рылап түруы керек.

Егер алғышарттың предикаттары біріне-бірі сыйыспайтын ұғымдар болып келсе ғана осылай болуы мүмкін. Олай болса, «не» жалғаулығы біріктіру емес, ажырату мағнасын беруі керек.

2. Улken алғышарттағы предикаттардың жыйынтығы бұл алғышарттағы субъектінің көлемін толық қамтуы керек.

Егер бұл ережелер бұзылса, дұрыс қортынды кездесе-соқ қана шығуы мүмкін.

§ 12. Энтимема

Біз өзіміздің ойлау практикамызда силлогизмнің толық формасын өте сирек қолданамыз. Толық силлогизм ерекше дәлелділікті және анықтылықты керек қылатын математикалық қікірлеулер мен дәлелдеулерде қолданылады. Қунделікті тұрмыста біз силлогизмдердің, көбі-

ненесе, қысқартылған формасын, яғни қандай болмасын бір бөлігі жоқ формасын колданамыз.

Қандай болмасын бір бөлігі айтылмайтын, тек ойда сакталатын қысқартылған силлогизмді энтимема деп атайды.

Мысалы біз, «ол қыз комсомолка, сондыктан ол тәртіпті нығайтуға міндетті» десек, біздің энтимеманы колданғанымыз. Бұл силлогизмде үлкен алғышарт түсіп қалған, ол тек ойда ғана сакталады, үйткені бұл жерде оны айтудың қажеті де жоқ. Бұл силлогизмнің толық формасы мына төмөндегідей болады.

Барлық комсомолецтер тәртіпті нығайтуға міндетті.
Ол қыз — комсомолка.

Олай болса, ол қыз тәртіпті нығайтуға міндетті.

Көбінесе, әдетте, жалпыға мәлім ақыйқатты көрсетегін үлкен алғышарт түсіп қалады. Бірақ кіші алғышарттың да немесе қортындының да түсіп қалуы мүмкін.

Энтимеманың негізгі үш түрі бар:

1) Үлкен алғышартсыз силлогизм:

Біздің мектептегі сауық кеш жақсы өтті, үйткені ол жақсы үйымдастырылды.

Бұл мысалда бірінші пікір — қортынды, екінші пікір — кіші алғышарт болып отыр.

Үлкен алғышарт түсіп қалған.

Осы энтимеманы қайта қалпына келтірелік:

Не жақсы үйымдастырылса, сол жақсы өткізіледі.
Біздің мектептегі сауық кеш жақсы үйымдастырылды.

Олай болса, біздің мектептегі сауық кеш жақсы өтті.

2) Кіші алғышартсыз силлогизм:

Шаңғы спорты денсаулыққа пайдалы, үйткені спортың қай түрі болса да денсаулыққа пайдалы.

Бұл мысалда бірінші пікір — қортынды, екіншісі — үлкен алғышарт. Кіші алғышарт түсіп қалған.

Осы энтимеманы қайта қалпына келтірелік.

Спортың қай түрі болса да денсаулыққа пайдалы.
Шаңғы спорты — спортың бір түрі.

Олай болса, шаңғы спорты денсаулыққа пайдалы.

3) Қортындысыз силлогизм:

ССРО-ның әрбір азаматы қоғамдық-социалистік мешікті сақтап, шыгайтуға міндettі, ал біз ССРО азаматтарымыз.

Бұл мысалда бірінші пікір — үлкен алғышарт, екінші — кіші алғышарт. Қортынды түсіп қалған. Бұл әнтилемеманы қайта қалпына келтірелік:

ССРО-ның әрбір азаматы қоғамдық-социалистік мешікті сақтап, шыгайтуға міндettі.
Біз — ССРО азаматтарымыз.

Олай болса, біз қоғамдық-социалистік мешікті сақтап, шыгайтуға міндettіміз.

Біз барлық мысалдарымызда да әнтилемеманы бірінші фигура бойынша қайта қалпына келтірдік. Бірінші фигура силлогизмдерінің қысқартылған формасы болып сапалатын әнтилемемалар әнтилемеманың өте көп тараған түрлері. Алайда екінші және үшінші фигура бойынша қайта қалпына келтірілетін басқа әнтилемемалар да болуы мүмкін.

Мәселең: «Мына ертінді қышқыл емес, үйткені оғам маңынан лакмус қағазы қызармады».

Бұл әнтилемеманы қайта қалпына келтірсек, силлогизм екінші фигура бойынша шығады.

Қышқыл лакмус қағазына әсер етіп, оны қызартады.

Бұл ертінді лакмусты қызартпады.

Олай болса, бұл ертінді қышқыл емес.

Әнтилемемаларды қайта қалпына келтіру — логикалық маңызды тәсіл, үйткені ой қортындысындағы қателікті ашууга мүмкіншілік береді.

Егер ой қортындылары әнтилемема формасында болса, олардың дүрыс еместігі үнемі біліне бермейді. Мынадай бір уақыттаны қарап көрейік: 1948 жылы апрель айында Колумбияда саяси қайраткер Гайтан өлтірілді. Осы уақыттага байланысты америкалық бір газет: «Гайтан орынды өлтірілген, үйткені коалициялық үкіметке кірумен бастартты» деген жазды.

Бұл әнтилемемада салдар және кіші алғышарт бар. Үлкен алғышартты қайта қалпына келтірелік: «Коалициялық үкіметке кірумен бастартқан адамның бәрінің өлтірілуі орынды».

Үлкен алғышарт қайта қалпына келтірілісімен-ак, америкалық газеттің пікірлеуінің қыйсыныз екені әркімге өзінен-өзі айқын болып шығады.

§ 13. Құрделі силлогизмдер туралы

Біздер ойлау практикамызда тек қысқартылған ой қортындыларын ғана емес, ой қортындысының құрделі формаларымен де пайдаланамыз.

Осындай құрделі ой формаларының тәмендегідей схемалы түрде көрсетуге болатын біреуін алып қарайык.

Барлық А дегеніміз Б.

Барлық Б дегеніміз В.

Барлық В дегеніміз Г.

Олай болса, барлық А дегеніміз Г.

Мысалы:

Барлық хамелеондар — кесірткелер.

Барлық кесірткелер — бауырымен жорғалаушылар.

Барлық бауырымен жорғалаушылар — омыртқалылар.

Олай болса, барлық хамелеондар — омыртқалылар.

Бұл сияқты ой қортындылары бірнеше алғышарттардан құралады (олар көбінесе үштен артық болуы да мүмкін); олардың өзара байланысы мынадай: алдыңғы алғышарттың предикаты келесі алғышарттың субъектісі болады, сол себепті қортынды шығаруға мүмкіндік туады.

Тағы бір мысал:

- 1) Капитализм тұсында товар өндірісін ұлғайту товар өткізу дағдарысын туғызады.
- 2) Товар өткізу дағдарысы өндірісті тоқтатады.
- 3) Өндірістің тоқтауы калың бұқара арасында жұмыссыздық және аштық туғызады.

Олай болса, капитализм тұсында товар өндірісін ұлғайту калың бұқара арасында жұмыссыздық және аштық туғызады.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҰРАКТАР

1. Ой қортындысы дегеніміз не?
2. Силлогизмге аныктама беріндер.
3. Силлогизм құрамына не кіреді?

4. Силлогизмнің терминдерін атап өтіндер. Эрбір терминнің силлогизмдегі ролін көрсетіндер.
 5. Силлогизм аксиомасы деген не? Соны айтып беріндер.
 6. Қандай жағдайларда силлогизм кортындысы ақыйқат болуы мүмкін?
 7. Силлогизм ережелерін айтып беріндер.
 8. Силлогизм фигуralарын не арқылы ажыратуға болады?
 9. Шартты силлогизм деген не? (Мысал келтіріндер).
 10. Шартты силлогизмнің қандай екі формасы сенімді кортынды береді?
 11. Шартты силлогизмде қандай жағдайда біз тек ықтимал рана кортынды шығарамыз?
 12. Ажыратушы силлогизм деген не?
 13. Ажыратушы силлогизмнің екі формасын көрсетіндер.
 14. Ажыратушы силлогизмнің ережелерін көрсетіндер.
 15. Энтилема деген не?
 16. Энтилеманың үш түрін көрсетіндер.
 17. Энтилеманы қайта қалпына келтіру не үшін керек болады?
-

IX тарау **ИНДУКЦИЯЛЫҚ ОЙ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ**

§ 1. Индукцияның мәні

Өткен тарауда біз дедукциялық ой қортындыларын, яғни жалпы қағыйдаларға, заңдарға немесе ережелерге сүйене отырып, дара немесе жеке уақыйғалар туралы білім беретін ой қортындыларын қарап өттік.

Дара немесе жеке уақыйғалардан жалпы қағыйда шығаратын басқа түрлі ой өрісі де болуы мүмкін. Дарадан немесе жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қортындыларын индукциялық ой қортындылары немесе индукция деп айтады.

Индукция дегеніміз — жеке яки дара алғышарттардан жалпы қортынды шығаруымызға болатын ой қортындысы.

Мұны орыстың атақты ғалымы М. В. Ломоносовтың бұдан екі жүз жыл бұрын жасаған индукциялық қортындысын мысалға алып, түсіндіріп көрейік. Бұл индукциялық қортынды жылылықтың жаратылышы туралы ғылыми жаңалық болып саналды.

М. В. Ломоносов өзінің: «Жылылық пен сұықтықтың себебі туралы пікірлерінде» былай деп жазды:

«...бір-біріне ыскылағаннан қол жылынағы; ағаш жалындағаннан қол жылынағы; шақпақ тасты болаттың сынығымен ұрса; ұшқын пайда болады; тез және қатты ұрып соққанда темір қызарады, ал егер ұруды токтатсақ, онда жылдылық азаяды және шықкан от сөнеді».

Одан соң М. В. Ломоносов жылдылық пайда болатын бірнеше жағдайларды атап өтті. Бұл жағдайларда жылдылықтың қозғалыстан пайда болатынын, қозғалыс болмаса, жылдылық та болмайтынын атап көрсетіп, М. В. Ломоносов: «Жылдылықты қозғалыс турызады» деп қортынды жасады. Сүйтіп, М. В. Ломоносов жеке жағдайлардан жалпы қағыйда шығарды.

Индукция дегеніміз осы болады.

Бірақ индукция дедукциямен тығыз байланысты болады. Сондықтан бұл жағдайда М. В. Ломоносов бір ғана индукциялық ой қортындысымен тоқтаған жок. Дедукцияны колдана отырып, ол мынадай ой қортындысын жасады:

«...материясыз қозғалыс болмайтын болғандыктан, қандай болмасын бір материядың қозғалысы жылылықтың жеткілікті негізі болуға тиіс».

Бұл пікірлеуді силлогизм формасына келтірейік.

Әрбір қозғалыс материядың қозғалысы болады.

Жылылық дегеніміз қозғалыстың формасы.

Олай болса, жылылық дегеніміз материядың қозғалысы.

Басқа да көптеген ғылыми жаңалықтары сыйкты М. В. Ломоносов бұл материалистік қортындыға индукцияны дедукциямен ұластыру арқылы жетті.

§ 2. Толымды индукция

Толымды индукция дегеніміз — белгілібір құбылыстың барлық жағдайларын толық қамтыйтын алғышарттардан жалпы қортынды шығаруымызға болатын индукциялық ой қортындысының бір түрі.

Мәселен, біз өткен жетіде дүйсенбі күні ауаның температурасы минус 20°, сондай-ақ сейсенбі күні де минус 20°, ал сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі күндері минус 20° болғанын байқадық. Бірақ дүйсенбі, сейсенбі, тағысын тағы басқа күндер жыйылып бүтін бір жеті болады. Осыдан келіп біз өткен жеті бойына ауаның температурасы минус 20° болады деп қортынды жасаймыз. Бұл ой қортындысы мынадай формада болады.

Өткен жетіде дүйсенбі, сейсенбі және тағы басқа күндер ауаның температурасы минус 20° болды.

Ал дүйсенбі, сейсенбі тағы басқа күндер жыйылып, бүтін бір жеті болады.

Олай болса, өткен жеті бойынша ауаның температурасы минус 20° болды.

Толымды индукция тексеріп отырған құбылыстың барлық жағдайлары бізге белгілі болған уақытта колданылады (мысалы, геометрияда фигуралардың қасиеттерін, ал географияда дүниенің бөліктерін, дүние жүзінде

і елдерді және тағы басқаларды оқып үйренгенде). Толымды индукцияда шығатын қортынды тек белгілі жағдайларға ғана қатысты болады. Мұнда басқа уақыйфалар болуы мүмкін емес, үткені олай болғанда индукция толымды болмас еді.

Алайда қортынды тек алғышарттарда көрсетілген уақыйфаларға ғана қатысты болса да, қортындыны сол уақыйфалардың жай ғана жыйнағы деп қарауға болмайды. Қортынды жеке нәрселер туралы біздің білетінін мізді жай қайталағандық емес. Қортындыда біз бір класқа жататын барлық нәрселердің нақты белгілері бар екенін және сол класта ондай белгілері жоқ нәрселердің болмайтынын білеміз.

§ 3. Толымсыз индукция

Толымсыз индукция дегеніміз — зерттеліп отырған құбылыстың барлық жағдайларын қамтымайтын алғышарттардан жалпы қортынды шығаратын индукциялық ой қортындысының бір түрі.

Толымсыз индукцияның ерекшелігі және сонымен бірге құндылығы мынада: біз толымсыз индукция арқылы зерттеп отырған құбылыстың барлық жағдайлары жөнінде жалпы қортынды жасай аламыз; бірақ толымсыз индукцияның алғышарттарында ол жағдайлардың бәрі емес, әдетте біразы ғана көрсетіледі.

Алайда толымсыз индукцияны қолданатын жағдайлар есепке алынбаса, оның бұл ерекшелігі қате қортындыларға әкеліп соқтыруы мүмкін және жиі-жій ретте соқтырып та отырады.

Мысалы, ұзак уақыт бойына адамдар аққудың бәрі ақ болады деп ойлаған. Бұл қортынды толымсыз индукция арқылы жасалған.

Толымсыз индукцияның мұндай түрін: қайшы уақыйгалар кездеспейтін жай атап көрсету индукциясы деп атайды.

Толымсыз индукцияның бұл түрі өте сенімсіз, себебі индукцияның бұл түрі қайшы уақыйға мүлде болмайды деп сенуге негіз бола алмайды. Мәселен, Австралияның жағалауларынан қара түсті аккуларды кездестіргеннен ксийін, олардың түсі туралы жасалған қортынды жалған болып шықты.

Асығыс қортынды деп аталатын әйгілі болған логика-

лық қате толымсыз индукцияны дұрыс қолданбауға байланысты.

Бұл қатенің өзі қортындыны аз факттыға сүйеніп немесе мәнсіз белгілерге сүйеніп шығарғандықтан болады. Мысалы, егер жолдастарымыздың біреуі жұмыста кішкене қате жіберсе, оны өзіне тапсырылған істі орындауға мүлде қабілетсіз деп үйфару «асығыс қорытқандық» болар еді. Мысалы, «барлық ғалымдар — ұмытшақ», «барлық қабілеттілер — жалқау» деген және тағы басқа сондай үйфарулар асығыс қортынды жасауға жатады.

Мұндай асығыс қортындыны халықтың ғасырлар бойы практикада байқағандарымен шатастыруға болмайды. Тағиғат құбылыстарына толымсыз индукцияны қолдану нәтижесінде келіп шыққан халық байқаулары жиі-жиі реттерде недәуір құнды болып отырады.

Мәселен, жаңбыр жауар алдында қарлығаштың жер бауырлап ұшатынын адамдар сан рет байқаған. Бұл уақыттардан қортынды жасалған. Сүйтіп, әруақыт қарлығаш жер бауырлап ұшса, жұрт жаңбырдың жаууын күтетін болған.

Әр нәрсенің себебі бар. Қарлығаштың тәмендеп ұшы, эрине, кездейсоқ емес. Жаңбыр жауардың алдында ауа буға қанығады, сондықтан қарлығаштың корегі болатын толып жатқан шыбын-шіркейлер мен ұшатын насекомдар тәмендеп жерге түседі, үйткені олардың қанаттары дымқылданып ұшуды қыйындатады, сол себепті насекомдардың ізінше қарлығаштар да жер бауырлап ұшады.

Мұндай жағдайларда жаңбырдың болуы міндettі мәжітоқ, міндettі емес. Ауа буға қанығуы мүмкін, біраң сонда да жаңбырдың жаумауы мүмкін.

Халық байқаулары мен жай атап көрсету толымсыз индукциясының кемшілігі сол, қортындылар құбылыстың себебін білуғе негізделмей, тек байқалған сыртқы белгілерге сүйеніп қана жасалады.

Құбылыстардың зандалығын, олардың себепті байланыстарын білуғе сүйенсеке ғана толымсыз индукция сеңімді білім бере алады.

Ондай индукцияны **ғылми индукция** деп атайды.

§ 4. Ғылми индукция

Ғылми индукция анализ және синтезben өте тығыз байланысты. Ғылми индукция процесінде байқау жүргіз-

білетін факт түрлі жағынан тексеріліп, талданады; ол факты барлық кездейсоқ нәрселерден тазартылады; оның мәнді белгілері және пайда болу себебі айқындалады.

Фылми индукция дегеніміз — белгілі класқа жататын нәрселердің кейбір белгінің себепті байланыстарын және мәнді қасиеттерін зерттеу негізінде, сол класқа жататын барлық нәрселер жөнінде жалпы қортынды шығаратын индукциялық ой қортындысының бір түрі.

Мұндай қортынды жасау мүмкіншілігі бір тексті нәрセルдердің, құбылыстардың өздеріне тән заңдылықтары мен себептерін білуғе негізделген; фылми индукцияның жай атап көрсету толымсыз индукциясынан айырмасы осы. Мысалы, біз өзіміз көріп жүрген құстардың барлығының ауамен тыныс алатынын байқаймыз. Осыдан «жалпы барлық құстар ауаменен тыныс алады» деген қортынды жасаймыз. Бұл жай атап көрсету индукциясы болады.

Бірақ біз бірнеше немесе тіпті бір құстың тіршілік ету процесін зерттегендеге, ауаның өмір сүруге қажетті нәрсе екенін анықтағанбыз, енді біз ауаның барлық құстарға қажетті екені туралы жалпы қортынды шығара аламыз.

Бұл фылми индукция болады.

Ол өзінің қортындыларында тек байқалған фактылардың санына сүйенуден гөрі (жай атап көрсету индукциясы сияқты) фактыларды мұқыят және әржақты зерттеуге басымырақ сүйенеді.

Егер жаңа фактылар зерттеу ісіне жаңа материал беретін болса және мұндағы заңдылықты теренірек түсіну үшін мүмкіндік беретін болса фылми индукция үшін фактылардың саны маңызды болады.

Адамның дүние тануының шегі жоқ; сол себепті ешқандай индукциялық қортынды аяқталған тұжырым бола алмайды. «Ең қарапайым индукциялық жолмен пайда болған ең қарапайым ақыйқат *ешуақытта* толық болмайды, үйткені тәжрибе қашан да аяқталып бітпейді» (В. И. Ленин).

Индукциялық ой қортындысы курделі ой қортындысы болып саналады. Ол әдетте бақылаудан және салыстырұдан басталады. Индукциялық ой қортындысы процесінде анализ бел синтез, абстракциялау мен жалпылау қолданылады. Біз өзіміз зерттеп отырған нәрсеміз жөнінде жаңа білім алумен қатар, ол жаңа білімді бұрыннан өзіміз білетін біліммен әруақыт байланыстырып

отырамыз. Мұның өзі бізге дедукциялық ой қортындысы жасауға мүмкіншілік береді.

Сүйтіп, индукция дедукциямен өте тығыз байланыста болады.

Индукциялық ой қортындысы процесінде құбылыстың себепті байланысын зерттеудің ерекше әдістері де қолданылады. Бірақ ол әдістерді үйренуден бұрын құбылыстардың себепті байланысының қандай болатынын қарастырып көрейік.

§ 5. Құбылыстардың себепті байланысы туралы

Дүниедегі барлық нәрселер, барлық құбылыстар өзара байланысты, біріне-бірі тәуелді, бір-біріне шартты. Дүниеде оқшауланған нәрселер мен құбылыстар жоқ.

Нәрселердің, құбылыстардың бұл сыйкты жалпы өзара байланысы алуан түрлі формада кездеседі. Жалпы байланыстың осындай формаларының бірі — себепті байланыс.

Құбылыстың себепті байланысы дегеніміз, екінші сезінен айтқанда, себеп пен одан шыққан салдардың байланысы.

Қажетті түрде екінші бір басқа құбылысты туғызатын құбылыс себеп деп, ал себептен туған сол екінші құбылыс салдар деп аталады.

Мысалы, оқушының емтиханда алған жақсы бағалары сол оқушының жақсы дайындалғанының салдары; оның жақсы дайындалғаны жақсы баға алуының себебі.

Себепті жағдаймен шатастыруға болмайды. Эрбір себепті байланыс белгілі жағдайларда пайда болады; ол белгілі жағдайлар салдардың шығуна кедергі жасауда мүмкін, жәрдем етуі де мүмкін. Бірақ жағдайлар өзбетімен себеп туғыза алмайды. Олардың себептен айырмашылығы осы. Мәселен, оқушының жақсы баға алуына жәрдем еткен жағдайдың бірі, атап айтканда, оқушының бойындағы қабілеттілігі болады. Алайда қабілеттіліктің өзі жақсы баға алудың себебі бола алмайды. Үйткені қабілеттілік білім емес, тек білім алудың керекті жағдайғана. Емтиханда баға білімге ғана қойылады.

Оқулыктардың және дәптерге жазып алған, класти оқыған сабактардың болуы, үйге берген тапсырманы орындау, тағы сол сыйктылар емтиханға дайындалудың жағдайларына жатады. Осы жағдайлардың барлығы жиі-

жіл ретте шешуші роль атқарады. Керекті жағдайлар болмаса, себепті байланыс шықпауы да мүмкін, яғни оқушы ғұтиханға дайындала алмайды, сол себепті ол емтихан бере алмайды. Сондықтан жағдайлар өзбетінше салдар түфьыза алмаса да аса маңызды болады.

Егер біз өзімізге қажетті салдар шығарғымыз келсе, бұл үшін жағдай үйимдастырымыз, жағдай жасауымыз керек екені осы^{*} айтылғаннан көрініп отыр; осылай істеңде кейбір жағдайлар болмаса, оларды басқа тиісті жағдайлармен әруақыт толықтыра аламыз, тек болғаны жігер салып, табандылық білдіру керек, үйткені мұның өзі қандай жұмыстың болса да ең негізгі жағдайлары болып табылады.

Сүйтіп, себепті байланыс белгілі жағдайларда пайда болады. Бірақ сол жағдайлар себеп пен салдардан бүтіндей өзгеше бір нәрсе емес. Жағдайлардың өздері белгілі құбылыстардың салдары ретінде жарыққа шығады және жағдайлардың өздері де құбылыстардың себебіне айналады. Жалпы алғанда, дүниеде себепсіз құбылыстар болмайды.

Егер біз құбылыстың себебін таба алмасақ, бұл біздің сол себепті әлі білмегендігімізді көрсетеді, бірақ ол себеп қайтсе де болмыста бар. Қандай құбылыс болса да белгілібір себептің салдары ретінде жарыққа шығады, оның өзі басқа бір құбылыстың себебі болады.

Мысалы, совет халқының жанқыярлық еңбегі және ССРО-ның шаруашылық құрылышында қолжеткен зор табыстар совет халқының тұрмысының бүтіндей жақсаруына себеп болды, ал совет адамдары тұрмысының жақсаруы социалистік құрылыштың барған сайын зор табыстарға жету себептерінің бірі болып табылады; мұның өзі біздің тұрмысымыздың материалдық және мәдени дәрежесін одан да әрі жоғары көтерді.

Бұл мысалда байланыстың тек бір жағы ғана көрсетіліп отыр. Шынында, бұл байланыс анағұрлым құрделірек болады. Әдетте бір емес, бірнеше өзара байланысты себептер болады және бір емес, бірнеше салдар туады, олардың біреулері аса маңызды, екіншілері одан гөрі кемірек маңызды болады.

Себеп пен салдар белгілі уақытымен болып отырады. Бірақ құбылыстардың уақытша байқалатын дәйектілігіншің барлығы бірдей себепті байланыс болып табылмайды. Мысалы, тұн аяқталысымен-ақ жарық түсіп, күндіз

болады, бірақ жарық түсіп, кундіз болуына тұн себеп емес.

Себепті байланыс үшін уақыты жағынан алғанда себептің салдардан бұрын болуы манызды емес, ен маныздысы себептен салдардың шығуы.

Себепті байланыс пен уақытша болатын жай дәйектілікті шатастыру өрескел қате, ондай қатені логикада «**дан кейін, олай болса, соның себебінен**» деп атайды.

Жоққа сенушіліктің, діни әдет-ғұрыптардың көбі осы қателікпен байланысты. Мәселен, алдынан мысық кесіп өтсе, жоққа сенуші адамдар жаманшылыққа жорыйды. Мысық кездесуінің және жаманшылыққа ұшыраудың арасында ешқандай себепті байланыстылық жоқ скендігі мәлім. Олар жай уақыт жөнінен бірінен соң бірі қатар келуі мүмкін. Бірақ уақыт жөнінен қатар бірінен соң бірі келуі қортынды жасау үшін негіз бола алмайды.

Осындай уақыт жөнінен бірінен соң бірі қатар келу, мәселен, құйрықты жүлдіздың көрінуі мен соғыстың болуы арасында, тілек тілеп, дұға оқу мен жауынның жаууы арасында; тағы сондайлардың арасында да болуы мүмкін. Алайда құбылыстардың шын байланыстарын білмейтін адамдар ғана құйрықты жүлдіз соғыска көрінеді, дұға оқыса жауын жауады және тағы сондай деп ойлаулары мүмкін. Бұл құбылыстардың арасында ешқандай себепті байланыс жоқ, сондықтан ондай құбылыстардың бірі екінші құбылысты туғыза алмайды. Дұға оқуға қарамай-ақ жауынның жаууы да, жаумауы да мүмкін, соғыстар құйрықты жүлдізға ешқандай байланыссыз бастала береді.

Себепті байланысты жай уақыт жөнінен бірінен соң бірі қатар келумен шатастыру өте зыянды кате болады, үйткені оның бізге құбылыстардың себептері туралы ақыйқат білім бермейтіні былай тұрсын, кайта ол бул себептер жөнінде жалған үғым пайда болуына жәрдемдеседі.

§ 6. Құбылыстардың себепті байланыстарын зерттеудің әдістері

Ғылым мен техникада, саяси және қоғамдық өмірде өзімізге керекті құбылыстардың себебін білудің әруақыт маңызы үлкен. Себебін білу дегеніміз — құбылысты көл

реттерде адамға бағындырып, оны басқаруға мүмкіндік илу деген сөз. Мысалы, техник машинаның тоқтаған себебін тауып, ол себепті жояды, машина қайтадан жұмыс істей бастайды.

Әдете себепті тексеру бақылаудан басталады. Бақылау процесінде (табиғаттану, техникалық ғылымдарда және кейбір басқа ғылымдарда) экспериментті, яғни жағанды тәжрибелі жиі қолданады. Бақылау жүргізгенде де, тәжрибе жасағанда да, сонымен қатар, құбылыстардың себепті байланыстарын зерттеу әдістерін қолданады. Ондай әдістердің бізге белгілісі төртеу: үқастық әдісі, айырмашылық әдісі, қалдықтар әдісі және қосақтаса болып отыратын өзгерістер әдісі.

Әдете бір әдіс басқа әдістермен ұластырылып қолданылады; сонда әртүрлі әдістерден комбинация жасалады. Өте көп таралған комбинация үқастық пен айырмашылықтың біріктілген әдісі болып саналады.

Бұл әдістер арқылы құбылыстардың себепті байланысы анықталады.

Үқастық әдісі

Бұл әдісті төмендегі мысалмен талдап көреjік. Құннің сәулесі призма арқылы өткенде кемпірқосақ шұғылаларының түстері пайда болады. Мұндай құбылыс кейбір мәлдір заттардан жарық сәуле өткенде де байқалады; мысалы, жарық сәуле су тамшысынан, алты қырлы кристалдан, тағы басқа сондай заттардан өтсе, кемпірқосақ шұғылаларының түстері пайда болады.

Сүйтіп, бір құбылыстың өзі әртүрлі жағдайларда байқалады.

Осындай реттердің бәріндегі де кемпірқосақ шұғылалары түстерінің пайда болу себебі біреу екені өзінен-өзі айқын. Әртүрлі мәлдір заттардың құрамы мұндай себеп бола алмайды, үйткені біз бірінде кристалды, екіншісінде суды алып отырмыз және т. с. с. Сондай-ақ, мәлдір заттардың көлемі де ондай себеп бола алмайды, үйткені әрбір рет ол әртүрлі болады.

Әртүрлі мүмкіншіліктердің сұрыптай отырып, біз зерттеу жүргізіп отырған реттердің барлығына бірдей ортақ жалпы белгілерге тоқтаймыз. Ондай жалпы белгі мәлдір заттардың ерекше формасы болады; оның формасы не призма тәрізді, не шар тәрізді болады, яғни ақ түсті сәу-

ле өзінің құрамындағы негізгі түстерге жіктелетін формалар болады.

Сүйтіп, біз ұқастық әдісін пайдаланып, құбылыстың себебін білдік.

Ұқастық әдісінің тұжырымдамасы мынадай:

Егер белгілібір құбылыстың зерттеліп отырған жағдайларының барлығына ортақ бір ғана жағдай бар болса, онда бұл ортақ жағдай сол құбылыстың себебі болады.

Ұқастық әдісінің мәнісі, басқа индукциялық әдістер сияқты, жеке жағдайлардан жалпы қортынды шығару болып табылады. Мұндай жеке уақыйғалар неғұрлым көп болса, солғұрлым біздің қортындымыз сенімді болады.

Алайда, ғылыми индукция қортындысының сенімділігі зерттелетін уақыйғалардың санына ғана байланысты емес, ең алдымен, біздің зерттелетін құбылыстың қаншалықты терен және толық тексеруімізге байланысты екені бізге мәлім.

Ұқастық әдісін қолданғанда зерттелетін құбылыстардың барлығына ортақ бір ғана ақыйқат жағдай бар екенін біз дәл анықтауымыз керек. Бірақ көбінесе оны анықтау қыйын болғандықтан, ұқастық әдісі индукцияның басқа әдістерімен толықтырылады.

Айырмашылық әдісі

Бұл әдісті мынадай мысалмен түсіндірейік: ауа қоңырауының астында дыбыс беріледі; егер қоңыраудың ішінде ауа болса, бұл дыбыс естіледі; егер ауа жоқ болса, онда дыбыс естілмейді.

Осыдан: дыбыстың тарауына (бұл жағдайда) ауа қажетті деген қортынды шығарамыз.

Екінші мысал алайық. Бақшаның ішінде бірнеше түп бұлдірген өскен дейік. Бірсыныра бұталар күн жағында, бірсынырасы көленке жағында өседі. Олардың өсіп, дамуының басқа жағдайлары (топырағы, жердің ылғалдығы, тыңайтқыштардың шашылуы, тағы басқалары) бірдей. Олардың сорты да бірдей. Күн жағында өскен бұталардың жидектері тәтті, көленкедегі бұталардың жидектері дәмсіз, тәтті емес.

Бұдан: олардың дәмінің әртүрлі болуының себебі—күн сәулесінің әсерінен деп қортынды жасауға болады.

Бұл қортындылардың екеуі де айырмашылық әдісі бойыша жасалып отыр.

Бұл әдістің мәнісі мынада: біз өзімізге керекті құбылыстың екі уақытғасын салыстырамыз. Ол екі уақытғаның бір жағдайдан басқа жағдайларының бәрі бірдей чекенің көреміз. Содан келіп, зерттеліп отырған құбылыстың себебі бір ғана сол жағдай екендігі туралы қортынды жасаймыз.

Айырмашылық әдісінің түжырымдамасы мынадай:

Егер құбылыс басталатын уақытға мен сол құбылыс басталмайтын уақытғаның айырмашылығы бір ғана жағдайдан көрінсе, сол жағдайдың өзі құбылыстың себебі болады.

Айырмашылық әдісі үқастық әдісіне қарағанда көбірек қолданылатын әдіс. Ол, әдетте, экспериментпен байланысты. Өзімізге керекті құбылысқа бір қажетті жағдай туғызамыз, кейбір жағдайларды әдейі болдырмаймыз (немесе жаңадан енгіземіз).

Бірақ айырмашылық әдісі жай бақылау процесінде де пайдаланылады (бұлдірген жөніндегі мысал).

Айырмашылық әдісін дұрыс қолдану үшін бізге керекті уақыттардың айырмашылығы тек бір жағдайдан ғана көрінетіндігін анықтаудың маңызы аса зор. Бірақ мұны анықтау, көбінесе, қыйын болғандықтан, ондай реттерде айырмашылық әдісін үқастық әдісімен толықтырған пайдалы.

Үқастық пен айырмашылықтың біріккен әдісі

Бұл әдіс — үқастық әдісі мен айырмашылық әдісін ұластыру болып табылады.

Мынадай мысал алайық.

Баклажанды көпжылдық помидормен будандастырудың нәтижесінде, қадағалап қарағанның өзінде, ешбір айырмашылығы жоқ сыйкты болып көрінген тұқым алынды. Бұл тұқым тәжрибе егістігіне себілді. Бұл гибрид өсімдіктің өніп шыққан көктерінің сырт пішіні жағынан бір-бірінен айырмашылығы болған жоқ. Оларға капуста бүргесі түсіп, жей бастады. Бірақ бүрге барлық көгін жеп қойған жоқ; кейбіреулеріне бүрге тіпті тимеді.

Сүйтіп, (айырмашылық әдісі бойынша) бұл гибрид өсімдіктің көктерінің арасында (солай болса, тұқымның арасында да) айырмашылық бар екені анықталды, үт-

кені бүрге кейбір көктерін жейді де, кейбіреулерін жи-
мейді.

Мұндай айырмашылықтың себебін білу үшін үкса-
тық әдісін қолдануға да турал келді. Қөпжылдық поми-
дордың көгіне де бүргенің тимейтіндігі байқалды. Олай
болса, қөпжылдық помидордың қөгі мән гибрид өсімдік-
тің көгінің арасында үқастық болғаны.

Бұдан: баклажанды қөпжылдық помидормен будан-
дастырудан алынған тұқымның ішінде өзінің химиялық
құрамы жағынан баклажан тұқымына жақын туратын-
дары да (көгін бүрге жеп қойғандары) және өзінің хи-
миялық құрамы жағынан помидор тұқымына жақын тұ-
ратындары да (көгін бүрге жемегендері) бар деген жалпы
кортынды жасалды.

Сүйтіп, үқастық пен айырмашылықтың біріккен
әдісін қолдану, біріншіден, баклажанды помидормен
будандастыру нәтижесінде алынған тұқымдардың ара-
сындағы айырмашылықты білуге және, екіншіден, ол
айырмашылықтың себебін анықтауға мүмкіншілік берді.

Қалдықтар әдісі

Нептун планетасының табылуы бұл әдісті қолдану-
дың мысалы бола алады.

Бұл планетаны таппастан бұрын астрономдар Уран
планетасының белгілібір орынға келгенде өзінің қозға-
лысын баяулататынын байқаған (Уранды ол уақытта
күн системасының ең соңғы планетасы деп есептейтін).
Бұл сыйқты баяулау сол кезде мәлім болған басқа пла-
неталардың бірінің әсерінен болуы мүмкін еді.

Алайда, есептеп қарағанда Уранның «үйткуының»
себебі ол емес екені анықталды. Соңдай-ақ күн де, басқа
жұлдыздар да оған себеп болуы мүмкін емес еді.

Тек бір ғана нәрсені болжау керек болды. Ол күн
системасында осы уақытқа дейін мәлімсіз болып келген
тағы бір планета болуға тиіс деген болжау еді. Сол
планета Уранның қозғалысына әсер етуге тиіс еді. Пла-
нетаның тұрған орнын есептеп шығарып, одан кейін
сол орынды өте қуатты телескоппен қараудың нәтижесін-
де, шынында да Нептун деп аталған, жаңа планета та-
былды (1846 жылы).

Сүйтіп, қалдықтар әдісінің жәрдемімен осы жаңалық
ашылды.

Қалдықтар әдісінің мәнісі мынада: өзімізге керекті құбылыстың себебін анықтау үшін біз одан бұрын болған (және онымен қосақтаса болып отыратын) жағдай-шарды зерттейміз.

Осындай зерттеудің процесінде біз бұл жағдайлардың піреуінен басқасы бізге керекті құбылыстың себебі бола алмайтынын аныктаймыз.

Қалдықтар әдісінің тұжырымдамасы мынадай:

Егер солай болуға тиіс деген жағдайлардың біреуінен басқасы құбылыстың себебі емес екендігі мәлім болса, онда сол бір жағдай — құбылыстың себебі болғаны.

Қосақтаса болып отыратын өзгерістер әдісі

Бұл әдісті мына мысалдарды алып қарастырып көрелік, Егер сымарқылы электр тогы жүрсе, онда сымның айналасында магнит өрісі пайда болады; олай болса, электр тогының жүруі — магнит өрісінің пайда болуының себебі; егер дөңгелекті білдіктен айналдыrsa, дөңгелектін білігі қызады; олай болса, дөңгелектің өз білігінен айнала қозғалуы — оның қызуының себебі.

Бұл қортындылар қосақтаса болып отыратын өзгерістер әдісі бойынша жасалды.

Оның тұжырымдамасы мынадай:

Егер бір құбылыстың тууы әруақыт екінші бір құбылысты тудыrsa, онда олардың біріншісі екіншісінің себебі болады.

Қосақтаса болып отырған өзгерістер әдісі керекті құбылысты өзінің жаратылысынан біткен қасиеті бойынша онымен қосақтаса болып отыратын құбылыстан ажыратуға болмайтын реттерде қолданылады.

Мысалы, дененің жылылығын оның көлемінің үлғаюынан бөліп алуға болмайды. Сондықтан мұндай құбылыстарды зерттегендегі, олардың біреуі өзгерсе, екіншісі қалай өзгеретінін (мәселен, жылылық өзгергенде дененің көлем қалай өзгеретінін) бақылаумен ғана қанағаттанамыз.

Қосақтаса болып отыратын өзгерістер әдісі көбінесе айырмашылық әдісімен ұластырылып қолданылады.

Мысалы, магнит өрісінің пайда болу себебі туралы қортынды шығару үшін біз тек электр тогы өткенде магнит өрісі пайда болатынын ғана анықтап коймаймыз, сонымен қатар, электр тогы тоқталған кезде магнит өрісі жоқ болып кегетінін де анықтаймыз.

§ 7. Индукция әдістерінің қолданылатын жағдайлары

Индукция әдістері, әдетте, бірінен-бірі бөлек, жеке қолданылмайды, қайта бір-бірімен ұластырылып, өзарытолықтырылып қолданылады.

Мынадай мысалды алып көрейік:

М. В. Ломоносов жылдың пен сүйкіткіштің себебін тексергенде, физикалық денелерге әсер етуге (ысқылау, ұру, тағы сондай әсер етуге) байланысты, сол денелердегі жылдың мөлшері көбеюінің немесе азаюының бірнеше жағдайларын байқаған.

Мұнда М. В. Ломоносов қосақтаса болып отыратын езгерістер әдісін пайдаланған.

Бірақ ғылми қортынды шығару үшін жалғыз бұл әдіс жеткіліксіз. М. В. Ломоносов, үқастық әдісін пайдалана отырып, заттардағы жылдың молаюының әртүрлі жағдайларын салыстырды және бұл жағдайлардың барлығына ортақ, бір ғана жалпы жағдайдың — қозғалыстың бар екенін анықтады.

Бірақ өзінің «жылдың туғызатын қозғалыс» деген қортындысын жасау үшін М. В. Ломоносов тек қана үқас жағдайларды бақылаумен қанағаттанып қойған жоқ. Ол денелердегі жылдың молаятын жағдайларын сол жылдың азаятын жағдайларымен салыстырып көрді, яғни айырмашылық әдісін қолданды. Ең акырында, М. В. Ломоносов жылдың туғызуы мүмкін әртүрлі себептерді тексереп келип, олардың ішінде тек біреуі ғана — «қозғалыс» қана — жылдың туғызатынын анықтады, яғни қалдықтар әдісін қолданды.

Индукция әдістері ғылми және күнделікті тұрмыста жиі қолданылады.

Дегенмен, бұл әдістердің маңызын асыра бағалауға болмайды. Индукциялық әдістер дегеніміз тек құбылыстың себебін білудің жолы ғана. Бұл әдістерді пайдаланып, біз құбылыстар мен олардың себептері жөнінде өзіміздің білімімізді молайтамыз; бірақ біздің бұл құбылыстар жөнінде бұрыннан ешбір қабарымыз болмаса, ол уақытта индукция әдістері бізге жәрдем ете алмайды.

Мысалы, біз металдардың тотығуы жөнінде ешнэрсе білмейміз дейік. Біздің бұл жөніндегі біліміміз индукция әдістерінің кеңейте алмайтыны былай тұрсын, біз оларды, тіпті, әдіс ретінде пайдалана да алмаймыз. Болмыс-

ШІЛГІ құбылыстарды зерттегендеге, еңалдымен, ол құбылыстар жөнінде нақты білім болу керек, сонда ғана біз индукция әдістерін қолдана аламыз.

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН СҮРАКТАР

1. Ой кортындысы дегеніміз не? Оның анықтамасын айтып беріңдер.
 2. Ой кортындысының негізгі үш формасын айтып беріңдер.
 3. Индукциялық ой кортындысы дегеніміз не?
 4. Толымды индукция дегеніміз не? (Толымды индукцияға мысал келтіңдер).
 5. Толымсыз индукция дегеніміз не? (Мысал келтіріңдер).
 6. Ұылми индукция дегеніміз не? (Мысал келтіріңдер).
 7. Жай атап көрсету индукциясы мен ғылыми индукцияның арасындағы айырмашылық қандай?
 8. Ұқсастық әдісінің мәнісі неде? (Тұжырымдамасын айтындар және мысал келтіріңдер).
 9. Айырмашылық әдісінің мәнісі неде? (Тұжырымдамасын айтындар және мысал келтіріңдер).
 10. Қалдықтар әдісінің мәнісі неде? (Тұжырымдамасын айтындар және мысал келтіріңдер).
 11. Қосактаса болып отыратын өзгерістер әдісінің мәнісі неде? (Тұжырымдамасын айтындар және мысал келтіріңдер).
 12. «Асығыс жалпылау» дегеніміз не? (мысал келтіріңдер).
 13. «Содан кейін — олай болса, сол себепті» дегеніміз не?
-

X тарау

АНАЛОГИЯ

Дедукция дегеніміз — жалпыдан жекеге қарай жасалған ой қортындысы, ал индукция дегеніміз — жекеде жалпыға қарай жасалған ой қортындысы екенін біз көрдік. Ой қортындысының бұл айтылған екі формасынан басқа, үшінші формасы, жекеден жекеге қарай жасалған ой қортындысы да болуы мүмкін.

Осындай ой қортындыларының бір түрі **аналогия** деп аталады.

Аналогия дегеніміз — екі нәрсенің кейбір белгілерінің ұқсастығынан сол нәрселердің басқа белгілерінің ұқсастығы туралы қортынды жасауға мүмкіндік беретін ой қортындысының формасы болып табылады.

Мысалы, бір тоғайда санырауқұлақ көп еді.

Енді екінші тоғайға келгенімізде онда алдыңғы тоғайдың белгілеріне ұқсаған бірнеше белгілер бар екенің, ол да, әртүрлі ағаш аралас өскен, алдыңғы тоғай сыйқты қалың тоғай екенін байқадық.

Олай болса, бұл тоғайда да санырауқұлақ көп болуы мүмкін.

Аналогия бойынша ой қортындысын жасаудың мәнісі мынада: айталақ, біз бір *A* құбылысына бақылау жүргізіп, оның *a*, *b*, *v* белгілерінің бар екенін білдік дейік; одан кейін біз тағы бір *B* құбылысына бақылау жүргізіп, оның да сол сыйқты *a*, *b*, *v* белгілері бар екенін білдік дейік. Оның үстіне *B* құбылысында бірінші *A* құбылысында байқалмаған *X* белгінің бар екенін білдік. Сонан соң біз *A* мен *B*-ның *a*, *b*, *v* белгілерінің ұқсастығына сүйеніп, *A* құбылысында да *x* белгісі бар болуы ықтимал деп күтеміз.

Мәселен, Жер мен Күннің химиялық құрамының ұқсастығы ең алғаш рет Күн құрамында табылған гелий

Егерде де бар деп болжауға мүмкіншілік берді. Бұл шығады болып шықты.

Аналогия бойынша жасалған ой қортындысында әртүрліліктің тек ықтимал қортындығана шығады, оны кейінгі практика не қостайды, не бекерге шығарады. Үқтимал-шығады да дәрежесі бар, яғни ықтималдық мол болуыла, шамалы болуы да мүмкін. Аналогия бойынша жасалған қортындылардың ішінде салыстырып отырған құбылыстардың неғұрлым көбірек ұқсас белгілеріне негізделген қортындының ықтималдығы молырақ болады.

Алайда, егер біз ой қортындысын жасап отырған нәрсенеңің немесе құбылыстың қортындыда айтылған белгіге сәйкес келмейтін белгісі болса, онда ұқсас белгілер қаншама көп болса да, біздің қортындымыз жалған болып шығады.

Мысалы, егер біз Меркурийде тіршілік бар деп қортынды жасасақ, бұл планетадағы өте жоғары температура органикалық тіршіліктің болуымен сыйыспас еді.

Сондай-ақ қортындының ықтималдық дәрежесі ұқсас белгілердің қаншалықты мәнді белгі екендігіне де байланысты.

Егер біз мәнсіз белгілердің ұқсастығын анықтасақ, онда біздің аналогиямыздың жалған болып шығатындығы сөзсіз.

Фылымға қарсы көптеген «теориялар» — жалған аналогиялар; мәселен, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің заңдарын адам қоғамына да қолданбақшы болған, «әлеуметтік дарвинизм» деп аталған «теория» жалған аналогия болып есептеледі. Мұндай аналогияның мақсаты — капиталистік қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жасырып, оны мәнгі сактау.

«Аналогияның дәлелдеу емес» екені белгілі. Бұл дұрыс айтылған пікір аналогия өзбетінше ешнәрсені дәлелдей алмайды деген пікірді көрсетеді. Фылми және қоғамдық өмірде аналогияны дәлелдеу үшін емес, ықтимал қортындыларды шығару үшін, өз пікірін түсіндіру үшін және бір құбылысты өте айқын сипаттау үшін пайдаланады.

«Бір елдегі революцияның кейбір ағымдарын, кейбір қателерін сипаттағанда, басқа елдердегі революциялардан аналогия алуға бүтіндей болмайды деу ақымақтық болар еді. Бір елдің революциясы басқа елдердің рево-

люцияларынан, егер тіпті ол революциялар бір типтес болмаса да, сабак алмай ма?..

... біздің Октябрь революциясы мен 1848 жылғы француз революциясы бір типтес революциялар емес екенін біле тұра, Ленин Октябрь алдындағы кейбір қайраткерлердің кателерін сыйпаттағанда 1848 жылғы француз революциясының аналогиясын кең түрде пайдаланды» (И. В. Сталин).

И. В. Сталин бұл сөздерінде айналамыздағы дүние туралы біздің білімізді кеңейтуге мүмкіндік беретін ой қортындысының бірі ретінде аналогияның ролі ба-са көрсетілген. Аналогияны, егер тіпті бір типтес құбылыстар болмаса да, өте кең түрде қолдануға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының бір сессиясында совет делегациясы газдарды соғыс мақсатында пайдалануға тыйым салу мен атом қуатын соғыс мақсатында пайдалануға тыйым салудың арасына аналогия жасады. Ағылшын және американ дипломаттары мұндай аналогияның заңды екеніне таласқысы келді. Олар бірінші мәселе жөнінде әңгіме пайдалану турасында болып отыр деп, ал екінші мәселе жөнінде әңгіме істеп шығару туралы болып отыр деп, сылтаураптақшы болды.

Шындығында, бұл екі жағдайдың екеуінде де әңгіме оларды пайдалануға тыйым салу жөнінде болды.

Совет делегациясының басшысы өзінің сөйлеген сөзінде совет делегациясының жасаған аналогиясының заңды екенін өте анық дәлелдеді.

«Ешкімнің атом қуатын шығаруға тыйым салғысы келмейді; атом қуаты шығарылуы керек, бірақ ол тек бейбітшілік мақсатында ғана қолданылсын. Оны соғыс мақсатында пайдалануға тыйым салынуы тиіс. Тұншықтырығыш газдарды шығаруды ешкім тыған жок: үйткені олар бейбітшілік мақсатына да керек; мәселен, олар егін үшін қорқынышты және қауіпті шегірткенің қаптап кетуіне қарсы күреске керек. Бірақ тұншықтырығыш газдарды және жалпы газдарды соғыс мақсаттарына пайдалануға, әлбетте, тыйым салынды. Бір ретте — газ құралы, екінші ретте — атом құралы. Атом қуатын шығаруға болады, тұншықтырығыш газдарды шығаруға болады, бірақ екеуін де соғыс мақсатында пайдалануға болмайды. Аналогия толық және бұл аналогияны ешкім бекерге шығара алмады, бекерге шығара да алмайды», — деді ол.

Фылми болжаулар жасаған кезде жиі-жиі жағдайда шалогия зор роль атқарады; бұл болжаулар кейіннен ғылми жаңалыктар ашуға мүмкіндік береді.

Мәселең, бүкіл әлемдік тартылыс теориясын тапканда аналогия аса қажетті роль атқарды; бұл аналогияны Ньютон Жер үстіндегі денелердің қозғалуы (әсіресе, олардың құлауы) мен аспан денелерінің қозғалуы арасындағы үқсастықты түсіндіру үшін келтірді.

Мұндай жағдайларда аналогия ғылми гипотезаның бастамасы болады; ғылми гипотезаны осыдан соңғы тарауда қарастырамыз.

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР

1. Аналогия бойынша ой kortындысын жасау деген не? (Мысал келтіріңдер).
 2. Аналогия бойынша жасалған kortындының ықтималдығы неге байланысты?
 3. Қандай аналогиялар жалған аналогия болады?
 4. Не себепті аналогия дәлелдеу бола алмайды?
 5. Аналогияларды не үшін пайдаланады?
-

XI таралу

ГИПОТЕЗА

§ 1. Гипотезаның анықтамасы

Біз құбылысты тудырған себепті тапқаннан кейін немесе сол құбылыстың бағынатын жалпы заңдарын тапқаннан кейін құбылыс айқындалды деп есептейміз. Алайда осы құбылысты қандай себеп тудырғанын түжырымды түрде тапқанша біз әртүрлі болжаулар жасаймыз.

Мысалы, аурудың немен ауырғанын әлі біржолата айырмаған дәрігер аурудың беталысын (температураның көтерілуін, қай жері ауыратынын, тағы баскаладарды) бақылап тексереді, адамның ауыруының белгілібір себебі бар екенін болжайды.

Шын екені әлі тәжрибе арқылы дәлелденіп жетпеген қандай да болсын бір құбылысты айқындау үшін ғылымда пайдаланатын болжауды гипотеза деп атайды.

Мәселен, жер шарының ішкі ядросы сүйық, балқыған күйде деп болжасақ, бұл гипотеза болып шығады. Бұл болжаудың дұрыстырын, біздің ғылыми біліміздің осы күнгі дәрежесіне қарағанда, тікелей бақылау арқылы дәлелдеу мүмкін емес; оның дұрыстыры кейбір құбылыстар оны бізге қалай түсіндірсе, тек болғаны сол арқылы ғана анықталады.

Сүйтіп, біз гипотеза жасағанда себептің әрекетіне қарай себептің өзі туралы ой қортындысын шығарамыз.

Гипотеза үзак үақыт іздену, тәжрибе және эксперимент жүргізудің нәтижесінде табылады. Егер жаңадан ұсынылған гипотезалар неғұрлым дұрысырақ болып шықса, ғалымдар бұрын табылған гипотезалардан бастартуға екінші бірінде мәжбүр болып отырады.

§ 2. Гипотезаны тексеру

Эрине, гипотезалардың бәрінің бірдей ғылыми маңызы бола бермейді. Ғылыми маңызға ие болу үшін гипотеза тексерілуі керек.

Қандай болмасын бір гипотезаны тексеру дегеніміз не?

Гипотезаны тексеру дегеніміз:

1) гипотезадан шығатын салдар байқау жүргізіліп отырған құбылыстармен, шындығында, дәл келе ме, соны анықтау;

2) қолданатын гипотезамыз біз акыйқат заңдар деп есептеп жүргөн басқа заңдарға және одан бұрын біз азды-көпті ықтимал деп қабылдаған гипотезаларға қайшы келмей ме, соны көрсету.

Әрбір ғылыми гипотезаның қанағаттандыруға тиіс бірінші және мегізгі шарты — ол барлық белгілі құбылыстарға, тәжрибелің барлық фактыларына тұра келуі тиіс.

Алайда зерттеуші өзі қабылдаған гипотезаның тек белгілі уақыйгаларға қайшы келмейтініне көзі жетіп қана қоймауы керек, сонымен қатар, ол гипотеза бірден-бір мүмкін гипотеза екеніне және гипотезаның жәрдемімен бақылау жүргізілген барлық құбылыстарды толық түсіндіруге болатынына да оның көзі жетуі керек.

§ 3. Гипотеза және теория

Бақылау жүргізіліп отырған құбылыстарға қайшы келмеуімен қатар, адамдардың практикасында дұрыс болып шыққан гипотеза теорияға айналады.

Физикадағы атомдық принциптің тарихы теорияға айналған гипотезаның мысалын көрсетеді. Ерте замандағы Грецияның философы Демокрит (біздің жыл санаудың мыздан бұрынғы 460—370 жылдар шамасында) күллі материя көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектерден құралады деп үйреткен; ол бұл ұсақ бөлшектерді атомдар деп атаған (атом — грек сөзі және сөзбе-сөз айтқанда «бөлуге болмайтын нәрсе» деген сөз). Бірақ ерте замандағы философтар зерттеген кезде бұл ілім әлі гипотезаға еді.

Орта ғасырларда атомизмді жақтаушылар болған жоқ, бірақ қайта өрлеу заманында оқымыстылар бұл принципті жаңадан көтерді. Бұл жағдайда да атомистік принцип әлі гипотеза болатын.

Дегенмен, ғылым барған сайын ілгері басуда. Осы күнгі физика атомның салмағын өте дәлдікпен өлшеді және түрлі элементтердің атом салмақтарының қатынасын анықтады, атомның ішкі құрылышын білді және атомның өзі центрлік ядросынан айналып жүрген электрондар системасы екенін көрсетті. Сүйтіп, гипотеза ғыл-

ми жөнінен тексеріліп, жалпы жүргт қабыл еткен теорияға айналды.

Бұрын оқшау қалған фактылар мен құбылыстар енгізіле алғанда теория арқылы түсіндірілетін мәселелердің катарына неғұрлым көп қосыла берген сайын, теория жетіле береді.

Практикада дұрыс болып шыққан, практикамен тексерілген және адамдардың практикалық істеріне қызмет ететін теорияға жетілген теория болып саналады.

Мұндай теорияға қофам туралы, қофамдық түрмисстың даму зандары туралы маркстік-лениндік теория айқын мысал бола алады. Бұл теория бүкіл қофам тарихының дамуымен және ССРО-дағы коммунистік құрылыштың бүкіл практикасымен тамаша дәлелденіп, дұрыстығы көрініп отыр.

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Гипотеза деген не?
 2. Эксперименттік зерттеуде гипотеза қандай роль аткарады?
 3. Гипотезаға мысалдар келтіріндер.
 4. Гипотезаны тексеру дегеніміз не?
 5. Теорияға айналу үшін гипотеза қандай шарттарды қанағаттандыру керек?
-

XII таралу ДӘЛЕЛДЕУ

§ 1. Логикалық дәлелдеудің анықтамасы

Қандай да бір мектеп шығармасында болсын, ғылыми еңбекте болсын, баяндама мен лекцияда болсын, әңгіме мен дискуссияда болсын бізге тек түрлі пікір айтып қана қоюға тұра келмейді, сонымен қатар, олардың ақыйқаттығын негіздел, дәлелдеуге тұра келеді.

Күрғақ сөзге толы, дәлелсіз пікірлер ешкімді сендре алмайды және практикада бірінші рет текстергенде-ақ олардың тасталқаны шығады. Бұған марксизм-ленинизмге қаң барлық «теориялар» айқын мысал бола алады.

Мәселен, II Интернационалдың оппортунистерінде мынадай «теориялық» қафыда бар еді: егер елде өзі көлшілік болмаса, пролетариат өкіметті қолға ала алмайды және қолға алуудың кажеті жок

Марксизм-ленинизмнің дүшпандарының бұл айтқандарын сынай келіп, И. В. Сталин былай деп жазды: «Ешқандай дәлел жоқ, үйткені бұл орынсыз қафыданы теория жүзінде де, практика жүзінде де актау мүмкін емес».

II Интернационалдың бұл дәлелсіз қафыдасын өмірдің өзі теріске шығарғаны мәлім. Россияның пролетариаты елдегі халықтың азшылығы болса да, кедей шаруалардың одағына сүйене отырып, капиталистердің үстемдігін құлатты және өкіметті өз қолына алды.

Марксизм-ленинизмнің негізін қалаушылар, әрдайым пікірлеулердің дәлелді болуына көзіл бөліп келді. Ф. Энгельс былай деп жазды: егер өзінің айтқанының растиғына жұрт сенсін десе, философ дәлелді сөйлесін.

1906 жылы партияның Петербургта болған конференциясында сөйлеген сөзінде В. И. Ленин былай деді: сөз алып сөйлеген меньшевиктердің ешқайсысы большевиктердің дәлелдерін теріске шығара алмады, үйткені «сөйлеген-

дерінің барлығы жеткілікті дәлел бола алмайтын күрінші сөз болып шықты...»

И. В. Сталин өзінің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген тарихи еңбегінде анархистердің «ілімін» тәсіліске шығару жеткіліксіз, оның бутіндей негізсіз екенін дәлелдеу керек деп көрсетті.

«Егер анархистердің «ілімі» ақыйқатты көрсететін болса,— деп жазды И. В. Сталин,— онда ол өзіне жол салып, өзінің төңірегіне бұқараны жыйнап алатындыры өзінен-өзі түсінікті. Ал егер олардың ілімі негізсіз болса және жалған негізде құрылса, онда ол көп жасап тұра алмайды, түкке аспай қалады. Анархизмнің негізсіз екендігінің өзі дәлелденілуі керек».

Дәлелділік — дұрыс ойлаудың аса қажетті сапасы. Ол материялық дүниенің ңеңізгі зандылықтарының бірінің адам мыйында бейнеленуі болып табылады. Табиғат пен когамдағы әрбір нәрсе және әрбір құбылыс барлық нәрсе және құбылыс атаулының бәрімен байланысты.

Қандай болмасын материялық нәрсенің жарыққа шығуы басқа материялық нәрселердің өткендеңі бүкіл дамуы арқасында дайындалады. И. В. Сталин былай дейді: «Егер айналадағы құбылыстарды байланыссыз оқшау түрінде алып қараса, табиғаттағы құбылыстың бір де біреуін ұфуға болмайды, үйткені егер табиғаттың қай саласындағы қай құбылысты болса да айналадағы жағдайтарға байланыссыз, олардан бөліп әкетіп қараса, ол мағнасыздыққа айналуы мүмкін, ал егер оны айналадағы құбылыстармен үздіксіз байланысты күйінде, айналадағы құбылыстармен шарттас күйінде алып қараса, қандай құбылысты болса да ұфуға, дәлелдеуге болады».

Өздерінің бейнелегендегіне сәйкес келетін болса, сыртқы дүниедегі нәрселер туралы біздің ойларымыз да өзара байланысты болуы керек екені, өздерінен бұрынғы ой-пікірге өзінің жеткілікті негізі ретінде табан тіреуі керек екені өзінен-өзі айқын.

Белгілібір мәселе жөніндегі қандай ғылыми теория болмасын, қандай дұрыс пікірлеу болмасын, олар ой-пікірдің дәйекті байланысы болып табылады.

Мәселен, ең қарапайым индукциялық ой қортындысында жалпы қортындының басқа дара, жеке немесе онша жалпы емес пікірлерден шығатынын, яғни басқа пікірлермен байланысты екенін біз білеміз.

Осы жолмен жасалған қарапайым қортындыны дара,

жеке немесе онша жалпы емес басқа пікірлерге қолданып, соның арқасында жаңа пікір тудыруға болады, бұл соңғы пікірдің жалпылығы алғашқыға қарағанда кемірек болады. Бірақ солай болса да, бұл соңғы пікірдің өзі де алдыңғы пікірлермен ұластырудың, байланыстырудың нәтижесі болады.

Мұның өзі әрбір дұрыс ой қортындысына, әрбір дұрыс пікірлеуге тән сыйпат: әрбір жаңа ой-пікір, өзінің негізі ретінде, өткенде ой-пікірлерге сүйенеді, ал өткенде ой-пікірлер ой қортындысының нәтижесін даярлайды. Алғышарттар тұжырымға келумен байланысты, тұжырымға көлу қортындымен байланысты. Осындай дұрыс пікірлеудегі ой-пікірлердің өзара байланысы қалай болса солай болатын байланыс емес. Мұндай пікірлеудегі ой-пікірлердің байланысы материялық дүниедегі нәрселер мен құбылыстардың реалды байланыстарын бейнелейді.

Мәселен, дедукциялық ой қортындысындағы ой-пікірлердің байланысы жалпы мен жекенін арасындағы байланысты болмыста кездесетін күйінде бейнелейді. В. И. Ленин логикалық фигуralар заттардың әдеттегі катынастарын бейнелейді деген болатын.

Демек, егер табиғаттағы нәрсені өзінің айналасындағы нәрселерге байланыссыз, оқшau түрде алып қарайтын болсақ, онда оны ұғуға болмайды. Бірақ нәрселерді ұғу үшін әрқашан маңызы зор ішкі байланыстардың әдетте түп-тура тікелей көрінбейтіндігін, сол нәрсемен алғашқы танысқанда бірден көзге түсе қоймайтындығын практика көрсетіп отыр.

Егер де заттардың көзге көріну формасы мен ішкі мәнні түп-тура дәл келіп отырған болса, онда ешқандай ғылымның керегі болmas еді.

Фылми зерттеудің қандайының боле~~да~~ да мақсаты -- нәрсенің түрлі-түрлі жақтары арасындағы байланысты, белгілібір нәрсе мен оның айналасындағы басқа нәрселердің арасындағы байланысты анықтау болып табылады.

Әрбір ой-пікір сыртқы дүниені бейнелейді. Сонымен катар бұл бейнелеу тікелей және біртұтас бейнелеу емес. Біздің ой-пікірлеріміз табиғат пен қоғамның заңдылықтарын жай айна сыйқты механикалық түрде сәулелендірмейді.

Сондықтан обьективтік дүние заттарының байланы-

сын бейнелейтін қандай пікірлеу процесінде болса да, ой-пікірлердің қажетті байланысын сендірерліктей дәлелдей білу, әрине, ойлаудың аса қажетті қасиеті болып табылады.

Дәлелдеу әрбір ғылымда маңызды роль атқарады.

Мәселен, электр құбылыстарын терең зерттеудің қажеттігі физика оқулығында бірнеше басқа пікірлермен дәлелденеді.

Казірде электр қуаты техникада қуатты пайдаланудың негізгі формасы.

Еліміздің электрлендіру ісі социалистік халық шаруашылығын барған сайын ілгері бастырудың және социализмнен коммунизмге өтудің негізгі шарттарының бірі болып отыр.

Электр туралы ілімнің дамуы материяның құрылышы туралы ғылыми түсінігімізді мейлінше өзгерту т. с. с.

Кейбір ғылыми теориялардың бастапқы, түпкі қағыйдаларының өте-мөте аз бөлімдері ғана дәлелдеусіз қабылданады.

Мысалы: геометриядың мүндай қағыйдалар мынадар: «Екі шаманың әрқайсысы жеке-жеке үшінші шамаға тең болса, онда олар өзара тең болады», «Бүтін өзінің бөлігінен үлкен», «Егер тең шамаларға тең шамаларды қоссақ, тең шамалар шығады» және тағы сол сияқтылар. Бұлардың барлығы аксиома болып табылады.

Бірақ аксиомалардың өзі де қайсы бір «айқындығының» арқасында дәлелдеуді керек етпегендігінен дәлелдеусіз қабылданып отырған жоқ. Білімнің тарихи даму процесінде олар тексеріледі, практикада, тәжрибеде анықталып отырады.

Аксиомалардың дәлелдеуді керек етпейтін ой-пікірлер деп танылуының себебі сол, заттардың аксиомаларда бейнеленген қарапайым қатынастары мен байланысгары адамдардың көптеген ұрпақтарының қоғамдық-енбек қызметінде миллион рет тексерілген.

Аксиомалардың тәжрибеден шықканы туралы Ленин былай деп жазады: «... логикалық фигурандар аксиомалардың мәніне ие бола алуды үшін, адамның практикалық қызметі адамның санасын сол әртүрлі логикалық фигурандарды миллиард рет қайталауға мәжбүр өтуге тиісті болды».

Мына сияқты өзінен-өзі айқын ақыйқаттар да дәлелдеуді қерек етпейді: «Аттар сұлы жеп түр», «Волга Каспий теңізіне құяды» және тағы сол сияқты.

Клубтар мен жыйналыстардың пайдасын дәлелдеп жазған макаланы газеттен оқыған кезінде, В. И. Ленин бұл туралы мынадай пікір білдірген болатын: «Өзінен-өзі түсінікті заттар туралы мұндай маңыздынып әнгіме етудің не керегі бар? Клубтар мен жыйналыстардың пайдасын дәлелдеп жату керек пе?»

Бірақ біздің айтқандарымыз тек аксиомалар мен өзінен-өзі айқын ақыйқаттар ғана бола бермейді. Сөйлеген сөздер мен жазбаларда, баяндамалар мен мектеп шығармаларында ақыйқаттығы сезім мүшелері арқылы немесе жалпыға мәлім аксиомалар арқылы дәлелденбейтін пікірлерді қолданамыз.

Мысалы, «Жер — шар» екенін, «Жердің күннен айналып қозғалатынын» білеміз. Бұл білімді біз нәрселердің тікелей сезім мүшелерімізге еткен әсері арқылы алғанымыз жоқ. Өз алдына жеке алғанда көру түйсігі бізге тіпті басқаны көрсетеді: «Жер жалпақ» сияқты, «Жер Күннен емес, Күн Жерден айналып қозғалатын» сияқты көрінеді.

Айтылған сөздердің басым көпшілігінің ақыйқат екенін дәлелдеу керек. Нарыз ғылыми теорияның ешбіреуінде күрғақ сөзге толы, негіzsіz, дәлелденбей айтылған қағыйда болмайды.

Дәлелдеу дегеніміз не? «Дәлелдеу» деген сөзді қалай түсінуіміз керек?

«Дәлелдеу» деген сөздің ғылымда және күнделікті тұрмыста үш мағнасы бар.

Бір құбылыштың немесе бір фактының болғанын дәлелдеу үшін басқа бір құбылышты немесе фактыны дәлел етіп келтіреді.

Мәселен, АҚШ-тың империалистік топтарының соғыс одактарын құрып отырғандағы сол елдің реакцияшыл үкіметінің Совет Одағына және халықтық-демократия елдеріне қарсы соғысқа дайындалып жатқандығын дәлелдейді.

Бұл жағдайда көрініп тұрған фактының өзі дәлел болады; бұл фактыдан басқа фактының бар екені немесе жоқ екені туралы қортынды жасалады.

Бірақ «дәлелдеу» деген сөз жиі-жіi реттерде басқа мағнада да қолданылады.

Мәселен, кластағы оқушылардың барлығы физикадан емтиханды «отлично» және «жақсы» бағамен бергендігін баға қойылған класс журналы дәлелдеп береді. Кітапты.

алғандығымызға қол қоятын абонемент карточкасы білдірілген заманға жатын немесе авторының өзі қатынасқан уақыйғалар түрлі жазылған әдеби шығармаларды түрлі тарихи уақыйғалардың дәлелі ретінде пайдаланады.

Тарих ғылымында авторы өмір сүрген заманға жатын немесе авторының өзі қатынасқан уақыйғалар түрлі жазылған әдеби шығармаларды түрлі тарихи уақыйғалардың дәлелі ретінде пайдаланады.

Бұл жағдайлардың барлығында дәлел ретінде фактының өзі келтірілмейді, тек сол факты, құбылыс, уақыйға туралы мәліметтің қайдан алынғандығы (клас журналы, кітапхана карточкасы, мемуарлар) көрсетіледі.

«Дәлелдеу» деген сөздің екінші мағнасы осындай. Дәлелдеу дегеніміз — қандай да болса бір уақыйға туралы мәліметтің дерегі болады.

«Дәлелдеу» деген сөздің үшінші мағнасы да бар.

Жеткілікті негіз заңынан біз бір пікірдің акыйқат екенін дәлелдеу үшін фактының дерегін немесе фактының тікелей өзін келтіріп жатудың керек емес екенін білеміз. Адамдардың теорияда жалпыланған еңбек ету тәжрибесі пікірді логика жолымен тексеруге мүмкіншілік береді. Мұндай дәлелдеуді біз білімнің барлық салаларында қолданамыз. Екі жай мысал келтірейік:

Айталық, бізге судың серпімді дene екенін дәлелдеу керек. Мұны судың сүйық зат екендігімен дәлелдейміз, үйткені барлық сүйық заттар серпімді денелер болады, сондықтан сүйық зат болғандықтан судың да серпімді дene екендігі дәлелденеді. Сүйтіп, акыйқаттығы адамдардың өткендегі практикасымен дәлелденген пікірлерден су серпімді дene деген қортынды жасалады.

Біз күміс — жылу өткізгіш дейміз. Бұл былай дәлелденеді: күміс — металл, барлық металдар жылуды жаксы өткізеді, олай болса, күміс — жылуды жаксы өткізеді. Ақыйқаттығы бізге мәлім екі пікірден біз «күміс жылу өткізгіш» деген пікірдің акыйқаттығын анықтадық.

Екі жағдайда да біз логикалық дәлелдеуді қолданып отырылады.

Дәлелдеу дегеніміз — белгілібір пікірдің акыйқаттығын акыйқаттығы практикада тексерілген басқа пікірлер арқылы дәлелдеуде қолданылатын логикалық әрекет.

Логикалық дәлелдеу дегеніміз — ойлау процесі. Бір пікірдің акыйқаттығы басқа пікір арқылы дәлелденеді.

Бірақ әрбір дұрыс дәлелдеу, сайып келгенде, сөзсіз фактыварға негізделеді.

В. И. Ленин былай дейді: «адам өзінің практикасы

арқылы өз идеяларының, ұғымдардың, білімдердің, ғылымның объективтік дұрыстырын дәлелдейді». Егер алға үсынылған бір қағыйданы дәлелдеуде қолданылатын пікірлер практикада тексерілмеген болса, мұндай дәлелдеу жетсіздікке ұшырайды.

Бір пікірдің ақыйқаттығын ақыйқаттығы практикада тексерілген басқа пікірлер арқылы дәлелдеу керек болған кезде ғылым атаулының бәрінде, практикалық қызметте және күнделікті түрмисста логикалық дәлелдеуді қолданамыз.

Ақыйқаттығын дәлелдеу керек болатын пікірлердің мазмұны әр ғылымда әртүрлі болады. Бірақ пікірлердегі жеке және нақты жағдайларға назар аудармайтын болсақ, пікірлердің дәлелдеу процесіндегі байланысы мен ұласуының негізіне алынатын бір жалпы қағыйданы анықтап, соның негізінде дәлелдеудің барлық түріне қолданылатын кейбір дәлелдеу ережелерін қорытып шыгаруға болады.

Барлық дәлелдеулерге бірдей қатысты мұндай жалпы қағыйдалар мынау: дәлелдеудің құрылышы, дәлелдеудің тәсілдері, дәлелденбекші пікір жөнінде және дәлелденбекші пікірді негіздеу үшін келтірілген пікірлер жөнінде қойылатын талаптар.

Логиканың дәлелдеу саласында зерттейтін мәселесінің езі де осы жалпы қағыйдалар болып табылады.

Дәлелдеудің формалары мен тәсілдері адам ойының үзақ уақыт шұғылданған абстракциялау жұмысының нәтижесі. Оларды бір заманың ғана берген жемісі деп қарауға болмайды. Дәлелдеудің құрылышы, оның тәсілі бірнеше заманың берген жемісі болып табылады.

§ 2. Дәлелдеудің құрамы

Әрбір дәлелдеуде, онда дәлелденетін пікірдің жеке және нақты болуына қарамастан, әрдайым мынадай негізгі үш бөлім: тезис, негіз және дәлелдеу тәсілі (демонстрация) болуы керек.

1) Тезис деп ақыйқаттығын дәлелдеу керек болатын пікірді немесе қағыйданы айтады.

Әрбір тезиске қойылатын негізгі талап: дәлелденетін тезистің мазмұны ақыйқат болуы, яғни объективтік болмысқа сәйкес келуі тиіс.

2) Негіз (дәлел немесе аргумент) деп ақыйқаттығы

анықталған және тезисті дәлелдеуге жеткілікті шеттерге ретінде қолдануға болатын пікірлерді айтады.

Дәлелдеу негізінің бірнеше түрі болады.

Олардың ішіндегі ең сенімдісі тезиске жататын факттар жынығы болып есептеледі.

Бір-біріне байланысты алынған дәл және талассын фактларды В. И. Ленин: тек «өз дегені болмаса көнбейтін» нәрсе ғана емес, сонымен қатар, даусыз дәлелді нәрсе деп есептейтін. Жалпы байланысынан жұлып алынған, қалай болса солай іріктелінген факттысымқартар өздерінің дәлелділік күшін жоғалтады. «Жалпы айтқанда, мысалдарды іріктең алудың,— дейді В. И. Ленин,— ешқандай қызындығы жок, бірақ оның ешқандай маңызы да болмайды немесе пайдасыз болады; үйткені барлық істің жайы жеке уақыйғалардың нақты тарихи жағдайына байланысты».

Белгілібір ғылымда қабылданған негізгі үғымдардың аныкташаларын негіз ретінде көлтіруге болады.

Мәселен, математика дәлелдеулерінде тезистің акый-
қаттығын тек фактылар мен анықтамалар системасы ар-
қылы ғана емес, сонымен қатар, аксиомалар мен посту-
латтар арқылы да дәлелдеуге болады. Аксиоманың мәні
бізге өткен параграфтан мәлім. Пастулатты алсак, ол
аксиомаға өтө үқсас, одан айырмашылығы тек сол, ол
аксиома сияқты жалпыға танылмаған.

3) Дәлелдеу тәсілі дегеніміз — тезистің ақыйқаттығын дәлелдеуге мүмкіншілік беретін негіз бен қортындының арасындағы байланыс пен ұласудың формасы.

Дәлелдеу тәсілі дегеніміз — дәлелденетін тезистің өзі ақыйқаттығы практикада тексерілген алғышарттардан немесе аргументтерден логикалық жолмен қажетті түрде шығатындығын айқын көрсететін бірнеше ой қортындыларының дәйекті байланысы, пікірлер тізбегі. Жеке алғышарттарды жай қалай болса солай қоса салудың дәлелділік күші болмайды.

Дәлелдеудің бұл үш құрамды белімі әрбір дәлел-демеде міндетті болуы керек. Дұрыс дәлелдеуде тезис пен негіздің арасы анық және жақсы айырылған болады.

Бірақ тезисті білу мен негіздің болуы әлі де жеткілік-сіз, сонымен қатар негізден логика жолымен тезисті шығара білу керек. Дәлелдеу қабілеті сүйекке бітеп тін нәрсе емес, оны дамыта білу керек.

§ 3. Тікелей және жанама дәлелдеу

Қолданылу тәсіліне қарай барлық дәлелдеулер: тікелей және жанама дәлелдеулерге бөлінеді.

Айталық, бізге мынадай тезисті дәлелдеу керек:

«ССРО-ның мемлекеттік өкіметінің жоғары органдың депутаттарды сайлау тәң сайлау правосы негізінде жүргізіледі».

Бұл тезисті біз жүртқа мәлім мынадай дәлелдермен негіздейміз:

ССРО-ның әрбір азаматы бір дауыска ие.

Әрбір азамат нәсілі мен ұлты, жынысы, діні, білім дәрежесі, отырышылығы, әл-аукаты, әлеуметтік тегі, өткендегі істері қандай екендігіне қарамастан, депутаттар сайлауға қатанасады

Бұл дәлелдерден ССРО-да мемлекеттік өкіметтің жоғары органдың депутаттар сайлау тәң сайлау правосы негізінде жүргізіледі деген тезис логикалық жағынан ақыншы болып шығады.

Дәлелдеудің мұндай түріне тән ерекшелік неде? Оған тән ерекшелік тезистің ақыншылығы дәлелдерден тікелей шығуында.

Дәлелдері тезистің ақыншылығын тікелей негіздел беретін дәлелдеуді тікелей дәлелдеу деп атайды.

Бірақ тезистің ақыншылығын тікелей негіздел беретін дәлелдер кейбір кездерде болмай қалатын жағдайлар да жиі кездеседі.

Мұндай жағдайларда не істеу керек?

Тезиске қайшы келетін пікірдің жалған екенін дәлелдейтін дәлелді табу керек. Ондай дәлелді тапқан соң тезиске қайшы келетін пікірдің жалған екенін дәлелдеу керек. Үшіншісі жоқ заңнан біз: егер бір пікір жалған болса, оған қайшы екінші пікірдің қажетті түрде ақыншы болып шығатынын білеміз.

Тезистің ақыншылығы тезиске қайшы келетін баска қағыйдалардың ақыншылығын бекерге шығару арқылы негізделетін дәлелдеуді жанама дәлелдеу деп атайды.

Жанама дәлелдеу не апогогикалық дәлелдеу, не ажыратушы дәлелдеу болуы мүмкін.

Апогогикалық жанама дәлелдеудегі дәлелдеу тәсілі мынадай болады: ең алдымен, дәлелденетін тезиске қайшы келетін қағыйда бекерге шығарылады, одан кейін бір-біріне қайшы келетін екі пікірдің біреуі — ақыншы, екіншісі — міндетті түрде жалған дейтін үшіншісі жоқ

зәң бойынша дәлелденбекші тезистің қажетті түрдегі ақыйқат екені анықталады.

Апогогикалық жанама дәлелдеу, көбінесе, математикада жиі кездеседі. Мысалы, мұндай дәлелдеу арқылы үшбұрыштың екі бұрышы тең болса, олардың қарсысында жатқан қабыргалардың да тең болатындығы дәлелденеді. Дәлелдеу тәмендегі жолмен жүреді. Айталақ ABC үшбұрышында A бұрышы B бұрышына тең, ал оларға қарсы жатқан қабыргалар AC және BC болсын дейік. AC мен BC тең екенін дәлелдеу керек.

Дәлелдеу үшін тезиске қайшы қағыйда ақыйқат дейік, яғни BC ға AC тең емес делік. Сонда әрбір үлкен бұрышының қарсысында үлкен қабырга жатады деген теорема бойынша бұл соңғы айтылған қағыйдадан: A бұрышы B бұрышынан не үлкен, не кіші болу керек деген көртынды шығар еді. Бірақ бұл көртынды кабылданған қағыйдаға қайшы келеді, олай болса, тезиске қайшы келген қағыйда жалған қағыйда болады. Бұдан: жалған қағыйдаға қайшы келген қағыйда, атап айтқанда, тезиске ақыйқат болуы керек.

Сондай-ақ, бұл дәлелдеуді қарсыдан дәлелдеу деп те атайды; мәселен, дәлелдеудің осы әдісі арқылы геометрияда мынадай теореманың ақыйқаттығы дәлелденеді:

«Бір түзу сзыққа түсірілген екі перпендикуляр одан әрі қаншама созсақ та бір-бірімен қыйылсызды».

Дәлелдеудің барысы тәмендегідей жүргізіледі. Тезиске қайшы келетін қағыйда ақыйқат деп, бір минутке келісе қоялық яғни: «Бір түзу сзыққа түсірілген екі перпендикуляр одан әрі қарай созғанда бір-бірімен қыйылсысады» дейік. Олай болған уақытта бұл соңғы қағыйдадан түзу сзықтан тыс жатқан бір нүктеден сол түзуге екі перпендикуляр түсіруге болады деген көртынды шығады.

Бірақ бұл көртынды жалған. Үйткені біз бұдан бұрын дәлелденген: «Қандай да болмасын түзу сзықтан тыс жатқан бір нүктеден сол түзу сзыққа тек бір ғана перпендикуляр түсіруге болады» деген теореманы бұзғандық болып табылады.

Ал егер қандай да болмасын түзу сзықтан тыс жатқан бір нүктеден сол түзу сзыққа екі перпендикуляр түсіруге болады деген пікір жалған болса, ол уақытта біздің бір түзу сзыққа түсірілген екі перпендикулярді одан әрі соза берсе, олар бір-бірімен қийылсысады деп бір минутке кабылдаған қағыйдамыз да жалған, үйткен мұның өзі: «Қандай да болмасын түзу сзықтан тыс жатқан бір нүктеден сол түзу сзыққа тек бір ғана перпендикуляр түсіруге болады» деген теореманы бұзғандық болып табылады. Себебі әрі қарай созғанда бір-бірімен қийылсыкан пер-

Перпендикуляр дегеніміз — сол түзу сызыққа бір нұктеден түсірген екі перпендикуляр боладығы.

Сүйтіп, біз бір минутке ақыйқат қағыда ретінде қабылдаған ғләдің тезисімізге қайшы келетін: «Бір түзу сызықта түсірілген екі перпендикуляр одан әрі созғанда бір-бірімен қыйылсысады» деген қағыданың жалған екенін осылайша дәлелдедік.

Сүйтіп, біз «Перпендикуляр бір-бірімен қыйылсысады» және «Перпендикуляр бір-бірімен қыйылсыспайды» деген бір-біріне қайшы келетін екі пікірге кездестік. Үшіншісі жоқ заң бойынша бір-біріне қайшы келетін екі пікірдің бірі міндettі түрде жалған, ал ғіншісі — ақыйқат және олардың арасында үшіншісі болуға мүмкін емес екені белгілі. Шынында да бір түзу сызықта түсірілген перпендикулярлар не болмаса бірін-бірі кесіп өтеді, не болмаса бірін-бірі кесіп өтпейді. Ешқандай үшінші қағыда болады деп ойлауга да мүмкін емес.

Ал егер: «Бір сызықта түсірілген екі перпендикуляр одан әрі созғанда бір-бірімен қыйылсысады» деген пікірдің жалған екенін дәлелдеген болсақ, онда оған қайшы келетін: «Біз сызықта түсірілген екі перпендикулярды одан әрі қашама созса да бір-бірімен қыйылсыспайды» деген пікір сөзсіз ақыйқат екендігі көрінеді. Геометрларша айтсак, дәлелдеу керегінің өзі де осы еді.

~~Дәлелденбекші тезистің белгілібір мәселе жөнінде кездесуін мүмкін фактілардың~~ бәрін түгел қамтытын фактылардың күрамынша кіргені мәлім болған жағдайда ажыратушы жанама дәлелдеу қолданылады.

Мұндай дәлелдеудің әдісі мынадай болады: дәлелденбекші тезис болып табылатын бір фактыдан басқа фактылардың бәрі бекерге шығарылады.

Мәселен, егер 100 метрге жүгіруде мектеп бәйгесін алуға тек К. В. және Д. оқушылар жарықсаны анықталған болса және сонда К-нің де, В-ның да бірінші болып келмегендігі бізге мәлім болса, онда оқушы Д-ның бәйге алғаны соның өзінен-ақ дәлелденіп отыр.

Кейде ажыратушы жанама дәлелдеуде кездесетін қателіктің себебі — ондағы кездесуі мүмкін фактілардың барлығы түгел зерттелмеуінде. Тезистің ақыйқаттығы тексерілмекші мәселе жөнінде кездесуі мүмкін барлық болжуалардың біреуінен басқасының барлығы бекерге шығарылған жағдайдаған дәлелденеді.

Жанама дәлелдеуді қолдану белгілібір қыйыншылыққа байланысты. Жанама дәлелдеу процесінде, талқылап отырған тезистен уақытша ауып кетіп, қосымша материал келтіруге тура келеді. Бұлай істеу, әрине, бартық пікірлеу процесін қыйыннатады. Бірақ дәлелдеудің бұл тәсілін де білу керек, үткені практикалық тұрмыста

тезистің ақындығын дәл керек кезінде тікелей дөлең дейтін аргументтер табыла қоймайтын жағдай жиі көз десіп отырады.

§ 4. Дәлелдеудің ережелері

Дәлелдеудің өзі тезисті дұрыс негіздеуі үшін аса жақтап көркіті бірсыныра өрежелерді бұлжытпай орындау ете-метте қажет.

Бірінші ереже. Үйіменің сабағында немесе жыныалыста кейде мынадай уақыйғаны байқауға болады. Жарыс сөзге шығып сөйлеуші өте жатық сөйлейді, өзара белгілі байланысы бар кейбір дәлелдер көлтіреді. **Бірақ** жарыс сөзге шығып сөйлеуші қандай пікір дамытқали тұрганын, оның тезисі қандай екенін сіздің үшін алғыныз келеді. Мұның өзін үфу онша оңай тимейтін көрінеді. Төзисті анықтау өте қыйын.

1937 жылы декабрь айында, Москва қаласындағы Сталин сайлау округі сайлаушыларының сайлау алдындағы жыйналысында сөйлеген сезінде И. В. Сталин осындай «шешендерді» сынады: «Эрине, бәрін де айта-тын, бірақ өшнэрсені де айтпайтын сондай бір женіл сөз сөйлеуге болар еді,— дейді И. В. Сталин — Бәлкім, мұндай сөз жүртқа біраз өрмек болар еді... Бірақ біріншіден, мен мұндай сөздерге шебер емеспін. Екіншіден, қазір, біздің бәріміздің, большевиктердің «жұмыс көптігінен бұрылуға мұрша жоқ» дегендей болып тұрғанда, өрмек істерімен шүғылдануға бола ма? Менің ойымша, шүғылдануға болмайды».

Женіл сөздің шеберлеріне тән нәрсе — олар дәлелдеудің бірінші ережесін бұзады. Ол ереже быттай дейді:

Тезис айқын және дәл анықталған пікір болуы керек.

Егер тезис айқын болмаса, оны дәлелдеуге болмайды.

Егер біз шын мәнінде таласқымыз келсе, сынап отырған нәрсемізді айқын білуіміз керек дейді В. И. Ленин.

Екінші ереже. Дәлелдеу процесінде тек тезистің ағындағы аргументтердің өзін де негіздеу керек болатын жағдай өте жиі кездеседі. Соның нәтижесінде кейде едәуір ұзаққа созылатын пікірлер тізбегі пайдаланады. Кейбір оппоненттер байқалтпай тезистің көлемінен шығып кетіп, әуелде ойланғаннан баска бір нәрсениң дәлелдеуге көшу үшін осы айтылған жағдайды пайдаланады.

Бұл сыйқты тезистің көлемінен шығып кету өте жа-

йылған, сондықтан оған тіпті тезисті әдейі ауыстыру не месе дәлелденуге тиісті тезисті елемеушілік деген өрекшे ат та қойылған.

Мысалы, анахистер К. Маркстің материалистік ілімін теріске шығарғысы келген болатын, осы мақсатпен олар: «идеологияны тамақ билемейді» деп дәлелдеді. Бұл тезисті дәлелдеу қыйын емес, бірақ оның К. Маркстің іліміне ешқандай қатынасы жоқ. Үйткені К. Маркс идеологияны тамақ билейді деп ешуақытта айтқан емес; қайта оған көрісінше, бұл тезистің дұрыс емес екендігін көрсеткен болатын.

Бізге қарсы көзқарастың өкілдерімен саяси күрес жүргізгенде буржуазияның және оның агенттерінің тезисті әдейі ауыстырмақ болған әрекеттерін жиі кездестіруге болады.

«Тезисті әдейі ауыстырудың» бір түрі: **кім де кім шамадан аса көп дәлелдесе — ол ешнәрсе де дәлелдемейді** деп аталады.

Мысалы, Грециядағы кейбір монахистер, фашистік тәртіпке қарсы шыққан Демократиялық армияның жауынгерлеріне жала жаппақ болып, бір топ жауынгерлер албан-грек шекарасынан емің-еркін өтіп, Албанияға кіріп кетті дегенді айтты. Өздерінің айтқандарын дәлелдеу үшін монахистер шекараның бір жерінде тұнде қалта фонарының оты жылтылдағанын расқа шығармакшы болды.

Сүйтіл, грек патриоттарының шетелмен байланысты екенін дәлелдемекші болып, монахистер басқа тезисті, шекарада қалта фонарының оты жылтылдаған қөрінді деген тезисті дәлелдемек болды. Егер тіпті дұрысында да шекарада фонардың оты жылтылдаса, одан Демократияшыл армияның жауынгерлері шекарадан өтті деп айтуда мүлде болмайды (олар шекаралық күзеттегі солдаттар немесе жергілікті шаруалар, тағы басқалар болуы мүмкін).

Асыра көп дәлелдемек болған монахистер ³ тезистерін дәлелдей алмай қалды.

«Тезисті әдейі ауыстыру» қатесінің екінші түрі де бар, ол — өте аз дәлелдеу. Мәселең, біреу бір заттың бір түйірін алып, бұл — металл, үйткені ол электрді өткізеді де, жалғыз бұл — жеткіліксіз дәлелдеу болады, себебі электрді тек металл ғана емес, графит, тағы басқалар да өткізеді.

Өте аз дәлелдеу дегеніміз — ешнэрсені дәлелдемеу деген сөз.

«Тезисті әдейі ауыстыру» қатесінің тағы бір түрі «адамның жеке басына жармасу» деп аталады.

Бұл қателік, әсіресе, таласта, айтыста жиі кездеседі. Оның мәнісі—бір тезистің ақыйқаттығын (немесе жалғандығын дәлелдеу) сол тезис туралы пікір айттып, тезисті қорғаған адамның жетістік немесе кемшілік жағын айтумен ауыстырылады. Мысалы, айтылған пікірдің жалған екенін дәлелдемекші болып, ол пікірді айтқан адамның жеке басының кемшіліктерін көрсетеді.

Сүйтіп, дәлелдеудің екінші ережесі былай дейді:

Тезис тепе-тен болып отыруы керек, яғни бұрын қандай болса, дәлелдеудің өн бойында сондай болуы керек.

Ұшінші ереже. Дәлелдеудің алдыңғы екі ережесі тезиске қатынасты ережелер. Сонымен бірге, дәлелдерге немесе аргументтерге қатынасты ережелер де бар. Дәләл дегеніміз ешбір күмандануға болмайтын ақыйқат пікір екенін біз білеміз. Бір де бір дәлелдеу жалған неғізде құрыла алмайды. Мұнан дәлелдеудің мынадай үшінші ережесі шығады:

Тезисті қуаттау үшін келтірілген дәлелдер күмансыз ақыйқат болуы керек.

Дәлелдеудің үшінші ережесінің ең бір елеулі бұзылуы **негізінен адасу** деп аталатын логикалық қате болып табылады.

Оның мәнісі сол, тезис теріс дәлелдермен негізделеді. Мәселең, оқымыстылар Коперникке дейін Күн Жерден айналады деп, осы сыяқты қателік жасады. Жану процесін түсіндірудегі қателік флогистон теориясы болды; бұл теорияны заттар салмағының сақтау заңын ашқан орыс ғалымы М. В. Ломоносов бекерге шығарды.

Көптеген биологтар бірнеше он жылдар бойына өздерінің теориялық енбектерінде органикалық тіршілік тек қана клеткадан пайда болады деген жалған қағыйданы негізге алып келді. О. Лепешинскаяның ашқан көрнекті жаналығы бұл сыяқты «негізінен адасуды» бекерге шығарды, ал мұның өзі буржуазия биологы Вирховтың жалған алғышарттарынан туған, органикалық формалардың мәнгі жасайтындығы туралы, өздігінен жаралудың мүмкін еместірі туралы ғылымға қарсы пікірлерінің күлін көккө ұшырды.

Үшінші ереже: дәлелдеуді жалған негізде құрманадар.

деп сактандырады. Жалған дәлелдерден ақыйқат кортынды шығаруға болмайды.

Төртінші ереже. Бірақ әрбір ақыйқат дәлел тезиске жеткілікті негіз бола ала ма? Жоқ, әроір ақыйқат дәлел тезиске жеткілікті негіз бола алмайды. Тезистің куаттау үшін таласта дұрыс дәлелдер келтірушілік тәсілдер болады; бірақ олар алға ұсынылған қағыйданы дәлелдей алмайды.

Дәлелдеудің барысындағы бұл сыйқты қателік: «Шықпайды», «болмайды», деп аталады.

Екінші сөзben айтқанда, дәлелдеуді керек ететін қағыйда оны қуаттау үшін келтірілген дәлелдерден шықпайды.

Мысалы, Жердің шар тәрізді екенін дәлелдеу үшін мынадай дәлелдер өте көп келтіріледі:

1) кеме жағаға жақындалап келе жатқанда горизонтта ең әуелі маңттаның үшін көрінеді, содан кейін барып кеменің өзі толық көрінеді;

2) жоғары көтерілгенде көздің көру ауданы кеңейеді және горизонтта көрінетін нәрселермен екі арадағы қашықтық ұзарады;

3) Күн батқаннан кейін күн сәулесі биік үйлердің төбесін, таудың төбесін және бұлтты шалса, кейінірек таудың төбесі мен бұлтты ғана шалады, ал одан да кейінірек тек бұлтты ғана шалады;

4) жер шарын айналып шығу саяхаты.

Бірақ бұл дәлелдерден Жер шар тәрізді деп айтуға «болмайды». Бұл дәлелдер айтылған тезистің негіздей алмайды. Олар тек жер бетінің дөнесі екенін, формасының түйік екенін, оның кеңістікте оқшау тұратынын, жердің аспанмен тиісетін шеті өш жерде жоқ екенін көрсетеді.

Мұның осылай екенін өзінің астрономия жөніндегі окулығында профессор Б. А. Воронцов-Вельяминов өте дұрыс көрсеткен. Жердің шар тәрізді екені басқа дәлелдермен дәлелденеді, атап айтқанда:

1) Жердің кай орнында тұрсақ та, горизонт шенбөр сыйқты болып, ал горизонттың алдыңыры күллі жерде бірдей сыйқты болып көрінеді.

2) Ай тұтылған кезде Жердің айға түскен көлеңкесі дөнгелек пішінді болады, ал дөнгелек пішінді көленке, қандай орналаспасын, тек шардан ғана түседі.

Дәлелдерден тезис шықпайтын жағдайда логикалық

қате жібермеу үшін дәлелдеудің төртінші ережесін қолдану керек.

Дәлелдер тезис үшін жеткілікті негіз болуы керек.

Бұл ережені өрескел бұзғандықтың бірі логикада салыстырмалы мәнде айтылғаннан толық мәнде айтылғанға қарай деп аталатын логикалық қате болып табылады.

Бұл қатенің мәнісі мынау; белгілібір жағдайда белгілібір жағынан ғана дұрыс дәлелді, біз барлық жағдайларда толық алып, тезистің дұрыс негізі ретінде келтіреміз.

Бұл ереже, көбінесе, талас үстінде бұзылады. Оппонент бір пікірді шек қойып мойындарапақ болады, содан кейін ол пікірді ешбір шек қойылмай мойындалған пікір тәрізді етіп дәлелдей бастайды.

Мәселен, кітап туралы таласқан кезде, оған қатынасушылардың біреуі, кітапта жақсы суреттер бар дегенді айтты да, екіншісі бұл «жақсы» деген бағаны бүкіл кітапқа қатысты қолданың, сонда екіншісі жоғарыда айтылған «салыстырмалы мәнде айтылғаннан толық мәнде айтылғанға қарай» делінетін қате жіберді. ✓

Бесінші ереже. Дәлелдің ақыйқаттығы тезистен шығарылуға тиісті емес. Бұған дәлелдеудің бесінші ережесі тыым салады, онда былай делінген:

Дәлелдер ақыйқаттығы жағынан тезистен тәуелсіз өз алдына дәлелденген пікірлер болуы керек.

Ерте заманнан бері логикада «қырық шенбер» деп аталып келе жатқан логикалық қате жіберу осы ережені бұзғандық болып табылады.

Оның мәні мынадай: тезис дәлелдермен негізделеді, ал дәлелдер тезистің жәрдемімен негізделеді. Екінші сөзбен айтқанда қандай да болса бір қафыда сол қафыданың өзі арқылы дәлелденеді.

1948 жылы болған Дунай конференциясындағы буржуазия дипломаттарының пікірлеулері осы «қырық шенберге» мысал бола алады. Англияның делегациясы Дунай өзеніндегі кеме қатынасы туралы 1921 жылры конвенция күшін жойған жоқ деген өзінің пікірін, сол конвенцияның өзімен дәлелдемек болды.

1921 жылғы конвенцияның бар екендігіне, оның әлі күшін жоймағандығына сол конвенцияның өзі дәлел ретінде келтіріледі. Бұл өте күлкілі жағдай дейді А. Я. Вышинский. Дәлелдеудің мұндай тәсілі логикада «соны соның өзі арқылы» дәлелдеу деп аталады. Бірақ

мұндай тәсілмен ешнәрсөні де дәлелдеуге болмайды, үйткені мұның өзі қырсық шеңбер болып отыр, одан жол тауып шығу мүмкін емес.

Буржуазия дипломаттарының пікірлеулері Мольердің «Өтірік ауру» деген пьесасындағы дәрігердің берген түсінігін еске түсіреді. «Апыйың неге үйықтатады?» деген сұраққа ол: «апыйынның үйықтату себебі, оның үйықтатқыш күші бар», деп жауап қайтарды.

- Алтыншы ереже. Егер алдыңғы екі ереже тезиске қатысты, ал одан кейінгі үш ереже дәлелдерге қатысты болса, дәлелдеудің алтыншы ережесі тезистің дәлелдерге қатысын баяндайды.

Бұл ереженің тұжырымдамасы мынадай:

«Тезис дегеніміз — ой қортындысының жалпы ережелері бойынша логика жолымен дәлелдерден шығатын қортынды болуға тиіс.

Бұл ереженің бұзудың жиі кездесетін түрі: «терминдердің төртеу болып кетуі» деп аталатын логикалық қате. Мысалы, «Тотығудан соң күл мен құрым қалады» деген дұрыс емес тезисті дәлелдеу үшін мынадай дәлелдер келтіріледі:

Тотығу дегеніміз — жану.

Жанудан кейін күл мен құрым қалады.

Бұл дәлелдерден мынадай қортынды жасалады: «Олай болса, тотығудан соң күл мен құрым қалады». Бірақ бұл тезис ой қортындысын дұрыс жасамау арқылы дәлелденген. Ой қортындысын жасағанда «силлогизм» туралы тараудан бізге мәлім болған қате жіберілген.

Бұл дәлелдеуде силлогизм ережелерінің талап етуі бойынша үш термин болудың орнына төрт термин бар, «жану» деген сөз екі мағнада қолданылады: бірінші пікірде «жану» деген сөз химияда қандай мағнада қолданылатын болса, мұнда да сол мағнада қолданылып отыр; ал химиядағы жану процесінде күл мен құрымның бөлініп шығуы шарт емес екені мәлім; екінші пікірде жану деген сөз күнделікті тәжрибедегі мағнада қолданылып отыр.

Терминдердің төртеу болып кету қатесі — логиканың тепе-тендік занын бұзғандықтың нәтижесі. Бұл дәлелдеуде «жану» деген сөз екішты мағнада қолданылып отыр, мұндай болуға тепе-тендік заны тыйым салады.

Индукция туралы тараудан мәлім болған асығыс

қортынды жасау, «содан кейін — олай болса, соның себебінен» деген логикалық кателер дәлелдеулерде бізге өте жиі кездеседі.

§ 5. Бекерлеу

Бір тезистің жалған немесе негіzsіz екенін дәлелдеуді бекерлеу деп атайды.

Тезисті бекерлеу мынадай бес түрлі тәсілмен іске асырылады:

1) Оппоненттің келтірген тезисін бекерлеудің нағыз сенімді және ұтымды жолы — **фактылармен бекерге шығару**.

Егер кейбір тезистің жалған немесе негіzsіz екенін дәлелдегендеге тезиске ақыйқат қайшы келетін нәрселер, құбылыстар, уақыйғалар келтірілсе, онда бекерлеудің толық орындалғаны. Үйткені факты — өз дегені болмаса, көнбейтін нәрсе.

2) **Оппоненттің өз тезисін негіzдеуге келтірген дәлелдері сыналады.**

Мұндағы мақсат — бекерленетін дәлелдердің жалған немесе негіzsіz екенін дәлелдеу болады. Егер бұл іске асса, онда тезис дәлелденбей қалады.

3) **Бекерленетін дәлелдеу тезисінің ақыйқаттығы тезисті қуаттау үшін келтірілген дәлелдерден шықпайтындығы дәлелденеді.**

Мәселен атом қуатына бақылау орнату комиссиясының бір мәжілісіне АҚШ, Англия және Франция делегациялары өзара бас қосып жазған баяндама табыс етті. Баяндама комиссия «түйікқа тірелді» деген мәлімдемемен басталды. Баяндаманың көртындысында: Совет Одағының келісімге келмеу нәтижесінде комиссияның өкілдік шенберіне сыймайтын жағдай туды, сондықтан комиссия өзінің жұмысын тоқтату туіс, ал бақылау туралы мәселе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының таллқылауына берілсін делінді.

Комиссия мәжілісінде шығып сөз сөйлеген совет өкілі үш мемлекеттің бұл ұсынысына қарсы шықты. Талас жоқ, атом қуатына бақылау орнату комиссияның атом қуатына халықаралық бақылау орнату мәселесі жөнінде келісімге келуге шамасы көлмейтін болып шықты. Алайда одан комиссия жұмысын тоқтату керек деген сөз ту майды. Бұл мәселені Бас Ассамблеяның қарауына беру

көрек деген ұсыныс атом қуатына бақылау орнату комиссиясын қыйыншылықтан шығара алмайды. Егер комиссиядан ешбір нәтиже шыкпайтын болса, онда Бас Ассамблеядан одан артық нәтиже шығады деп ойлауға ешқандай негіз жоқ.

АҚШ, Англия және Франция делегацияларының келтірген дәлелі американ империалистері тықпалаған тезисті дәлелдей алмады. Атом қуатына бақылау орнату комиссиясындағы совет делегаты, бұл жағдайды анықтағаннан кейін, АҚШ, Англия және Франция делегацияларының барлық аргументтерінің негіzsіз екенін дәлелдеді. Сүйтіп, ол Уолл-стрит дипломаттарының ұсынған тезисінің дәлелсіз тезис екенін жүрттың бәріне айқын көрсетті.

4) Бекерленетін тезиске қайши келетін жаңа тезис өзалдына бөлек дәлелденеді.

Бекерленетін тезис үшіншісі жоқ заңға сәйкес жалған деп танылып, теріске шығарылуы көрек.

5) Бекерленетін тезистің өзінің жалған екендігі дәлелденеді.

Бұл жағдайда былай істеледі: бекерленетін тезис уақытша ақыйқат деп танылады, содан кейін одан ақыйқатқа қайши келетін салдар шығарылады.

Бекерлеудің көрсетілген бес тәсілін біз бір-бірінен бөлек алып қарастырдық. Олардың әрқайсысын жақсы түсіну үшін осылай істедік. Ал іс жүзінде қандай бекерлеу болмасын, бұл тәсілдердің бірнешеуін бірдей колдануға тұра келеді.

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҮРАҚТАР

1. Пікірді негіздеу дегеніміз не?
2. Қандай пікірлер логикалық негіздеуді көрек етпейді?
3. «Дәлелдеу» деген сөздің қандай үш мәні бар?
4. Қандай да болмасын пікірдің ақыйқаттығын дәлелдеу дегеніміз не?
5. Тезис деген не?
6. Негіз деген не?
7. Дәлелдеудің тәсілі дегеніміз не?
8. Тікелей дәлелдеу деген не? (Мысал келтіріндер).
9. Жанама дәлелдеу деген не? (Мысал келтіріндер).
10. «Қызынсыздыққа соктыру» деген не?
11. Дәлелдеудің қандай ережелері бар?
12. «Тезисті алмастыру» деген логикалық қатенің мәні неде? (Мысал келтіріндер).
13. «Кім де кім асыра дәлелдесе,— ол ешиәрсе дәлелдей алмайды» деген логикалық қатенің мәні неде? (Мысал келтіріндер).

14. «Негізінен адасу» деген логикалық катенің мәні неде? (Мысал келтіріндер).
 15. «Негізді алдынала болжап шешу» деген не?
 16. «Шыкпайды» деген логикалық катенің мәні неде? (Мысал келтіріндер).
 17. «Салыстырмалы мәнде айтылғаннан, толық мәнде айтылғанға карай» деген логикалық катенің мәні неде? (Мысал келтіріндер).
 18. Дәлелдеудегі «қырсық шенбер» дегеніміз не?
 19. «Терминдердің төртеу болып кетуі» деген не?
 20. Бекерлеу дегеніміз не?
 21. Бекерлеудің кандай тәсілдерін білесіндер?
-

ЛОГИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

Ұғым

1. Мына ұғымдардың мәнді белгілерін айтып беріңдер: «социализм», «комсомолецтер», «колхозшылар», «театр», «пионер», «қабырга газеті», «кооперация», «скульптура», «мектеп», «окулық».

2. Төмендегі ұғымдардың көлемі мен мазмұнын көрсетіңдер: «совхоз», «астана», «ордендылар», «нормасын артығымен орындағын жұмысшы».

3. Төмендегі ұғымға шектеу және жалпылау жүргізіңдер: «ғылым», «математика», «геометрия», «корганизм», «жәндік», «адам», «Павел», «жұмысшы», «әдебиет», «студент».

4. Төмендегі ұғымдарды шектеу және жалпылау дұрыс жүргізілген бе:

- 1) «Ауылшаруашылық машинасы» — «машина» — «веялка»;
- 2) «гипотенуза» — «тікбұрышты үшбұрыштың ең үлкен қабырғасы».
- 3) «тік бұрыш» — «90° бұрыш» — «шенбердің ішіне сызылған тік бұрыш».

5. Мына ұғымдардың бір-біріне катынасы қандай: «окушылар»—«комсомолецтер»; «Аудандық совет депутаты» — «сайлаушылар»; «Алматы» — «Актөбе»; «ғалымдар» — «жұмысшылар»; «станок» — «физикалық аспап»; «ортал мектеп» — «институт»; «кундіз» — «тұн» — «таулік»; «дастан» — «кара сөз»; «жаяу әскер» — «атты әскер» — «артиллерия»; «вагон» — «поезд»; «трактор» — «трактор заводы».

Төмендегі ұғымдарға қарама-карсы ұғымдарды көрсетіңдер: «пролетариат», «құрылық», «жарық», «солтүстік полюс», «соғыс», «бостандық», «шу», «қіріс», «сұлу».

6. Төмендегі ұғымдардың өзара қандай катынасы бар: «қорапсы», «клуб», «үй», «саман үй», «сарай», «Советтер Сарайы». «Қызық сарай».

7. Төменде келтірілген анықтамалардың қайсысы дұрыс, қайсысы дұрыс емес, олардың дұрыс еместігі неде:

- а) «Айтылған сөз — атылған оқ, қайтарып ала алмайсың».
- б) Гипотенуза дегеніміз тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышына карсы жатқан қабырғасы.
- в) Ауа — оттегі емес.
- г) Дәңгелек тік цилиндр дегеніміз тікбұрышты төртбұрышты: қозғалмай тұратын бір қабырғасынан айналдырғанда пайдә болатын дene.
- д) Дәңгелектің диаметрі дегеніміз шенбердің екі нүктесін қосатын түзу сыйык.

- е) Логика дегеніміз — ойлау туралы ғылым.
8. Төмендегі бөлуді дихотомиялық деп есептеуге бола ма: жануарлар омыртқалыларға және омыртқасыздарға бөлінеді?
9. Төменгі бөлулерді қарандар, егер оларда қателік болса көрсетіңдер.
- Транспорт — құрғак жол транспорты, су транспорты, аяу транспорты және қалалық транспорт болып бөлінеді.
 - Сандар—бүтін, бөлшек, аралас, атаулы және атаусыз сандарға бөлінеді.
 - Бұрыштар — түзу, доғал, сүйір, сыйбайлас, вертикаль бұрыштарға бөлінеді.
 - Климат — теңіздік, континентальдық, тропикалық, қоныр жай және сүкік климат деп бөлінеді.
 - Жануарлар — жыртқыш, жыртқыш еместерге бөлінеді.
 - Тұс — айқын, сүйімді, қара түске бөлінеді.
 - Физикалық денелер — қатты, сұйық, газ тәрізді денелерге бөлінеді.
 - Жарық — жасанды, ай, күн жарығына бөлінеді.
 - Адамдар — еркек, әйел, балаға бөлінеді.
 - Үй — тәбе, қабырга, бөлмеге бөлінеді.

Пікір

1. Төмендегі пікірлерге толық логикалық анализ беріндер.
 - «Адам өтіркө беріліп кетсе, ақыл мен таланттан жүрдай болады» (Белинский).
 - «Дүшпан берілмесе, оны құрттар болар» (Горький).
 - «Материалистік көзқарас дегеніміз — тек табиғат өзі қандай болса, оны ешбір басқа косымшаларсыз, сол өз қалпында үғу деген сөз» (Энгельс).
- Төмендегі пікірлер сан жағынан пікірдің қай түріне жатады:
 - «Судан женіл металл ете аз».
 - «көп планеталар — салыстырып айтканда, кішкентай денелер».
 - «Ерлігі үшін» медалымен наградталғандар совет мемлекетінің дүшпандарымен күрескенде батырлықтың, ержүректіліктің және ерліктің үлгісін көрсетіп, мемлекеттік міндеттерін аткарғанда басқаларға үлгі болулады керек».
2. Төмендегі пікірлерге логикалық сыйпаттама беріндер:
 - «Теория практикаға қызымет етуи тиіс».
 - «Жоқ, ешуақытта коммунарлар құл болмайды»..
 - «Кім дүшпанды жек көрмесе, оның достарға да махаббаты жоқ».
 - «Су катты денеге айналуы мүмкін».
 - «Корқак ажалынан бұрын өлеңді, батыр өлімді тек бірақ рет көреді».
3. Төмендегі пікірлерге логикалық сыйпаттама беріндер:

«ССРО-да: «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген социализм принципі іске асырылып келеді».

 - «Гүлі жоқ өсімдіктер жиі кеңедеседі».
 - «Аксиомалар өзінен-өзі анық».
 - «Санырауқұлақ орманда өседі».

«Егер үшбұрыштың бір бұрышы басқа екеуінің әркайсысынан үлкен болса, онда үшбұрыш тікбұрышты болуы мүмкін».

«Іске уақыт — күлкіге сағат».

«Тұтін шыққан жерде, от та бар»,

«Жер бауырлап үшқан қарлығаш — жаңбырдың хабаршысы».

4. Мазмұны мен логикалық формасы жағынан төмендегі пікірлерге мәні тәң пікірлер түзіндер:

а) «Жылтырағаның бері бірдей алтын емес».

б) «Жүк көтерсөң ауыр деме».

в) «Батылдық қамал бұзады».

5. Мазмұны жағынан төмендегі пікірлерге тәң мәнді пікірлер түзіндер:

а) «Кім де кім Россияға шын ниетімен адал қызмет еткісі келсе, ол адамның Россияға деген сүйіспеншілігі күшті болуы керек» (Гоголь).

б) «Европамен таласу болып па бізге жаңалық?

Әлде орыстар жеңістен көріп пе еді жаңылып?» (Пушкин).

в) «Бүкіл Россияның Бородина күнін ұмытпауды тегін емес» (Лермонтов).

г) «Отанды қорғау — ССРО-ның әрбір азаматының қасиетті борышы».

6. Төмендегі пікірлерді жалпы пікірлер деп айтуда ~~бола ма?~~

а) «Менің кітапханамдағы кітаптардың барлығы да түптелген».

б) «Менің кітапханамдағы барлық кітаптың салмағы екі тонна болады».

Осы пікірлердегі «барлық» деген сөзге түсінік беріндер.

7. Төмендегі пікірлерді айқын логикалық формаға келтіріндер:

а) «Орынды айтылған сөз — баспасөзден де күштірек».

б) «Себепсіз салдар болмайды».

в) «Осында отыргандардың бәрінің бірдей значогі жоқ».

г) «Сіздің істеген ісіңізді қажетті емес деп айтуда болмайды».

е) «Еңбектеп өмір сүргеннен, тік тұрып өлген артық».

д) «Жоқ, менің Москвам оған бас июге барған жоқ».

8. Төмендегі пікірлерді ауыстырыңдар:

а) «Оныншы кластың барлық окушылары мектеп бітіру емтиханын беріп жатыр».

б) «Кейбір әйелдер — дәрігер».

в) «Материясыз қозғалыс жоқ».

Ой қортындысы

1. Төмендегі силлогизмдердегі кателерді көрсетіндер:

а) «Класс бөлмелері ауасын тазартуды керек етеді; мына бөлме — класс бөлмесі емес; олай болса, ол ауасын тазартуды керек етпейді».

б) «Кейбір жыландар — улы; су жылан да — жылан, олай болса, су жылан да — улы».

в) «Кейбір минералдық заттар жанғыш; мұнай жанғыш; олай болса, мұнай минералдық зат».

г) «Оранжерея есімдіктері жылылықты жақсы көреді; мынау есімдік жылылықты жақсы көреді; олай болса, бұл оранжерея есімдігі».

д) Қыстырма сөздер үтірмен бөлінеді; синтаксистік мысалдағы сөздердің бірі үтірмен бөлінген; олай болса, сол сөз қыстырма сөз.

е) «Әрбір дұрыс силлогизмде үш термин болады; мына силлогизмде үш термин бар; бұл силлогизм — дұрыс силлогизм».

ж) «Мен логиканы оқыған А-дан тәуір пікірлеймін; олай болса, маған логиканы оқу қажет емес».

2. «Күйісті жануарлар жыртқыш емес; арыстан — жыртқыш жануар». Кандай кортынды шығару керек? Осы силлогизмнің фигурасын анықтандар.

3. Төмендегі силлогизмдердің фигуralарын анықтандар:

а) «Болгарлардың барлығы да славян халқына жатады; Болгарияның кейбір адамдары славяндар емес; Болгарияның кейбір адамдары болгарлар емес».

б) «Уақытын босқа, өнімсіз өткізетіндердің барлығы жұмысында жетістікке жете алмайды; кейбір оқушылар уақытын босқа, өнімсіз өткізеді; кейбір оқушылардың жұмысында жетіскендік жоқ».

4. Кортынды жасап, төмендегі силлогизмнің фигурасын анықтандар:

«Барлық металдар — электрді өткізеді; кейбір заттар электрді өткізбейді».

Төмендегі пікірлеудің логикалық сыйпатын анықтандар және одан кортынды шығарындар:

«Егер менің музыкаға қаблетім болса, онда консерваторияға түсken болар едім; бірақ мен консерваторияға түспедім».

5. «Қыйыншылықтан корықкан адам батыр емес; ол қыйыншылықтан корқады». Кортындысы кандай? Фигурасы кандай?

6. «Страустар үшпайды; страустар — құс». Кандай кортынды шығады? Фигурасы қайсы?

7. «Кейбір дәрілер — у; барлық дәрілер сауығудың құралы». Кандай кортынды шығады? Фигурасы қайсы?

8. Терістеуші кортынды силлогизмнің қайсы фигурасына пегізделеді?

9. Математикада силлогизмді колданудың мысалын келтіріңдер.

10. Силлогизм арқылы мына пікірдің дұрыстығын дәлелдендер: «Вертикаль бұрыштар өзара тең».

11. Мына алғышарттарға кортынды жасандар: «Құрал колданбай, жай көзбен карағанда көрінбейтін жәндіктер бар». «Барлық жәндіктер — организм».

12. «Ақ сәүлеменің өтуінің нәтижесінде спектр пайда болады; күн ашық болып турғанда үйдің еденінде спектр пайда болды». Кортындысы кандай? Қай фигура бойынша шықты?

13. «Кейбір комсомолецтер — шахматшы емес; кейбір шахматшылар — спортсмен». Кортындысы кандай?

14. «А портынан шықкан кемелердің бәрі қарантинға үшіруау керек еді; мына кеме А портынан шыққан жоқ». Кандай кортынды жасау керек?

15. «Жанудан жылылық шығады. Жану химиялық процесс». Кортынды жасандар және оны түсіндіріңдер.

16. «Жыландарда аяқ жоқ, жыландар — жануар». Кандай кортынды шығару керек?

17. «Өсімдік тыныс алады, ал адам өсімдік емес». Қандай кортынды шығару керек?

18. Тәмендегі сіллогизмнің дұрыстығын тексеріңдер: «Металл — еместің барлығының магниттік тарту қаблеті жоқ; көміртегі — металл емес: көміртегінде магниттік тарту болмайды».

Тәмендегі пікірлеудерді талдандар:

а) «Кітаптар — білім мен ракаттың бұлағы; логарифма таблицасы — кітап; олай болса, логарифмалар таблицасы — білім мен ракаттың бұлағы».

б) «Кінәрәтсіз ереже болмайды дейді. Бұлай деудің өзінің ережелік маңызы бар. Олай болса, мұның өзінде де кінәрәт бар».

в) «Алғышарттары жалған болса, кортынды да жалған; мына бір сіллогизмде жалған кортынды бар; олай болса, оның алғышарттары жалған». Осы пікірлеу дұрыс па?

19. Тәмендегі сіллогизм дұрыс па? «Темір магнитке тартылады: мына шеге магнитке тартылады; бұл темір шеге».

20. «Барлық студенттер емтихан тапсырып жүр; барлық студенттер — окушы». Қандай кортынды шығару керек?

21. Егер екінші фигурада үлкен алғышарт жеке пікір болса, кортынды шығаруға бола ма?

22. Не себепті сіллогизмнің үшінші фигурасында кіші алғышарт терістеуші пікір болуы мүмкін емес?

23. Тәмендегі шартты сіллогизмдерде кортынды дұрыс жасалған ба, соны көрсетіңдер.

а) «Егер кар жауып тұрса, күн жылы болады: бүгін күн жылы, олай болса, кар жауып тұр».

б) Тұтін бар жерде от та бар; тұтін жоқ; олай болса, отта жоқ».

в) «Егер көшетті суармаса, ол солып қалады; көшет суарылмады, ол солып қалды».

г) «Егер есеп кыйын болса, онда оны шығаруға анағұрлым көп уақыт кетеді; есепті шығаруға көп уақыт кетті; олай болса, ол кыйын есеп».

д) «Егер магнитті қатты ұрса, онда ол магниттік қасиетін жояды; магнитті ұрған жоқ; олай болса, оның магниттік қасиеті жойылған жоқ».

е) «Егер тәмен құлап келе жаткан допқа басқа күш әсер етпесе, онда ол өзінің сол бағытынан аумайды; доптың бағыты өзгерді, олай болса, оған басқа күш әсер еткені».

24. Сіллогизмнің жетпелтін бөлімін косындар:

а) «Кемелер шығанаққа ете алмай тұр, олай болса, шығанақ катып қалған».

б) «Егер безгек болған адам хина ішсе, онда температурасы тәмендейді; оның температурасы тәмендеген жоқ».

25. Логикалық тұрғыдан мына сіллогизмге талдау жасандар»: «Егер суда күкірт кальций тұзы көп болса, сол суда сабын нашар көпіреді. Нева өзенінің сүйнінда сабын жаксы көпіреді.

26. Ертедегі Гречияның атакты софисты — Протагордың Эватл деген шәкірті болған. Оқыту ақысын ол екі мезгілде төлейтін болған, ақының екінші бөлімін, Эватл өзінің сottaғы бірінші процесінде ұтып шыкканнан кейін төлемекші болып келіскең. Эватл сottaғы жұмысына біраз уақыт катынаспай койған соң, Протагор

акысын сот арқылы талап етпекші болып, Эватлға мынадай дилемма койған: «Егер сен біздің процесімізде ұтып шықсан, онда біздің шартымыз бойынша төлеуге тиістісін, ал егер сен біздің процесімізде ұтылып қалсан, онда сottың үкімі бойынша төлеуге тиістісін; бірақ сен процесте не ұтасын, не ұтылып шығасын; олай болса, бәрібір, сен маган тиісті соманы төлеуге тиістісін». Эватл өған қарсы дилеммамен жауап кайырды: «Егер мен біздің процесте ұтып шықсан, онда сottың үкімі бойынша төлемеуге тиістімін; егер мен процесте ұтылып қалсам, онда біздің шартымыз бойынша төлеуге тиіс емеспін; бірақ процесте не ұтып шығам, не ұтылып қаламын; олай болса, мен ол ақшаны ешбір жағдайда төлеуге тиісті емеспін». Таласты қалай шешуге болар еді?

27. Төмендегі энтилемаларды қайта қалпына келтіріндер және сонымен бірге силлогизмің қай бөлімін қалпына келтіріп отырғандарынды көрсетіндер.

- а) «Мыс—электрді жақсы өткізеді, үйткені барлық металдар электрді жақсы өткізеді».
- б) «Ол қызырып кетті, олай болса — ол айыпты».
- в) «Сен корқақсын, олай болса, менің балам емессін».

28. Егер ауа коңырауының астында дыбыс берілсе, ол дыбыс коңыраудың ішінде ауа болса ғана естіледі. Ал егер коңыраудың ішінде ауа жоқ болса, онда дыбыс естілмейді. Қандай әдіс колданып, қандай көртынды шығару керек?

29. Ауа райын бакылаудан белгілі болған халық тәжрибелері бар. Мәселен: «Егер қарлығаш төмендеп ұшса, онда жаңбыр жауады. «Егер күн қызырып батса, онда жел түрады» және тағы баскалар. Бұл мысалдарды ой көртындысының кайсы түріне жатқызуға болады? Ой көртындысының бұл түрінің кемшілігі неде?

30. Жокқа сенгіш адамдар: «Дүйсенбі — сәтсіз күн», «тұз шашылып қалса,— ұрыс-жанжал болады» деп есептейді және т. с. с. Мұндай жокқа сенушілік логикалық катенің кай түрі болады?

Логикалық терминдер сөздігі

А.

Абстракция — абстракция
Ажыратушы пікір — разделяльное суждение
Аксиома — аксиома
Алмастыру (ұғымды, тезисті) — подмена (понятий, тезиса).
Альтернатива — альтернатива
Алғышарт — предпосылка, посылка.
Аналогия (ұқсастық) — аналогия
Ажырату — различение
Амал — действие, способ
Анализ (талдау) — анализ
Аныктама — определение
Аныктық — ясность, четкость
Аныктауши — определяющий
Аныкталуши — определяемый
Антитезис — антитезис
Айқындылық — определенность
Айырмашылық — различие
Айналдыру — превращение
Айқындау — уточнение
Аңғару — понимать
Аподиктикалық — аподиктическое
Апогогикалық — апогогическое
Аргумент — аргумент
Ассерториялық — ассерторическое
Асығыс, көртүнді — поспешное обобщение

Ауыстыру — обращение
Акыйкат — истина
Ақыл — ум

Б.

Бақылау — наблюдение
Бағыныштылық — подчинение.
Бағыныңцы — подчиненное
Барындыруши — подчиняющее.
Байланыс — связка, связь
Байланыстыру — связать
Бастауыш — подлежащее
Баяндауыш — сказуемое
Бейне — образ
Бейнелену — отображение, отражение
Белгі — признак
Бекерлеу — опровержение
Білу — знание, познание
Болмыс — бытие, действительность
Болжау — предвидение
Бөлу — деление
Бөлу мүшесі — член деления
Бөлік — часть
Бұрыстық — неправильность.

Д.

Даму — развитие
Дара — единичное
Демонстрация — демонстрация
Дедукция — дедукция
Дерексіз ұғым — абстрактное понятие

Дәлелдеу — доказательство
Дәлел — довод
Дәйектілік — последователь-
ность
Дәлдік — точность
Дихотомия — дихотомия
Дұрыстық — правильность
Дүнние — мир

Г.

Тенетикалық — генетическое
Гипотеза (болжау) — гипо-
теза
Гипотетикалық — гипотетиче-
ское

Е.

Елестеу — представление
Ереже — правило
Ерекшелеуші пікір — выделяю-
щее суждение
Ерекшелік — особенность

Ж.

Жалпы — общее
Жалғандық — ложность
Жалпықстаушы — общеут-
вердительное
Жалпытерістеуші — общеотри-
цательное
Жалпылау — обобщение
Жанама — косвенное, опо-
средствование
Жасанды (классификация
— искусственная (классифи-
кация)
Жекеше — частное
Жекеше костаушы — частно-
утвердительное
Жекеше терістеуші — частно-
отрицательное
Жекетүрі — разновидность
Жеткілікті негіз — достаточ-
ное основание
Жорамал — предложение
Жыйнактаушы (үфим) — со-
бирательное (понятие)

З. Зак — закон
Зат — вещь
Зандылық — закономерность
Зерттеу — исследование, изу-
чение

И.

Идея — идея
Индукция — индукция
Индивид — индивид

К.

Категория — категория
Кесімді (шартсыз) — категори-
ческое (безусловное)
Классификация — классифи-
кация
Көлем — объем
Көрсету — указание
Көрнекілік — наглядность
Көңіл аудармау — отвлечение
Күмандану — сомнение

Л.

Логикалық — логический
Логикалық класс — логичес-
кий класс

М.

Материя — материя
Материялық — материальность
Мазмұн — содержание
Маңыз — значение
Модальдық — модальность
Модус — модус
Мінездеме — характеристика
Мүмкіндік — возможность
Мүшелеу — расчленение
Мөлшерлестік — соразмерность
Мәнді (белгі) — существенный
(признак)
Мәнсіз (белгі) — несуществен-
ный (признак)
Мән — сущность

H.

Нәкты — конкретное
 Нәрсе — предмет
 Негіз — основание
 Негізділік — обоснованность
 Номинальды (атаулы) — номинальное

Субъект — субъект
 Суреттеу — описание
 Структура — структура
 Сөз — слово
 Сейлеу — высказывание
 Сынаптама — характеристика
 Сыйыспалы — совместимый
 Сәйкес — соответствие

O.

Объект — объект
 Орта (термин) — средний (термин)
 Ой қортындысы — умозаключение
 Ой — мысль
 Ойлау — мышление, размышление
 Ой күрылсы — строй мысли

P.

Практика — практика
 Предикат — предикат
 Пікір — суждение
 Пікірлеу — рассуждение
 Процесс — процесс
 Постулат — постулат

R.

Реальдық — реальность

C.

Салдар — следствие
 Саны — сознание
 Сапа — качество
 Сан — количество
 Салыстыру — сравнение
 Салғастыру — сопоставление
 Салыстырмалы — сравнимое, относительность
 Салыстырысыз — несравнимое
 Себеп — причина
 Сенімді — достоверное
 Секірмелі — скачок
 Силлогизм — силлогизм
 Синтез — синтез

T.

Тану — познание
 Таратылғандық — распределенность
 Тавтология — тавтология
 Табиғи (классиф.) — естественная (классиф.)
 Теория — теория
 Тезис — тезис
 Тек — род
 Термин — термин
 Тепе-тендік — тождественность
 Терістешуші — отрицательное
 Тіл — язык
 Тікелей — непосредственное, прямое
 Толымды — полное
 Толымсыз — неполное
 Тыскарылау — исключать
 Тұрктылық — постоянство, устойчивость
 Тұжырым — заключение
 Түр — вид
 Түсінік — понятие
 Түйсік — ощущение
 Тәжрибе — опыт
 Тәсіл — прием, способ
 Тәуелсіздік — независимость
 Тәуелділік — зависимость

У.

Уақытта — событие

Ф.

Факт — факт
 Форма — форма
 Фигура — фигура

Ш.

Шындық — действительность, правдивость
 Шарт — условие
 Шартты (пікір) — условное (суждение)
 Шартты (силлогизм) — условный (силлогизм)
 Шектеу — ограничение
 Шатасу — заблудиться, сбиться

Ы.

Ықтималдық — вероятность

Қ.

Қажеттік — необходимость
 Қабылдау — восприятие
 Қағыда — положение
 Қате — ошибка
 Қамту — охватывать
 Қасиет — свойство
 Қатынас — отношение
 Қарым-қатынас — соотношение
 Қайшылық — противоречие, противоречивость
 Қайшылықсыздық — непротиворечивость
 Қалдықтар (әдісі) — (метод) остатков
 Қарама-карылық — противоположность
 Қарсылық — противность

Қатарбағыныштылық — соподчинение
 Қортынды — вывод, заключение
 Қостаушы — утвердительное Қорғау — защита
 Қызмет — деятельность «Қырсық шенбер» — «порочный круг»
 Құбылыс — явление
 Қыскартылған (силлогизм) — сокращенный (силлогизм)

Ә.

Әнтилема — энтилема

Ұ.

Ұғым — понятие
 Ұқастық — сходство

Ү.

Үйлесу — совпадение
 Үйлеспей — несовпадение

Ә.

Әдіс — метод
 Әрекет — действие

Ө.

Өзгеріс — изменение
 Өзгешелік — отличие
 Өзаратәуелділік — взаимозависимость

МАЗМУНЫ

I. Т а р а у. Л о г и к а ғ ы л ы м ы н ы ң п ә н і ж ә н е о шың м інд ет т өрі.

§ 1. Ойлау логикасы және логика ғылымы	3
§ 2. Логикалық зандар мен формалар	3
§ 3. Ойлауды материалистік түрғыдан түсіну туралы	6
§ 4. Ойлау және тіл	7
§ 5. Логиканың маңызы	8
Пысықтауға арналған сұрақтар	10

II Т а р а у. Л о г и к а л ы қ т ә с іл д е р

§ 1. Ойлау дегеніміз болмысты жанама жолмен жоне жол- пылау арқылы тану	11
§ 2. Салыстыру	13
§ 3. Анализ және синтез	15
§ 4. Абстракциялау және жалпылау	16
Пысықтауға арналған сұрақтар	18

III Т а р а у. Ұфым

§ 1. Ұфымның мәні	19
§ 2. Ұфым және елестеу	20
§ 3. Ұфым және сөз	21
§ 4. Ұфымдардың мазмұны және көлемі	22
§ 5. Ұфымдардың мазмұны мен көлемінің арасындағы қарым- қатынасы	23
§ 6. Ұфымдарды шектеу және жалпылау	24
§ 7. Тектік және түрлік ұфымдар	26
§ 8. Ұфымдардың негізгі кластары	27
§ 9. Ұфымдардың арасындағы қатынастар.	28
Пысықтауға арналған сұрақтар	33

IV Тарау. Ұрымды анықтау және бөлу

§ 1. Ұрымды анықтаудың мәні	34
§ 2. Анықтаманың ережелері	36
§ 3. Генетикалық аныктама	38
§ 4. Номинальды аныктама	39
§ 5. Анықтамалардың маңызы	39
§ 6. Анықтаманың орнына жүретін тәсілдер	40
§ 7. Ұрымының бөлінінің мәні	42
§ 8. Бөлу ережелері	43
§ 9. Дихотомиялық бөлу	45
§ 10. Бөлуге ұқсас тәсілдер	46
§ 11. Классификация	46
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	48

V. Тарау. Пікір

§ 1. Пікірдің мәні	49
§ 2. Пікірдің құрамы	50
§ 3. Пікір және сөйлем	51
§ 4. Пікірдің түрлері	52
§ 5. Қостаушы және терістеуші пікірлер	53
§ 6. Іара, жекеше және жалпы пікірлер	54
§ 7. Пікірді сан және сапа жағынан біріктіріп бөлу	56
§ 8. Шартты, ажыратушы және кесімді пікірлер	57
§ 9. Мүмкіндік, шындық және қажеттік пікірлер	61
§ 10. Пікірдегі бастауыш пен баяндауыштың көлемі	64
§ 11. Пікірлер арасындағы қатынастар	69
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	74

VI. Тарау. Пікірлерді өзгерту

§ 1. Пікірлердің логикалық мәнін айқындау	76
§ 3. Ауыстыру	82
§ 2. Айналдыру	83
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i> : : : : :	85

VII. Тарау. Логикалық ойлаудың негізгі заңдары

§ 1. Логика заңы туралы түсінік	86
§ 2. Тепе-тендік заңы	87
§ 3. Қайшылық заңы	90
§ 4. Үшіншісі жоқ заң	94
§ 5. Жеткілікті негіз заңы	96
§ 6. Логикалық заңдардың маңызы	99
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	100

VIII. Т а р ау. Дедукциялық ой қортындылары

§ 1. Ой қортындылары туралы түсінік	101
§ 2. Силлогизмнің аныктамасы	102
§ 3. Силлогизмнің курамы	103
§ 4. Силлогизмнің аксиомасы	105
§ 5. Силлогизмнің ережелері	106
§ 6. Силлогизм фигуралары туралы түсінік	114
§ 7. Силлогизмнің жекетүрлері	115
§ 8. Фигуралардың сыйпарттамалары	116
§ 9. Силлогизмнің дүние тану жөніндегі маңызы	117
§ 10. Шартты-кесімді силлогизм	118
§ 11. Ажыратушы-кесімді силлогизм	121
§ 12. Энтимема	122
§ 13. Қурделі силлогизмдер туралы	125
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	125

IX. Т а р ау. Индукциялақ ой қортындылары

§ 1. Индукцияның мәні	127
§ 2. Толымды индукция	128
§ 3. Толымсыз индукция	129
§ 4. Ғылыми индукция	130
§ 5. Құбылыстардың себепті байланысы туралы	132
§ 6. Құбылыстардың себепті байланыстарын зерттеудің әдістері	134
§ 7. Индукция әдістерінің колданылатын жағдайлары	140
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	141

X. Т а р ау. Аналогия

<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	145
---	-----

XI. Т а р ау. Гипотеза

§ 1. Гипотезаның аныктамасы	146
§ 2. Гипотезаны тексеру	146
§ 3. Гипотеза және теория	147
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	148

XII. Т а р ау. Дәлелдеу

§ 1. Логикалық дәлелдеудің аныктамасы	149
§ 2. Дәлелдеудің курамы	155

§ 3. Тікелей және жанама дәлелдеу	157
§ 4. Дәлелдеудің ережелері	160
§ 5. Бекерлеу	166
<i>Пысықтауға арналған сұрақтар</i>	167
Қосымшалар: <i>Логикалық оқаттығулар</i>	169
<i>Лөгикалық терминдер сөздігі</i>	175

С. Н. ВИНОГРАДОВ и А. Ф. КУЗЬМИН

ЛОГИКА

УЧЕБНИК ДЛЯ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

(На казахском языке)

Казахское Государственное

Учебно-Педагогическое Издательство

Алма-Ата — 1954

Редактор Тұрғымбай А. К. Техн. редактор Юрийкин М. Н.
Корректор Оспановна.

Подписано к печати 8/II 1954 г. УГ03289. Изд. № 16. Бумага №471081.
Бумажных л. 2,875. Объем 9,43 п. л. Уч.-изд. л. 0,240. Тираж 12000 экз.
Цена 1 руб. 20 коп. Переплет 75 коп.

Алма-Атинская типография № 1 Главиздата Министерства культуры КазССР
Заказ № 1620.